Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Байжанова Зинаш Тастемировна

# Психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдану (аграрлық жоо мысалында)

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Мамандығы - 6М010300 «Педагогика және психология»

Павлодар 2015

**Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі**

**Инновациялық Еуразия университеті**
**«Педагогика және спорт» департаменті**

**Қорғауға жіберілді**
**_______________Департмент**
**директоры________________ В.В.Сергеева**

# МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

**Тақырыбы: Психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдану (аграрлық жоо мысалында)**

**Мамандығы - 6М010300 «Педагогика және психология»**


**Орындаған магистрант**
**Пж/еП(м),202 Байжанова З.Т.**

**Ғылыми жетекшісі**
**П.ғ.д.,проф. Қайырбекова Б.Д.**


**Павлодар 2015**

**Нормативтік сілтемелер**

Бұл магистрлік диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер қолданылды:

-Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 15.08.2007ж. (2011.24.10. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995 ж.

-«Қазақстан-2050». Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты стратегиясы Қазақстан халқына Жолдауы

-Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы

- Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Даму стратегиясы.

- Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама.

- Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

**Анықтамалар**

Бұл магистрлік диссертацияда келесі терминдер сәйкес анықтамаларымен қолданылды:

**Тұлға** - адам болмысының дараланған тәсілі.

**Тұлға** – адамның жекелігін құрайтын психикалық қасиеттер бірлігі.

**Тұлға** - дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны;

**Тұлға** - адамдар арасындағы өзінің ұстаным-орнын, еркін және жауапкершілігін анықтайтын қоғамның өкілі ретіндегі адам.

**Тұлғалық-бағдарлы оқыту** – бала тұлғасын басты деп қарап, оның өзіндік болмысы, өзіндік құндылығы, субъекттік тәжірибесін ең алдымен ашып алып, онан соң оны білім беру мазмұнымен сәйкестендіре дамыту жүретін оқыту.

**Тұлғалық-бағдарлы оқыту** - ең бастысы білім алушының өзіндік ерекшелігі, оның өзіндік құндылығы, оқу үдерісіндегі субъективтілігі басты болып табылатын оқыту.

**Тұлғалық-бағдарлы білім беру** – белгілі қасиеттері ғана бар тұлғаны қалыптастыру емес, ол бастан берілген барлық тұлғалық қасиеттердің толық байқалуына, сәйкес білім беру үдерісіндегі тұлғалық функцияларды дамытуға жағдай жасау.

**Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру** – бірнеше кезеңдерден тұратын білім алушылардың іс-әрекетін басқару.

**Тұлғалық-бағдарлы амал** - өзара байланысты ұғымдар, идеялар және әрекеттер тәсілдері жүйесіне сүйене отырып, өзін тану, өзін құру және өзін жүзеге асыру үдерістерін қамтамасыз ететін және білім алушыны қолдау мүмкіндігін беретін, оның қайталанбас дербестігін дамытатын педагогикалық іс-әрекеттегі әдіснамалық бағдар болып табылады.

**Педагогикалық технология** – құрамына кіретін әрекеттері белгілі бір ретпенберіле отырып, нақты нәтиже алуды негіздейтін оқытушының іс-әрекеті құрылымы.

**Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы** – білім беру үдерісін әрбір білім алушының жекелеген қабілеттіліктеріне, күрделілігі түрлі деңгейлердегі қарым-қатынас мазмұнына, білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне сай оқыту мүмкіндігін беретін оқыту іс-әрекетін жаңаша ұйымдастыру түрі.

**Оқу іс-әрекеті** - нәтижесінде білім, білік, дағдыларды сапалы меңгере отырып, өзін өзі жетілдірудің, өзін өзі дамытудың белсенді субъектісіне айналуға қажетті тұлғалық қабілеттіліктерді қалыптастыру мен дамыту жүретін оқу тапсырмаларын оқытушы мен білім алушылардың ынтымақтастық іс-әрекет негізінде атқаратын, ұйымдастырылған жүйе.

**Оқу іс-әрекетінің педагогикалық шарттары** – басты құндылық ретінде өзін дамыту мен әлемді дамыту танылатын, өз іс-әрекетіне

рефлексивті қатынас жасай алатын, оқу іс-әрекеті мен оның субъектісінің өмір сүруі жүзеге асырылатын оқыту үдерісіндегі жағдайлар жиынтығы.

**Құзырет** - бұл оқу барысында жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет.

**«Тұлғалық-бағыттылық»** ұғымын оқушылардың таным және пәндік іс-әрекет субъектісі ретінде жекелеген ерекшеліктерін анықтай отырып, оның тұлғасын дамыту және өзіндік дамытуды қамтамасыз ететін өзара әсерлесу деп анықтауға болады.

**Тұлғалық бағытты оқыту технологиясы** білім беру жүйесі негізіне оқушы тұлғасын, оның ыңғайлы, шиеленіссіз және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ете отырып, табиғи әлеуетін толық жүзеге асыруды басты мақсат деп қарастыратын оқыту технологиясы.

**Тұлға** - адамның әлеуметтік мәнін сипаттайтын және индивидтің қасиеттерінің тұрақты жиынтығы ретінде байқалатын, тұрақты өзгеріп тұратын жүйелі сапалары жиынтығынан тұрады;

**Өзін өзектілендіретін тұлға** - өзіндік қалыптасуға ұмтылуы саналы және белсенді, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін толық ашуға ұмтылатын адам;

**Өзін байқату** - индивидтің өзіне тән сапалары мен қабілеттіліктерін дамыту үдерісі мен нәтижесі және оны іс-әрекетте көрсетуі;

**Субъект** - қоршаған шындық дүниені тануды және оны, өзін түрлендіруде саналы және шығармашылық белсенділікті меңгерген индивид немесе топ;

**Субъекттілік** - іс-әрекетті таңдауда және жүзеге асыруда белсенділік пен еркіндікті меңгерген жеке және топтық субъект болуға қабілеттілігін бейнелейтін жеке адамның немесе топтың сапасы;

**Мен-концепция** - өзінің іс-әрекетін, басқа адамдармен өзара әсерлесуін, өзіне және қоршаған ортаға қатынасын құру негізіне алынған адамның меңгерген және басынан өткен мағлұматтары жүйесі;

**Таңдау** - жеке адамның немесе топтың қандай да бір жиынтықтан өз белсенділігін байқату үшін алынған басым нұсқасы;

**Педагогикалық қолдау** – білім алушыларға олардың денелік және психикалық денсаулығына, қарым-қатынасына, оқуда, өмірде және кәсіптік іс-әрекеттегі жекелеген проблемаларды шешуде педагогтардың превентивті және оперативті көмек көрсету іс-әрекеті.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 4
1Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын
қолданудың теориялық мәселелері 14
1.1Кәсіптік білім берудегі педагогикалық проблема
ретіндегі тұлғалық-бағдарлы оқыту 14
1.2Тұлғалық бағдарлы оқытудағы студенттердің оқу-іс-әрекеті
мәні мен құрылымы 36
1.3Кәсіптік дайындаудағы студенттердің оқу іс-әрекетін
тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде
ұйымдастыру ерекшеліктері 44
2Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын
психологиялық- педагогикалық пәндерді
оқытуда қолдану тәжірибесі 57
2.1 Агротехникалық оқу орны студенттерінің
психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып үйренуін
ұйымдастырудың қазіргі жағдайы 57
2.2 Психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда
оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы
негізінде ұйымдастырудың педагогикалық шарттары 60
2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері 69

Қорытынды 76

Қолданылған әдебиеттер тізімі 78

Қосымша А 82
Қосымша В 83
Қосымша С 84
Қосымша Д 85
Қосымша Е 86
Қосымша Ж 87

# КІРІСПЕ

**Зерттеу өзектілігі.** Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында басымдығы айқын міндеттердің бірі ретінде тұлғаның жасампаздық, рухани және денелік мүмкіндіктерін дамыту, құлықтылық пен салауатты өмір сүру салтының берік негізін қалыптастыру, оның интеллектісін, дербестігін дамыту жағдайларын жасау жолымен байыту қажеттіліктері атап көрсетіледі[1].

Бұл міндеттерді жүзеге асыру әрбір адамның тұлға ретіндегі рухани деңгейін жоғарылатуды басты мақсат деп тани алатын адамиланған қоғамның қалыптасуына тиімді ықпал ете отырып, елдің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістерге сай білім беру үдерісінде түрлендірулер жүргізуді шарттайды.

Өтіп жатқан өзгерістер мен қойылып отырған міндеттер мазмұны дамытуды, өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруды, өмір сүрудегі еркіндікті қажет ететін және бұл тұлғаны өз мүмкіндіктерін толық байқатуға қажетті өмірлік және танымдық ситуацияларға тікелей қатыстырып отыруды талап ететін тұлғаға бағдарлану жүріп жатқанын көрсетеді.

Қазіргі кезде қоғамымызда оқушыларды тұлғалық тұрғыдан дамыту міндеті күрделеніп отырғандығы байқалады, яғни қазіргі білім беру жүйесінде бұл міндетті тиімді шешу жолдарын іздестіру қажеттілігі заманауи педагогика ғылымының өзекті мәселесі қатарына жатады деп тануға болады. Бұл мәселені тұлғалық-бағдарлы білім беруді жүзеге асыру негізінде шешу мүмкіндігі зор.

Байқап отырғанымыздай, тұлғалық-бағдарлы білім беру жағдайында тұлғалық тұрғы негізінде өзбетінше білім алу тәсілдерін игеріп, қоршаған әлемге, адамдарға және өзіне рухани құлықтық қатынас жасай алатын, тұлға ретінде өзін-өзі толық байқата отырып, өз мәнін толық ашып көрсете алуға қабілеттілікті қажет ететіндей оқушыларды тұлғалық дамыту маңызды бағыттар қатарына жатады. Бұл бағыт білім беру жүйесіндегі, оның ішінде, жоғары кәсіби білім беру жүйелеріндегі де тұтас педагогикалық үдерісті тұлғалық қалыптасудың негізгі саласына айналдыруды қажет ететіндігін негіздейді.

Ал енді тұлғалық өсуді қамтамасыз ету, білім беру саласын ізгілендіру идеясына сәйкес жасампаз дамыған тұлғаны қалыптастыру күрделі мәселе ретінде психолог, педагог ғалымдардың назарын ертеден-ақ өзіне аударған мәселе деп тануға болады.

Тұлғаны қалыптастыру және оның тұлғалық ерекшеліктерін дамыту мәселесі классик педагогтар Я.А.Коменский, Ы.Алтынсарин, К.Д.Ушинский еңбектерінде қарастырылды.

Бертін келе тұлғаны дамытудың теориялық аспектілері Выготский А.С., Ананьев А.Г., Леонтьев А.Н., Эльконин Д.Б., Бабанский Ю.К. т.с.с. белгілі психологтар мен педагогтар еңбектерінде талданды. Олардың зерттеулерінде қарастырылған оқушылардың тұлғалық қалыптасуы аспектілері, жекелеген және жас ерекшеліктерін ескеру мәселелері, жасампаздық ойлауды

қалыптастыру сияқты және басқа да бағыттар қазіргі педагогика ғылымындағы тұлғалық-бағдарлы білім беру тұжырымдамасын жасауға оң әсерін тигізді.

Сонымен бірге педагогикалық білімдер табиғатын [2] білім беру үдерісі тұтастығы [3], [4] оқытудың тұлғалық-дамыту қызметін жүзеге асыру [5], педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктері [6],[7],[8] мәселелерін зерттеу барысында алынған нәтижелер де тұлғалық-бағдарлы білім беру тұжырымдамасын қалыптастыру негізіне салынды.

Тұлғалық-бағдарлы білім беруді жүзеге асыру қажеттілігін философиялық тұрғыда тұжырымдау субъект, тұлға еркіндігі мен өзін-өзі дамытуы, оның даму үдерісі тұтастығы, тұлғаның өзін байқалту формалары ретіндегі диалог, ойын категорияларына сүйену негізінде жасалды.

Тұлғалық-бағытты білім беру тұжырымдамасының психологиялық жағы адам өмір сүруіндегі тұлға қызметі, адам психикасы дамуының тұлғалық деңгейлерінің табиғи ерекшеліктері, тұлғалық тәжірибе пайда болуының механизмі ретіндегі мағыналық сала, рефлексия, көңіл-күй және диалог [9]жайлы мағлұматтар арқылы ашылып отырды.

Қазірге дейін тұлғалық-бағдарлы білім беру теориясына қатысты негізгі кезеңдер М.В.Кларин, Е.В.Бондаревской, В.В.Сериков, М.Г.Құсайынов және т.б. еңбектерінде теориялық тұрғыдан қарастырылған.

Тұлғалық-бағдарлы білім берудің құралы ретіндегі тұлғалық-бағдарлы оқыту мәселесіне де көптеген зерттеушілер зейін аударып отырды. Бастауыш мектептердегі тұлғалық-бағдарлы білім берудің теориялық негіздерін ашу арқылы тұлғалық-бағдарлы оқыту мүмкіндіктері М.А. Құсайынова, И.В.Лежнева, И.Ю.Кулькова, М.А.Викулина, Е.И Юрина, Е.Ю.Евсеева және т.б. еңбектерінде қарастырылды.

Сол сияқты, көптеген Қазақстан және Ресей ғалымдарының диссертациялық зерттеулерінде білім беру ортасындағы полисубъектілік өзара қатынастарды қалыптастырудың тұлғалық-бағдарлы технологиясы [11], әскери оқу орындарында жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқытудың тұлғалық-бағдарлы технологиясы [12],жоғары оқу орындарында математикалық цикл пәндерін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы [13]жалпы білім беретін мектептерде шетел тілін оқытуға даярлау барысында студенттерді тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы аспектілері, оқу тілдік ортаны қалыптастыруда тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдану жан-жақты талданған.

Сонымен бірге, кейбір зерттеулерде қарастырылған танымдық іс-әрекет барысында оқушылардың тұлғалық әлеуетін көтеруді жүзеге асыру (Жаркова И.А.), бірінші сынып оқушыларын тұлғалық-бағдарлы оқытуды мотивациялық қамтамасыз ету (Евсеева Е.Ю.) мәселелері де тұлғалық-бағдарлы білім беруді дамыту бағыттары болып табылады.

Аталып отырған жұмыстар мазмұны Ресейде, Қазақстанда да тұлғалық-бағдарлы білім беру ісін дамыту маңыздылығына жете көңіл бөлініп отырғандығын көрсетеді. Бұл жұмыстарды жан-жақты зерделеу психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында, жаппай білім беру тәжірибесінде тұлғалық-бағдарлы білім беру теориясының көбірек зерттелген

бағыттарын анықтап, болашақ мамандарды дайындауды тиімді жүзеге асыру мүмкіндігін беретін әлі де зерттелмеген мәселелерді көтеруге оң әсерін тигізіп отыр. Әлі де жан-жақты зерттеуді қажет ететін мәселелер қатарында тұлғалық-бағдарлы оқыту барысындағы студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтау мәселесін жатқызуға болады деген тұжырым жасауды негіздеп беріп отыр.

Кәсіби білім беруде әртүрлі пәндерді оқыту барысында студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда студенттердің қажеттіліктері мен қызығушылықтарын түсіну және жүзеге асыру, өзін өзі толық байқалту, тұлға ретінде ашып көрсетуге ықпал ететін жасампаздық ізденіске тарту жағдайларын жасау мүмкіндігі туады.

Оқу іс-әрекеті - тұлға өсуін қамтамасыз ететін маңызды күштер пайда болуына, тұлғаның жетілген өзегі қалыптасуы арқылы оқушының тұлғалық әлеуеті, тұлғалық функциялары дамуы қамтамасыз етілетін жетекші іс-әрекет болып табылады. Сондықтан бізді тұлғалық-бағдарлы білім беруді іс жүзіне асыруда ерекше назар аударуды қажет ететін жоғары мектептегі оқыту үдерісіндегі жетекші іс-әрекет ретінде оқу іс-әрекетін технологиялық тұрғыдан ұйымдастыру мәселесін зерттеу ісі қызықтырып отыр.

Шындығына келгенде, оқу іс-әрекеті мәселесі де,жалпы алғанда,психология, педагогика ғылымдарында көп зерттелген мәселелер қатарына жатады. Ғылыми-педагогикалық зерттеулерде әртүрлі білім беру жүйелерінде оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты бай тәжірибе жинақталған. Атап айтқанда:

- Л.С. Выготский, А.Р.Лурия, А.Н.Леонтьевтің белгілі еңбектері негізінде «оқу іс-әрекеті» ұғымы мәнін ашып көрсететін негізгі тұжырымдамалар жасалды;

- оқушылардың оқу іс-әрекеті қалыптасуы ерекшеліктері П.Я.Гальперин, Д.В.Эльконин, В.В.Давыдов, Е.Г.Кабанов-Меллер және т.б. еңбектерінде анықталды;

- И.Лингарт, Д.Б Эльконин, И.И.Ильясова, А.К.Маркова және т.б. зерттеулерінде оқу іс-әрекеті негізгі сипаттамалары мен заңдылықтары анықталды;

- Р.А Низамов., К.М Арынғазин., Б Момынбаев, Б.М Кожевников, А.М Борисов, О.Розиков, О.С Свисаренко, А.Г.Казмагамбетов, Г.П Кукла, Г.Г. Лисица және т.б. диссертациялық зерттеулерінде оқу іс-әрекетін белсендіру мен оңтайландырудың жекелеген мәселелері қарастырылып, оқу тапсырмалары жүйесі құрылды және оқу есептері жүйесін тиімді қолдану жолдары, оқу іс-әрекетін бақылауды ұйымдастырудың дидактикалық шарттары анықталды.

Зерттеулердің үлкен бір тобы жоғары білім беру жүйесіндегі оқу іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеуге арналды. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер:

-оқыту мен болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық дайындығы тиімділігін арттыру құралы ретіндегі студенттердің оқу іс-әрекетін

ұйымдастырудың топтық және жекелеген формаларын ұштастыру ерекшеліктері [15];

-оқу іс-әрекеті типін диагностикалау негізінде студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері [16];

-студенттердің оқу іс-әрекетіндегі танымдық өзбетіншелігін қалыптастыру мәселелері [17];

-студенттердің оқу іс-әрекетін басқарудың дидактикалық негіздері [18];

-жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде студенттердің оқу, ғылыми және қоғамдық іс-әрекеттері өзара байланысы мәселесі [19]

-университет студенттерінде педагогика курсын оқып үйрену барысында жалпылауды қалыптастырудың дидактикалық шарттары [20]

-педагогикалық ынтымақтастық жағдайында студенттердің оқу іс-әрекетін бақылауды ұйымдастыру мәселелері [21]

Аталып отырған мәселелердің зерттелуі қазіргі жағдайдағы оқыту теориясы мен практикасы үшін алдыңғы орындағы және маңызды жұмыстар болып табылатындығын көрсетеді. Бұл еңбектерде тұтастай алғандағы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың жағдайлары және жекелеген кейбір пәндерді оқып үйрену барысында өзбетіншелік оқу-танымдық іс-әрекетке тарту мәселелері талданған.

Бірақ, біздің зейінімізді аударып отырғаны бүгінгі күн талаптарына сай кәсіби білім беру тиімділігін арттырудың бірден бір жолы ретінде тұлғалық-бағдарлы оқытуды жүзеге асыра отырып, психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып үйрену барысында студенттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағарлы оқыту технологиясы негізінде ұйымдастырудың әлі де болса аз зерттелген мәселелер қатарында екені.

Ал соңғы жылдардағы педагогикалық пәндерді оқып үйренуге қатысты бар зерттеу жұмыстары педагогикалық оқу орындарындағы төменгі курс студенттерінің шығармашылық педагогикалық біліктерін қалыптастыру [22],студенттердің оқу іс-әрекетін белсендіру шарты ретіндегі пәнаралық байланысты жүзеге асыру [23],болашақ педагогтарда оқушылардың оқу іс-әрекеті мақсаты мен міндеттерін жандандыру біліктерін қалыптастыру [24], педагогикалық пәндерді оқып үйрену барысында студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыру [25]т.с.с. мәселелерді шешуге бағытталған болатын.

Бұл зерттеулердің болуы біздің көтеріп отырған мәселеміздің маңыздылығын, оған назар аудару қажеттілігін байқатады. Бірақ қазіргі уақыттағы қойылып отырған жаңа заман талаптарына сай оқу іс-әрекетініің барлық құрылымдық компоненттері мен қатысты іс-әрекет түрлерін толық қамти отырып, жоғары оқу орындарындағы психологиялық-педагогикалық пәндерді оқыту үдерісі тиімділігін арттыратын студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері мен мүмкіндіктері кешенді түрде зерттелген жоқ.

Студенттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтауды жобалай отырып, біз нақты оқыту тәжірибесінде психологиялық-педагогикалық пәндерді

оқып үйрену барысында тұлғаның жасампаздық қалыптасуының ішкі тетігін негіздейтін тұлғалық-бағдарлы білім беру идеяларын жүзеге асырып отыру маңызды мәселе деп танимыз.

Демек, тұлғалық-бағдарлы білім беруге көшудің қазіргі жағдайларында студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мәселесі жаңа сипатқа ие болады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістерге сәйкес көптеген негізгі ұғымдардың мәні мен мазмұны теорияда да, тәжірибеде де қайта анықталуы қажеттілігі туындап отыр. Оның ішінде, тұлғалық-бағдарлы білім берудің ізгіліктік идеяларына сай «оқу іс-әрекеті», «оқу іс-әрекетінің педагогикалық шарттары» ұғымдарының жаңаша түрленуіне байланысты оқу іс-әрекетін ұйымдастыру маңызын, құрылымын және мазмұнын қайта анықтап, толықтырулар енгізілуі қажет.

Осыған байланысты, заманауи уақыт талаптарына сай өзін толық көрсете алатын, қалыптасқан инновациялық ойлау жүйесі бар, сәйкес дүниетанымы кеңейген жасампаз дамушы тұлғаға деген қоғамдық қажеттілік пен тұлғалық-бағдарлы білім беру жағдайларында жетекші іс-әрекет ретіндегі оқу іс-әрекетін тиімді тығыз байланыста ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерінің толық анықталмағандығы арасындағы қарама-қайшылық зерттеуді қажет етеді. Мұның барлығы біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі **мәселесін** анықтай отырып, диссертациялық жұмыс тақырыбын **«Психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдану(аграрлық жоо мысалында**)» деп тұжырымдауды негіздейді.

**Зерттеу мақсаты:** Кәсіптік білім беру жүйесінде психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып үйренуде студенттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолдану негізінде ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтап, оларды кәсіби дайындық жүйесінде жүзеге асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

**Зерттеу нысаны:** аграрлық жоғары оқу орнындағы кәсіби білім беру үдерісі.

**Зерттеу пәні:** кәсіби білім беруде педагогикалық пәндерді оқып-үйренудегі студенттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолдану негізінде ұйымдастырудың педагогикалық шарттары.

**Зерттеу болжамы**: егер психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып үйрену барысында студенттердің оқу іс-әрекеті тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдану негізінде ұйымдастырылатын болса, онда олардың субъективтік өзбетіншелігі, жасампаздығы деңгейлері артуына алып келеді, өйткені тұлғаның өзін-өзі толық көрсету және өзін өзі жетілдіру қабілеттіліктерін дамыту кәсіби білім беруде тұлғалық тәжірибені қалыптастыруға оң ықпалын тигізе отырып, студенттердің субъектілік белсенділігін арттырып, білім беру сапасын жоғарылатады.

Тұжырымдалған мақсаты мен болжамға сәйкес қойылып отырған **зерттеу міндеттері:**

-кәсіби білім беруде студенттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолдану негізінде ұйымдастырудың теориялық мәселелерін айқындау;

-«оқу іс-әрекеті», «оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» ұғымдарының мәнін ашып көрсету;

-тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде студенттердің оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтау және моделін жасау;

-тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары негізінде студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын тәжірибелік-эксперимент арқылы тиімділігін тексеру;

-студенттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолдана отырып тиімді ұйымдастыруға қатысты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды практикаға ендіру.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:**

- студенттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолдана отырып ұйымдастырудың өзекті мәселелері;

-тұлғалық-бағдарлы оқыту жағдайында кәсіби білім беруде студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен тиімділіктері;

-студентердің оқу іс-әрекеті құрылымы, мазмұны, оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың деңгейлері, өлшемдері мен көрсеткіштері;

-психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып үйренуде студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі.

**Зерттеудің теориялық мәні мен ғылыми жаңалығы:**

-тұлғалық-бағдарлы білім беру жайлы жинақталған білім қорын жүйелеу арқылы кәсіби білім берудегі тұлғалық-бағдарлы оқыту барысында студенттердің оқу іс-әрекетін технологиялық негізде тиімді ұйымдастырудың теориялық мәселелері анықталды;

-«оқу іс-әрекеті», «оқу іс-әрекетінің педагогикалық шарттары» ұғымдары мәні тұлғалық-бағдарлы оқыту идеяларына сәйкес түрлендіріліп, толықтырылып анықталды;

-тұлғалық-бағдарлы оқытуда студенттердің оқу іс-әрекетін технологиялық негізде ұйымдастырудың тиімді педагогикалық шарттары анықталып, олардың бейнесі жасалды;

-студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру технологиясы жасалып, тиімділігі дәлеледенді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы**:

-тұлғалық-бағдарлы оқыту жағдайында студенттердің оқу іс-әрекетін технологиялық негізде ұйымдастыруға бағытталған әдістемеліктер жасалды;

-кәсіби білім берудегі тұлға дамуын қамтамасыз ететін оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру технологиясы анықталды;

-студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесін жоғары оқу орындарында тұлғалық білім беруді жүзеге асыру мақсатында басқа пәндерді оқып үйренуде қолдануға болады.

-кәсіби білім беруде тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде студенттер оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мүмкіндігін беретін «Жалпы педагогика» оқу құралы дайындалып, баспадан шығарылды.

**Зерттеудің әдіснамалық, теориялық негіздері**: Таным философиясы, тұлға және іс-әрекет теориялары, тұлғалық-бағдарлы білім берудің қазіргі теориясы, оқу іс-әрекеті теориясы, ізгіліктік педагогика мен психология теориялары.

Әдіснаманың негізгі бағыты оқу пәндерін оқып үйренуде студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға жүйелік-құрылымдық амал жасау болып табылады.

**Зерттелу дәрежесі**: тұлғалық бағдарлы білім беру идеяларына сәйкес студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда технологиялық амалды жүзеге асыру олардың тұлғалық әлеуетін арттыра отырып, тұлғалық тәжірибесін дамытады.

Зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге және жоғары оқу орындарында білім беруді ұйымдастыруға қатысты құжаттарға талдау жасалды. Талдау нәтижелері мен студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру жағдайларына қатысты педагогикалық бақылау жүргізілді, осыған сәйкес студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы кемшіліктер және оның себептері, алынған мәселеге қатысты зерттеу бағыттары анықталды.

Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негізі анықталып, зерттеудің ғылыми аппараты мен эксперименттік жұмысты диагностикалау процедурасы дайындалды. Педагогикалық пәндер бойынша студенттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолдану барысында ұйымдастырудың педагогикалық шарттары жасалды. Бұл жұмыстар эксперименттік жұмыстың алғашқы кезеңінде басталды.

Эксперимент жалғасында анықталған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру бойынша тұлғалық-бағдарлы оқытудағы студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясы тиімділігі талданды, оның студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуына ықпалы анықталды. Эксперименттік жұмыс нәтижелері өңделіп, талданды. Педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесі тұжырымдалып, практикаға ендіру бойынша ұсыныстар дайындалды.

Зерттеу тақырыбына қатысты психологиялық, педагогикалық әдебиеттер, ҚР «Білім туралы»Заңы (2007ж.), Қазақстан Республикасы Президентінінің Халыққа жолдаулары, ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты, типтік оқу жоспарлары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, озат педагогикалық тәжірибелер, автордың жеке іс-тәжірибесі басты нәтижелерді құрады.

Алынған нәтижелер мен жасалған тұжырымдардың психологиялық-педагогикалық зерттеулер нәтижелеріне сәйкестігімен, зерттеу мақсатына сай студенттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-кәсіби дамытуға бағыттылығы тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, практикаға енгізілуімен қамтамасыз етілді.

Зерттеу материалының негізгі қағидалары мен жасалған тұжырымдар ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда (Астана, Алматы, Көкшетау, Ресейдегі Щадринск, Ақтөбе, Шымкент қалаларында өткен), С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университеті ғылым хабаршысында, республикалық «Қазақстан жоғары мектебі» ғылыми-әдістемелік журналында (Алматы), Ресейдегі Элиста мемлекеттік университетінің ғылыми әдістемелік журналында (Элиста) жарияланған ғылыми мақалаларында баяндалып, Алматы, Астана қалаларында шығарылған оқу құралдарында көрініс тапты. Техникалық оқу орындарында кәсібии білім беруде психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып үйренуді ұйымдастыруға арналған бағдарлама ҚР Білім және ғылым Министрлігі мақұлдауымен эксперименталдық оқу бағдарламалары жинағында жарық көрді.

Зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру құжаттарына талдау жасау, озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу, студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру жағдайларын педагогикалық бақылау, модельдеу, әңгімелесу, сауалнамалар жүргізу, эксперимент өткізу.

**Зерттеу базасы:**Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті.

**Диссертация құрылымы.** Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі ашып көрсетілді және зерттеуге қатысты ғылыми аппарат тұжырымдалды.

Диссертацияның бірінші бөлімінде тұлғалық оқыту технологияларын қолданудың теориялық мәселелері қарастырылды. Сәйкес кәсіптік білім берудегі тұлғалық-бағдарлы оқыту педагогикалық мәселе ретінде талданып, оқу іс-әрекетін тұлғалық бағдарлы оқыту технологиялары негізінде ұйымдастыру ерекшеліктері анықталды.

Жұмыстың екінші бөлімінде агротехникалық оқу орны студенттерінің психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып үйренуін ұйымдастырудың қазіргі жағдайы және психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде ұйымдастырудың педагогикалық шарттары тұжырымдалып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері келтірілді.

**Жарияланған еңбектер тізімі**
**2014-2015гг**

| № | Аты-жөні | Атауы | Шыққан жері, уақыты | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Байжанова З.Т. | Студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері | С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылым жаршысы, №4(83), 2014 | |
| 2 | Байжанова З.Т., Қайырбекова Б.Д. | Кәсіби білім беруде педагогикалық пәндерді оқытуды тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде ұйымдастыру ерекшеліктері/ | Инновациялық Еуразия университеті хабаршысы, №2, 2015ж | |
| 3 | | | | |
| 4 | | | | |

# 1ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## 1.1 Кәсіптік білім берудегі педагогикалық проблема ретіндегі тұлғалық-бағдарлы оқыту

Өркендеуге ұмтылған елдің жетекші идеясы және оның жоғарғы ізгіліктік мәні адамға деген ең жоғары құндылық ретінде қатынасты бекіту, қоғамдық және тұлғалық қызығушылықтардың ұштасуы, тұлғаның мәнді күштерін үйлесімді дамытуға және оның рухани әлеуетін арттыруға жағдайлар жасау болып табылады.

Себебі, елдің болашағы оның мүшелерінің жоғары дамуына тікелей байланысты. Демек адамды жасампаз тұлға ретінде еркін, шығармашылық еңбекке дайындау қажет. Осыған сәйкес білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңінде тұлға жекелігінің (дербестігінің) келесі қасиеттері маңызда орын алады: әлеуметтігі, интеллектуалдылығы, коммуникативтілігі және денелік құзыреттілігі, эмоционалдылығы, креативтілігі, еркінділігі және бастамашылдылығы, өзбетіншелігі және жауапкершілігі, өзін-өзі бағалауы мен мінез-құлық еркіндігі.

Ал заманауи өзекті мәселелерге адамды үйлесімді дамыту, оның ізгіліктік бағдарларын, психологиялық қорғаныс жүйесін және психологиялық саулығын қамтамасыз ету жатады.

Әдетте, ізгілендіруді білім беру үдерісіне қатысушылардың арасындағы ізгі қатынастарды орнату деп түсінуге болады. Ал білім беруді ізгілендіру ең алдымен, тұлғаның мәдени қалыптасушылық пен тұлғалық-дамытушы қызметтерімен тікелей байланысты. Ізгіліктікке бағдарлану жалпымәдени және ұлттық құндылықтарды тасымалдаушы білім беру мақсаттары жайлы мағлұматтарды өзгертеді. Бұл өз кезегінде түрлі білім беру жүйелеріндегі, оның ішінде жоғары білім беру жүйелеріндегі де оқыту үдерісін қайта қарауды, бүгінгі күн талаптарына сай өзгертуді, жетілдіруді қажет етеді.

Қазіргі қоғамның даму қарқыны білім берудің мақсаты мен міндеттерін қайта қарауды талап етуде. Тұлғаны калыптастыру, оның шығармашылық даралығын дамыта отырып, бар мүмкіншілігін ашу, оны жүзеге асыру -бүгінгі білім беру жүйесінің басты бағыты. Білім берудің мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде өзін еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл білім берудің мазмұны мен оқытуды ұйымдастыру үдерісіне өзгеріс енгізу қажеттілігін көрсетеді. Білім беру үдерісінде әрбір жеке тұлғаның даралығын ашу ғана тұлғаға бағыттап білім берудің құрылуын қамтамасыз ете алады. Осы мақсатқа тұлғалық бағдарлы білім беру арқылы қол жеткізуге болады. Философиялық тұрғыдан «тұлға» ұғымы ондағы саналы-еріктік бастаманы айқындайды. Индивид тұлға деп аталу құқына неғұрлым ие болған сайын, ол өз тәртібінің мотивтерін анығырақ сезінеді және оны бірыңғай өмірлік стратегиясына бағындыра

отырып, оны соғұрлым бақылауға алады. Тұлға ұғымы тек қоғамдық қатынастар жүйесінде, адамның әлеуметтік рөлі туралы ғана айтуға болатын жағдайда емес, әрі оның даралығын сақтауда да мағынаға ие болады. Бұдан даралық - индивидтің өмір сүруінің қоғамдық тәсілі, ал тұлға - адам болмысының дараланған тәсілі деп қорытынды жасауға болады. Қазіргі философиялық және психологиялық тұжырымдамалар тұлғаны «заттық-өзгертуші және мәдени-тарихи әрекеттің толық мәнді субъектісі» [26] ретінде аныктай отырып, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына басымдылық береді. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде тұлға мәселесімен көптеген ғалымдар айналысты және айналысуда (Б.Г.Ананьев, Р.Н.Асмолов, Л.И.Божович, А.Н.Леонтьев, Б.Ф.Ломов, А.В .Петровский т.б.). Тұлға өз құрылымын адамзат әрекетінің түрлік құрылымынан алады. М.С.Каганның пікірі бойынша, танымдық, құндылық, шығармашылық (нәтижелі), коммуникативтік және көркемдік әлеуеттермен сипатталады. Қазіргі педагогикалық, психологиялық зерттеулерде тұлғаның даралығы, оның кабілеттерін дамыту, оның өздігінен дамуына жағдай жасау мәселесі оқытудың тұлғалық бағдарланған жүйесІн ұйымдастыруда өзінің тиімді шешімін табуда. Бұл зерттеулерде түлғаны дамытудың гуманистік тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған тұлғалық-бағдарлы бІлім берудің негізгі психологиялық, педагогикалык құндылықтары ашылады:

-тұлғаның табиғи мүмкіндіктері мен кабілеттерін тұтас дамытуға бағытталған, оқытудың психологиялық негіздері; гуманитарлық педагогикалық білім беру тұжырымдамасы; білім беруге тұлға тұрғысынан келу тұжырымдамасы мен технологиясы, біртұтас оқу-тәрбие үдерісінде оқушының жеке басын қалыптастыру;

-тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясының педагогикалық аспектІлері;

-оқытудың субъектілігін дамыту және өздігінен дамуы. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау, ақиқат дүниені оқушылардың тану үдерісіңде олардың табиғи мүмкіндігін, қабілетін, жас ерекшелігін есепке алу және оның тұлғалық дамуы мен өздігінен дамуына қажетті жағдай жасау керектігін көрсетіп берді.

Жеке жағдайда, психологиялық-педагогикалық ғылымда, оқытудың субъектілігі «субъектінІң өзінің өмір сүру элементі» ретінде түсіндіріледі; әрекетте - болжам жасау, таңбалау және көшіру кезеңдерін жүзеге асыру ретінде; мақсат қою, жоспарлау, оку міндетін атқару және бақылаудың саналы әрекеті ретінде көрсетіледі. Дүниені ғылыми тану зерттеулерінде көрсетілгендей, адам психикасының, санасының, тұлғасының тінін психикалық үдерістер құрайды. Ғылымда психикалық үдерістер деп шындықтың бейнеленуінің динамикалық әрекетін: түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял, эмоциялар, яғни қоршаған дүниенің бейнеленуін, білім мен икемділіктің қалыптасуын, өмірлік тәжірибе және әрекетті жүзеге асыруды қамтамасыз етуін түсінеді.

Қазіргі уақытта педагогикада «тұлғалық бағдарлы білім беру» термині кеңінен қолданылады. Тұлғалық бағдарлы білім беру негізінен соңғы нәтижеге,

яғни құндылықтарға бағытталады. Осы мәселенің шетелдік педагогикадағы даму ерекшеліктеріне, теориялық әдіснамалық жағына талдау жасап көрелІк. Шетелдік тұлғалық бағдарлы тұрғыдан білІм беру XX ғасырдың 60-80 жылдары пайда болған гуманистік тәрбие мен тұлға дамуыныңтұжырымдамаларын жасаушылардың есімдерімен тығыз байланысты. Осы тұжырымдамалар негізінде Абрахом Маслоудың («Гуманистік тұлға теориясы»), Карл Роджерстың («Феноменологиялық тұлға теориясы») еңбектері жатыр. А.Маслоу білім берудің гуманистік бағытга жүргізілуін қолдау арқылы оқушылардың қызығушылықтарын, психикасын, жеке ерекшелікгерін есепке альш, бала тұлғасын құрметгеу керектігін айтқан. Психологияда өзіндік қажеттілік (ағылшынша «self-actualizaton» ұғымын американдық ғалым Абрахом Маслоу енгізді. Бүгінгі педагогикада өзіндік қажеттігін тану-өз мүмкіндігін, әлеуетін жүзеге асыруға ұмтылу деп түсінуге болады. Ал, А.Маслоудың өз қабілетін, талантын, яғни бойындағы барын іске асыру арқылы адам толық тұлғалық қалыптаса алады деген пікірі аса құнды. Оның теориясы бойынша адамның дамуы екі жағы бар қажеттілік пирамидасына ұқсайды: бір жағынан әлеуметтік тәуелділігі, екінші жағынан оның өз қажеттігін тани алуына қатысты танымдық табиғаты. А.Маслоу жалпы қажеттіліктерді туа пайда болған деп алғашқы үш деңгейді физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық қажеттілік ретінде қарастырады. Төртінші деңгейді өзін өзі құрметтеу, қадірлеу үшін атқарылатын әрекеттер ретінде, ал бесінші деңгей-шығармашылық қажеттілік, өз мүмкіндігін жүзеге асыру өзіндік қажеттігі деп есептейді.[27]. А.Маслоу пікірінше, тұлғаның ізгіліктігі мен дамуының бастауы, қайнар көзі қоғамның күшінде емес, тұлғаның өз бойында жатыр. Қоғам оның дамуына не көмектесе, не кедергі келтіре алады. Оның идеясын Карл Роджерс әрі қарай дамыта отырып былай дейді: «Білім берудің - басты міндеті- тұлғаның өзіндік танымына, өз проблемаларын айқындай алуына және оларды шешуге өзіндік мүмкіндіктерін пайдалана білуге, сөйтіп өзін-өзі дамытуына көмектесу». К.Роджерс өзінің «Мен - концепциясын» дәлелдей отырып, балаға оның ой-сезімдеріне сәйкес өмір сүруге үйрету керектігін ұсынады[28].

Дәстүрлі білім беру философиясында тұлға дамуының әлеуметтік-педагогикалық моделі сырттан берілетін танымдық үлгілер, эталондар деп қарастырылса, тұлғалық-бағдарлы оқыту оқушының өзінің субъекттік тәжірибесі таным барысында байқалатын, жекелеген өмір сүру іс-әрекетінің маңызды көзі ретінде танумен ерекшеленеді. Сол арқылы білім беруде берілген педагогикалық әсерлерді жай интериоризациялау, яғни ішкі әрекетке айналдыру ғана жүрмейді, сырттан берілген әсерлер мен субъекттік тәжірибе «кездесуі» өтіп, ол тәжірибе байытылады, түрлендіріледі, сол арқылы жеке даму жүреді. Оқушыны білім беру үдерісінің басты әрекет етушісі деп тану тұлғалық-бағдарлы педагогика негізі болып табылады.

Демек, бұл бағытта көптеген зерттеулер жүргізулер қажеттілігі бар. «Тұлғалық-бағдарлылық» ұғымы гуманист психолог Карл Роджерстің «тұлғалық-орталықтандырылған білім беру» (Personflity-centered education) сипатындағы өзара әсерлесу ұғымымен тығыз байланысты тұжырымдалып

отыр. Оның идеясы бойынша тиімді психотерапия жасау мен тиімді педагогикалық іс-әрекет өлшемдері бір деп қарастырды. Бірінің өзгеруіне, жетілуіне екіншісі әрекет ететін адамдардың өзара әрекеттесуімен байланысты іс-әрекет түрлерінде табысқа қол жеткізу үшін Роджерс бойынша эмпатия, яғни көңіл-күйді бірге бастан кешіруге тырысу, басқа адамның әлеміне іштей ену, ол адамды алдын-ала ешқандай шарт қоюсыз, сол күйімен тұтастай қабылдау жүретін адамға деген жылы, адами қатынас жасау болып табылады[28]. Педагогикалық жүйеде «тұлғалық-орталықтандырылған» деген ұғымның орнына айтарлықтай ерекшелігі бола тұрса да «тұлғалық-бағдарлылық» ұғымы кеңінен қолданылады және оны баланы, яғни оқушыны таным және пәндік іс-әрекет субъектісі ретіндегі жекелік (дербестік) ерекшеліктерін анықтай отырып, оның тұлғалық дамуын, өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін өзара әрекеттесу деп қарастырады. Мұндай оқыту жүйесінде бала тұлғасы жай ғана субъект емес, басымдық мәндегі субъект, ол қандай да бір мақсаттарға қол жеткізетін құрал емес білім беру жүйесінің басты мақсаты болып табылады. Мұндай өзара әрекеттесуде оқушы мен педагогтың субъектік қатынастарында оқушыға жан-жақты құрмет пен сүйіспеншілік байқата отырып, оның шығармашылық күштерін сенім көрсету арқылы демократизм, теңдік, серіктестікті жүзеге асыру идеясы оқушыны мәжбүрлеп оқытудан бас тарту ретінде қарастырылады. Педагог пен оқушы мақсатты сабақ мазмұнын бірлесе отырып тұжырымдап, ынтымақтастық, бірлескен шығармашылық негізінде бағалаулар жасайды. Оқушыға таңдау еркіндігі мен өзбетіншелік мүмкіндік беріледі. Таңдау жасау барысында оқушы сыртқы әрекеттен емес іштей ұмтылу нәтижесінде субъектік позицияны жүзеге асырады.

Тұлғалық бағдарлы білім беруді ұйымдастыруда американдық ғалымдардың дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеудегі тәжірибесі бай зерттеу көзі бола алады. Әсіресе, Б. Блумм, Дж. Гилфорд және Дж. Рензулли, Ф.Уильямстардың тұжырымдамалық модельдері кеңінен танымал. Бұл тұжырымдамалар бойшша оқу бағдарламалары дарынды балаларды орташа даму деңгейлі балалармен бір сыньшта оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Дж. Рензуллидің ұсынысы бойынша, оған қол жеткізу үшін оқу бағдарламаларын жетілдіру кажет. Ол жетілдірудің үш түрін: жалпы танымдық әрекет, топта оқыту, жеке және шағын топтарда міндеттерді зерттеу және шешу деп көрсетеді. «Тұлғалық бағдарлы» сөз тіркесі білім беру үдерісінде колданылуына байланысты педагогикалық сөздікке ағылшьшның «person-centered» («тұлға орталықты») және «pupil – centered» («оқушы орталықты») сөздерінің аудармасынан енгізілген. Олар Карл Роджерстің гуманистік педагогикасы және гуманистік психологиясындағы ұғымдардың бірі болып табылады. Осы ұғымдардың түсіндірмесінде әр алуан пікірлер кездеседі. Бұл пікірлердің көпшілігі былайша түсіндіреді: кез-келген оқытудың түрі тұлғаны дамытуға бағытталған, яғни олардың әрқайсысын түлғалық бағдарлы оқыту деп тануға болады. Қазіргі кезде окытудың түрлі модельдері мен технологиялары жасалуда. Олардьң әрқайсысы «тұлға», «тұлғаның дамуы», «тұлғалық бағдарлы бІлім беру» ұғымдарын өз бетінше түсіндІреді. Қазіргі педагогикалық сөздікке

жүгінсек, «тұлға» - 1) дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамньң қоғамдық өмірінің дара нысаны; 2) адамдар арасындағы өзінің ұстаным-орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын қоғамның өкілі ретіндегі адам [29].

Қазіргі кезде тұлғалық-бағдарлы оқыту ерекшелігін түсінуге және оны ұйымдастыруға жаңаша амал жасалуда. Бұл амал негізіне әрбір оқушының дербестігін, өзіндік құндылығын, өзіндік болмысын тани отырып, оны «ұжымдық субъект» ретінде емес, қайталанбас «субъекттік тәжірибесі» бар индивид түрінде дамыту идеясы алынады.

Таным (меңгеру) үдерісіне жекелеген тәжірибені ендіру дегеніміз оқушының жеке қажеттіліктері, қызығушылықтары, ұмтылулары негізінде оның өзінің жеке іс-әрекетін ұйымдастыру деп түсінуге болады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесін жүзеге асыру нормативтік түрде құрылған оқыту үдерісінен оқушының жекелеген іс-әрекеті түріндегі, оны түзету және педагогикалық қолдау көрсету түріндегі оқу іс-әрекетіне көшу деп қарастыруды қажет етеді.

Көптеген педагог-ғалымдар мектептегі тұлғалық-бағдарлы оқыту моделін жасап, оны жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды атап көрсетті. Мұндай жағдайлар қатарына жатқызылатындар:

-Біріншіден, білім беру үдерісі тұжырымдамасын оқыту мен тәрбиелеу бірігуі ретінде емес, оқыту мен тәрбиелеу органикалық ұштасып кететін, жекелікті дамыту, қабілеттіліктерді қалыптастыру деп қабылдау.

-Екіншіден, оқу үдерісіне негізгі қатысушылардың - әкімшілік, мұғалімдер, оқушылар, ата-аналардың өзара қатынасы сипатын анықтау.

-Үшіншіден, инновациялық үдеріс тиімділігі өлшемдерін анықтау.

Зерттеушілер тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесі оқушының өзін-өзі тануына, өзін-өзі жетілдіруіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне қажетті тұрақты жағдайларды қамтамасыз ете отырып, оқушыларды саналы әрекеттер жасауға ұмтылдырады деп есептеді. Осыған байланысты тұлғалық-бағдарлы жүйенің басты ерекшеліктері аталды. Олар:

-Тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесінде оқушы өзіне іштей және сырттай үңіле отырып, өзін басқа оқушылармен салыстыруға, өзінің қылықтар мен мінез-құлықтарын бағалауға, өзін және басқаларды мінездің жақсы және жаман белгілері жиынтығы ретінде емес, тұтастай қабылдау мүмкіндігіне ие болады;

-өз күш-жігерін ұштай отырып, оқу және өмір сүру ситуацияларына тұрақты әсер ете отырып, өзін басқаруға үйренеді;

-өзінде байқалған жекелеген эмоционалдық кедергілерді жеңіп шығуға үйренеді;

-қоршаған ортаға үйлесімді қатынас жасау жолымен продуктивті қарым-қатынас жасауға үйренеді.

Бұл оқыту жүйесі оқушының жекелеген қабілеттіліктер кешеніне толығымен сәйкес келгендіктен, ол өзінің осы жүйе үшін құнды қасиеттерін жұмылдырады. Мұндай іс-әрекет барысында жүйелілік, табандылық, бейімділік қалыптасып, оқуға деген сүйіспеншілік, жұмысқа тез кірісе білу, іс арасында

дұрыс дем ала білу, зейінін шоғырландыра білу, басқа адамдармен тіл табыса білу, өзіне деген сенімділік, өзіне және басқаларға құрмет сияқты мінездік қасиеттерді игеруіне алып келеді.

Тұлғалық-бағдарлы жүйе, тұлға – бұл оның жекелігін құрайтын психикалық қасиеттер бірлігі деген тұжырымға сай әр оқушының жекелеген ерекшеліктерін ескеру арқылы маңызды жекелеген амал жасаудың психологиялық-педагогикалық ұстанымдарына негізделген технология көмегімен тұлғаны дамытуға тікелей әсер ететін жетекші іс-әрекет ретіндегі оқу іс-әрекеті арқылы тұлғаны дамытуға тікелей әсер ететін тиімді жағдай жасауға болатын жүйе деп қарастыруға болады. Демек, оқу іс-әрекеті тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесіндегі тұлғаны дамыту мүмкіндігін беретін бірден-бір маңызды құрал деп қарастыруға болады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесінің тағы бір ерекшелігі атақты психолог Л.С.Выготский тұжырымдамасы негізінде анықталады. Л.С.Выготский оқытуды оқушы тұлғасы дамуы деңгейімен сәйкес жүргізу қажеттілігін атап көрсеткен. Бұл бағытта оқушы тұлғасы дамуының екі деңгейін атап көрсетуге болады.

Бірінші деңгей – аяқталған, белгілі бір циклдар нәтижесінде қалыптасқан оқушының психикалық функцияларының актуалды даму деңгейі. Бұл жерде оқушының бар, қол жеткізген дайындық деңгейі, оның қандай тапсырмаларды ересектер көмегінсіз, өз бетінше орындай білуімен сипатталады.

Екінші деңгей – тұлға дамуының психикалық әлеуетін бейнелейтін таяу даму аймағы. Бұл деңгей нені оқушы өз бетінше орындай алмайды, ал аз ғана көмек бергенде орындай алатындығымен анықталады.

Әр оқушының актуальды және таяу жатқан даму деңгейлері әртүрлі, сондықтан ақыл-ой дамуы динамикасы да әр түрлі болады [30].

Демек, барлық оқушыларға актуальды даму деңгейі бірдей деп қарап, орташа оқушыға бағдарлану ақыл-ой дамуы деңгейі жоғарырақ оқушының оқыту қарқынын тежейді. Сонымен бірге ақыл-ой дамуы деңгейі жеткіліксіз оқушылар оқыту қарқынына ілесе алмай, үлгермеушілер қатарына қосылуы да мүмкін. Л.С.Выготский оқушының оқу және ақыл-ой дамуы жетістіктері олардың таяу жатқан даму аймақтары қандай және оны мұғалімдер қаншалықты ескеретіндігіне байланыстылығын атап көрсеткен.

Сондықтан, тұлғалық-бағдарланған оқыту жүйесі әрбір оқушыға өз қабілеттіліктері мен қажеттіліктеріне сай меншікті қарқынмен оқу мүмкіндігін бере отырып, қол жеткізген танымдық даму деңгейіне ғана бағдарламайды, сонымен бірге оның бар мүмкіндіктерінен жоғарырақ талаптар қоя отырып, оқушының жеке таяу даму аймағына сай оқытуды тұрақты жүргізу мүмкіндігін береді. Демек, мұндай жүйе оқу іс-әрекеті үшін жаңа жағдайлар жасайды, оқушы тұлғасын оның таяу жатқан даму аймағын ескере отырып, дамытуға оң әсер етеді[9]. И.С.Якиманская тұжырымдауы бойынша «Тұлғалық-бағдарлы оқыту – бала тұлғасын басты деп қарап, оның өзіндік болмысы, өзіндік құндылығы, субъекттік тәжірибесін ең алдымен ашып алып, онан соң оны білім беру мазмұнымен сәйкестендіру жүретін оқыту» деп анықталады [31].

Тұлғаға бағдарланған білім беру қажеттілігін В.В.Давыдов, В.И.Загвязинский, В.В.Краевский, И.С.Якиманская және т.б. негіздеді; ал оқытудың тұлғалық-дамыту функциялары Н.В.Бочкина, З.И.Васильева, Т.И.Мальковская, А.П.Тряпицина еңбектерінде зерттелді. Тұлғалық-бағдарлы білім берудің қазіргі негізінде А.Д.Алферов, Е.В.Бондаревская, Г.Ф.Кириллова, А.И.Кочетов, Г.И.Щукина және т.б. зерттеушілер еңбектеріндегі идеялар жатыр. Индивидтің тұлғалық деңгейін дамытуды оқытудың арнайы функциясы ретінде В.В.Сериков тұжырымдамасында қарастырылды. Оның тұжырымдауы бойынша білім беру мақсаты білім беру үдерісі субъектілерінің толыққанды байқатуы және олардың тұлғалық функцияларын дамыту үшін қажетті жағдайларды жасау деп анықталды.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру жүйе ретінде индивидтің тұлғалық функцияларын жандандыру және дамыту сияқты мазмұны білім беру стандарты оқушының тұлғалық тәжірибесімен астасып жататын, технологиялары тұлғалық функциялар мен тұлғаның өзін-өзі реттеуінің тұлғалық деңгейін қамтамасыз ететін ерекше мақсаттарды негіздейді. Тұлғалық амал технологиялары арнайы білімдік мүмкіндіктерге ие бола отырып, дүниеге деген құндылық қатынастар тәжірибесін меңгеруді, оқу үдерісіндегі оқушының субъекттік позициясын, оның тұлғалық өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етеді. Бұл үшін сәйкес мүмкіндіктер ретіндегі білім беру үдерісініің субъектілері өзара әсерлесуінің диалогиялық стратегиясының дидактикалық аспектілерін С.В.Белова, В.В.Горшкова, С.Ю.Курганов, Ю.В.Сенько қарастырған, тұлғалық-бағдарлы технологиялардың ойындық табиғаты Н.К.Ахметов, М.М.Крюков, В.Я.Платов, К.Б.Сигов, Ж.С.Хайдаров еңбектерінде зерттелген, ал оқу тапсырмаларының дидактикалық табиғаты мен функциялары Г.А.Балл, Л.Л.Гурова, И.К.Журавлев, Г.С.Костюк, Е.И.Машбиц, Л. М. Фридман зерттеулерінде қарастырылған. Л.М.Фридман тапсырмалық амалды тұлғалық-бағдарлы оқытудың негізгі технологиялық базасы ретінде қарастырған. Сол сияқты білім беруде тұлғалық амал жасау идеясын дидактикалық ерекше мәселе ретінде қарастыру В.М.Добряков, Ю.А.Иванова, Е.А.Крюкова, И.В.Никишина және басқалардың жасаған нақты педагогикалық технологияларында жүзеге асырылған.

Бірақ тұлғалық-бағдарлы оқытуға қатысты қызығушылықтардың артып отырғанына қарамастан, педагогикалық практика әлі де болса түсіндірмелі-иллюстративтік, дәстүрлі технологияларға бағдарланып отыр, мұндай жағдайда оқушының тұлғалық функцияларын жандандыру мүмкіндігі аз. Демек теорияда тұлғаға бағдарлануға бет бұру болғанымен де, тәжірибеде білім беру үдерісі субъектілерінің тұлғалық аспектілерінің аз байқалуы бүгінгі бұл бағытта әлі де болса зерттеулер жүргізу қажеттілігін негіздейді. Педагог ғалымдар Е.П.Белозерцев, Е.В.Бондаревская, И.А.Колесникова, Л.И.Рубинский, В.А.Сластенин жүргізген жаппай педагогикалық тәжірибені зерттеулер оқушылардың шығармашылық таңдау еркіндігі, авторлық ойлауы мұғалімдер назарынан тыс қалып отыратындығын көрсетті. Бұған студенттермен өткізілген сабақтарда оларды тұлғалық-креативтік деңгейдегі маман ретінде дайындау

мәселесіне жете көңіл бөлінбейтіндігін көрсетті. Әдеттегі, дәстүрлі түрде студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру оларды тек білімдерді алушы функциясына ғана бағдарлайды, тек танымдық-ақпараттық аспектіге ғана көңіл бөлінетіндігін көрсетеді.

Бұл тарауда біз тұлғалық-бағдарлы оқытудың процессуалдық аспектісі мәнін ашуға ұмтыламыз. Тұлғалық-бағдарлы оқыту идеяларына сәйкес студенттердің оқу іс-әрекетін технологиялық негізде ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтауды басты мәселе деп қарастырамыз.

Студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды жаңа педагогикалық парадигмаға сай қарастыру қажеттігін баса көрсете кетуге болады. Қазіргі кездегі педагогикалық сананы әлеуметтік-мәдени жағдайлардағы адам тұлғасының өзіндік құндылығын түсінуге бағытталуы қажеттігін сезінеміз. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру негізіне оқушы тұлғасын біртұтас, өзін байқату, дамыту, өзін толық жүзеге асыруын қамтамасыз ететін білім берудегі тұлғалық амал тұжырымдамасын басты негіз етіп алу қажет.

Білім беруде тұлғалық амал жасау идеясы ізгіліктік бағдардағы еуропалық философиялық-педагогикалық ойлардан бастау алады. Бұл дәстүрлер ежелгі грек әлеміндегі Аристотел, Платон, Протагор, Плутарх, Сенеки, Сократтан, Қайта өрлеу дәуіріндегі Т.Мор, Т.Кампанелла, Э.Кабе, Ф.Рабле, Г.Х.Честертонның ізгіліктік көзқарастарындағы, В.де Фильтре, Я.А.Коменский тәжірибелерінен, Жаңа дәуірдегі М.Монтень, Х.Гельвеций, Д.Дидро, Ж.Ж.Руссо, И.Кант, А.Н.Радищев, Н.И.Новиков және ерекше И.Г.Песталоцци идеяларында жалғасын тауып отырады. Бұл бағытта И.Г.Песталоцциді ерекше көрсету себебіміз, ол тұлғаны, оның қабілеттіліктерін дамытуды оқыту мен тәрбиелеудің міндетті құрамды бөлігі ретінде қарастыруына байланысты. Бұл идеяның бүгінгі күн мәселесін шешуге де қатысы бар деп айтуға болады.

Х1Х ғасырда оқыту мен тәрбиелеудегі тұлғалық амал К.Д.Ушинскийдің («ұмтылулар»), И.Гербарт («қызығушылықтар»), Л.Н.Толстой («еркіндік» оқыту мен тәрбиелеудегі мәжбүрлеуді жоюшы басты принцип ретінде) педагогикалық жүйелерінде әртүрлі аспектіде байқалып отырды.

«Тұлға педагогикасы» негізін қалаушы Г.Шаррельман тұлғалық амалдың бір бағыты ретінде педагог пен баланың ынтымақтастығы ұғымын ендіре отырып, XIX ғасырда тәрбие мақсаты дербес индивидті дамыту деп таныды, ал американ теоретигі Дж.Дьюи педагогтың тәрбиеленушіге тұлға ретіндегі қатынасы мәселесіне көбірек көңіл бөлді.

Кеңестік дәуірде ХХ ғасыр басында П.П.Блонский болашақ «адами мектеп» негізіне «баланың өз іс-әрекеті, өзін-өзі дамыту үшін материал беретін мұғалім көмегімен біртіндеп өзін-өзі дамытуы» [32]деген тұжырымды алды. Осы кезеңдерде С.Т.Шацкий тәрбие мазмұны «ең алдымен баланың өзі, оның қажеттіліктері, қызығушылықтары мен мақсаттары»[33]. деп таныса, П.Ф.Каптерев білім беру мәнін адамның ішкі өзіндік әрекеті байқалуы деп таныды[34].

Демек, педагогикада тұлғаға бағдарлану идеясы ертеден-ақ басталды деп қарастыруға болатындығын көрсетеді.

XX ғасырдың 50-60 жылдарында тұлғалық амалдың заманауи түсіндірмесін ізгіліктік психология өкілдері Ш.Бюлер, А.Маслоу, К.Роджерс, В.Франкл басты назарды өзін-өзі жандандыруға ұмтылатын, жаңа тәжірибені қабылдауға дайын, саналы және жауапкершілікті таңдау жасауға қабілетті ерекше тұтас тұлғаға аудару қажет деп түсіндіретін «ізгіліктік педагогика» рәсімделуіне алып келді. Ал бертін келе оқытудағы тұлғалық факторды Л.И.Божович, Н.А.Данилов, Л.В.Занков, Г.С.Костюк, Х.Й.Лийметс, В. А. Сухомлинский, Д.Е.Эльконин және басқалар зерттеді. Мұнан кейін 70-жылдарда құрамына мәдени тәжірибенің төрт элементін кіргізетін, оның ішінде тұлғалық тәжірибе, эмоционалдық-құндылық қатынастар тәжірибесін т.с.с. қамтитын В.В.Краевский, И.Я.Лернер, М.Н.Скаткиндердің білім беру мазмұны моделі де тұлғалық амал жасау үшін жемісті болды.

Дегенмен жаппай тәжірибеде тұлғаның оқуға мотивациясын жандандыру, тұлғаның «ішкі» белсенділігін ынталандыру білім, білік, дағдыларды меңгеруге және тұлғаның әлеуметтік маңызды белгілерін мақсатты түрде қалыптастыруға бағдарланады, яғни оқушы тұлғасы білім беру мақсаттарына қол жеткізу құралы және қалыптастыру нысаны деп танылып отыр. Көп жағдайда тұлғалық амал категориясы педагогикалық санада ең алдымен, оқыту мақсаты, мазмұны, әдістерін өзгертпестен жүзеге асыруға болатын педагог пен тәрбиеленушілердің өзара қатынасының белгілі бір тәсілі ретіндегі этикалық-ізгіліктік феномен ретінде түсініледі. Бұл күнделікті тұрмыстық деңгейдегі түсінікке сәйкес келеді. Оқу бағдарламаларын, оқу және әдістемелік құралдарды талдау, өткізілген педагогикалық бақылаулар көрсетіп отырғанындай теорияда ғана емес, нақты оқыту тәжірибесінде де тұлғалық бағдарлауға өте аз мән берілетіні байқалады. Мұғалім санасында тұлғалық амал ең көп дегенде оқушыға құрмет көрсету, жекелендіру, оқытуды дифференциациалау, басқарудың демократиялық аспектілері ретінде ғана қолданылып, немесе оқушыға деген жеке амал ретінде ғана немесе оқушы тұлғасына жай ғана ізгіліктік қатынас түрінде байқалумен шектеліп, оқытудың мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық сипаттамаларын қамтымайды, ал нақты оқу үдерісі – оқушыны тұлғалық дамытудың түбірі деп қаралу қажет.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту нәтижесінде қалыптасатын оқушы тұлғасы моделі:

-проблемалық ситуациядан шығу жолын өз бетінше таба алатын, шығармашылық ізденістік іс-әрекетті жүзеге асыра алатын тұлға;

-әлемдік қоғамдастыққа үйлесімді ене алатын және мәдениеттер диалогын жүзеге асыруға қабілетті, жан-жақты интеллектісі бар және мәдени деңгейі жоғары тұлға;

-өмірде «Мен-концепциясын» өзін өзі жүзеге асыру, өзін өзі байқату, өзін өзі жандандыру, өзін өзі бекіту қажеттіліктерін жүзеге асыруға қабілетті тұлға;

-кәсіби білімдік бағдарламаларды, бейімділіктеріне, қалыптасқан қызығушылықтары мен жекелеген мүмкіндіктеріне сай білімнің жекелеген салаларын саналы таңдап алу және меңгеруге дайын тұлға;

-өзінің өмірлік іс-әрекеттерінде жалпы адами құндылықтармен, нормаларды басшылыққа ала отырып, басқа адамды таңдауға және өзін байқатуға құқы бар тұлға ретінде қабылдай алатын тұлға.

Өкінішке орай, әдеттегі оқушы моделінде ертеңгі талап пен дәстүрлі білім беру жүйесі арасындағы бағдарлау айырмашылығы бар екенін көрсетеді. Біз тұлғалық оқыту барысында әлеуметтік сұраныс пен жаңа білім беру мақсаттарына сәйкес тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесін бітіруші оқушы моделін қалыптастыру басты мақсатқа айналуы қажет деп түсінеміз.

Енді білім беруге тұлғалық амал жасауды бейнелейтін негізгі психологиялық-педагогикалық позицияларға тоқталайық.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру базасын А.Н.Леонтьевтің «оқыту мен тәрбиелеу өздігінен адамды тұлға ретінде дамыта алмайды, бұл тек оны сәйкес мазмұны бар іс-әрекеттік формаға ие болғанда ғана жүзеге асыра алады» деген тұжырымдамасына негіздеуге болады. Дамыта білім беруді адам өмірінің белгілі кезеңдеріне сәйкес келетін қандай да бір іс-әрекет түрлерін қалыптастырумен байланысты қарастыру қажет [35].

Тұлғалық бағдарлы педагогика мәселесі ресейлік ғалымдар еңбектерінде XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап орын ала бастап және «тұлғалық бағдарлы педагогика», «тұлғалық бағдарлы білім беру», «тұлғалық бағдарлы технологиялар» терминдері пайда болды. Ресейлік ғалымдар ішінен тұлғалық бағдарлы білім берудің ғылыми-теориялық негіздеріне талдау жүргізген Е.В. Бондаревская [36] тұлғалық бағдарлы білім берудің сапасын мәдениетке сәйкестік ұстанымымен анықтайды. Бұл ұстанымның мәні - тұлғаны дамытушы және жетілдіруші орта ретіндегі мәдениет пен білім арасындағы, сонымен қатар адамның тәрбиесі мен дамуы арасындағы карым-қатынастарды анықтау болып табылады. Яғни, білім беру мазмұнының мәдениет орталығы - бірегей жалпыадамзаттық, жалпыұлттық және аймақтық мәдени құндылықтар. Білім алушыға деген көзқарас оны еркін, тұтас тұлға ретінде, мәдени дамуы барысында құндылықтарды өзі тандай алатын, өзін-өзі жүзеге асыра алатын тұлға деп түсіндіру арқылы қальштасады деп есептейдI. Тұлғалық бағдарлы білім берудің әдіснамасын сонымен қатар И.С. Якиманская да карастырады[31]. Ол тұлғалық бағдарлы оқытуда оқушының субъектілік тәжірибесіне сүйену керек деп есептейді. Субъектілік тәжірибе танымда айқындалатын жеке іс-әрекеттің негізі больш табылады. Сондықтан, білім беру үдерісінде оқушының субъектілік тәжірибесі мұғалімнің беретін тәжірибесі арқылы мәдени сипатқа ие больш өзгереді, дамытылады, жетілдіріледі. И.С. Якиманскаяның тұжырымдамасы бойынша тұлғалық бағдарлы педагогикадағы білім берудің мақсаты - білім алушының жеке тұлғалық қасиеттерін мақсатгы түрде анықтап, дамыту үшін қажетті жағдайларды (әлеуметтік, педагогикалық) тудыру, ол қасиеттерді «мәдениеттендіру», әлеуметтік мәнді іс-әрекеттерге айналдыру. Білім беру үдерісі бұл жағдайда бІлім алушы мен педагог арасындағы оқу диалогына негізделіп кұрылып, ол бағдарламаланған іс-әрекетті бірігіп жасауға бағыгталған. Оқу диалогы мына қағидаларға сүйенеді:

-мектептегі арнайы ұйымдастырылған оқытуға дейінгі қалыптасатын субъектілік тәжірибеге ие баланың даралығын, өзіндік құндылығын, өзіндік ерекшелігін тану;

-білім беру дегеніміз өзара байланысқан екі үдерістің - оқыту мен оқудың бірлігі;

-оқытуда белгіленген меңгерудің әлеуметтік мәнді үлгілерін өзгертуге бағытталған жеке іс-әрекетті оқу ретінде түсіндіріп, білім беру үдерісін жобалау, оны қайта жасаудың мүмкіншілігін қарастыруы тиіс;

- білім беру үдерісін құруда және іске асыруда әрбір оқушының тәжірибесін, оның әлеуметтану деңгейін («мәдениеттенуі») анықтау максатында жұмыс ұйымдастырылуы тиіс;

-оқу жұмысының қалыптасатын тәсілдерін бақылап отыру; білім беру үдерісіне қатысушылардың ұжымдық-орындаушылық әрекеттерін арнайы ұйымдастыру;

-білім беру үдерісінде оқытумен берілетін қоғамдық-тарихи тәжірибе және оқушының субъектілік тәжірибесі бірігеді;

- қоғамдық-тарихи және жеке тәжірибелердің өзара әрекеттесуі оқушының субъектілік тәжірибесін ығыстырмай өзара үйлесімділікте қолданылуы тиіс;

- оқушының дамуы (әлеуметтенуі) тек нормативті іс-әрекетті меңгеру арқылы ғана емес, сонымен бірге дамудың көзі ретіндегі өзінің субъектілік тәжірибесІн әрдайым өзгерту, байыту арқылы да жүргізілгені дұрыс;

- оқу - оқушының іс-әрекеті ретінде танымды қамтамасыз ететін үдеріс болып ұйымдастырылуы керек; қажетті білім мен икемділікті меңгеру негізінде танымдық қабілеттерді қалыптастыру - оқытудың басты мазмұны болып табылады[31].

В.В. Сериков өз тұжырымдамасында тұлғалық бағдарлы білім беру үдерісін оқу ситуациясы арқылы негіздей отырып, үдерісте қолданылатын базалық технологиялардың бағыттарынбелгілейді:

-білім беру мазмұнының элементтерін түрлі деңгейлі тұлғалык бағдарлы тапсырмалар ретінде түсіндіру (тапсырмалар технологиясы);

-білім берудің мазмұнын диалог формасында меңгеру; бұл деген пәндік-мағыналық мәнді, рефлексияны, тұлғаның өзін-өзі іске асыруын қамтамасыз ететін дидактикалық-коммуникативті ерекше орта (оқу диалогы технологиясы) ішкі дау-дамай, қақтығыстар арқылы меңгерту деп қарастыруға болады;

- бәсеке тұлғалық қызметтерді іске асыруды қамтамасыз етуші әлеуметгік-рөлді және кеңістік пен уақыт ішінде жағдайларын ұқсату (имитациялық ойындар технологиясы) [37].

Білім беру парадигмасының, білім мазмұнының жаңартылуы, білімнің ізгіліктік сипатқа ие болуы, оқыту мен тәрбиенің жоғарғы мәніне тұлғаны көтеру, танымдық іс-әрекеттерді жаңаша түсіндіру - міне, осы айтылғандардың барлығы білім берудегі жаңа көзқарастардың теориялық-әдіснамалық негізі ретінде алуды талап етеді[38].

Бұл диссертациялық жұмыста кәсіби білім беру жүйесіндегі тұлғалық-бағдарлы оқытуды ұйымдастыру мәселесі қарастырылады.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру – студент тұлғасын дамыту стратегиясы деген тұжырыммен толық келісуге негіз бар деп санауға болады.

Қазіргі ақпараттық даму қоғамында өмір сүруші тұлғаға белгілі бір тұлғалық қасиеттерді меңгеру қажеттілігі де бар. Мұндай тұлғалық қасиеттерге жататындар:

-өзгермелі өмір сүру жағдайларында тез бейімделгіш, жаңа пайда болған немесе күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуге қажетті білімдерді өзбетінше ала білу;

-өзіндік сыни ойлауға қабілетті, күнделікті өмір сүру барысында пайда болған мәселелерді көре білу және оларды заманауи технологиялар негізінде тиімді шеше білу;

-ақпараттармен сауатты жұмыс жасай білу (мәселені шешуге қажетті фактілерді жинай білу, оларды талдай білу, оны шешу болжамын жасай білу. Статистикалық заңдылықтарды анықтай білу, аргументтелген тұжырымдар жасай білу);

-көпшілікпен тіл табысқыш, әртүрлі әлеуметтік орталарда тез қарым-қатынасқа түсе біліп, даулы ситуацияларды болдырмай немесе олардан тез шыға білу;

-өзінің құлықтылығын, интеллектісін, мәдени деңгейін дамыту бағында өзбетінше жұмыс жасай білу [38].

Мұндай тұлғалық қасиеттер басты зейін сабақ беруге емес, оқу іс-әрекетіне аударылатын тұлғалық-бағдарлы білім беруді негізгі стратегиялық бағыт деп тану барысында ұйымдастырылған тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесінде ғана қалыптастырылады. Бірақ бұл ерекшелікті атап көрсетіп отырса да, зерттеушілерде көбінесе оқу немесе оқу іс-әрекетін танымдық іс-әрекет деп қарастыру басымдылығы байқалады.

Қазіргі оқу орындарында жүзеге асырылып жатқан кредиттік жүйеде студенттермен өткізілетін сабақ білім беру үдерісінің басты элементі болып қала береді. Бірақ оның атқаратын қызметтері, формалары өзгеріп отыр. Кредиттік жүйедегі сабақтарда студенттерді жаңа білім, білік, дағдылармен байытумен қатар, олардың танымдық қызығушылықтарын, интеллектуалдық ойлау дәрежесін және шығармашылық белсенділігін арттыру қажет. Бұл міндеттердің орындалуы қазіргі педагогикалық қоғамда кең тарап келе жатқан тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасымен тығыз байланысты.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту студент тұлғасы дамуын, оның өзін-өзі дамытуын оның таным мен пәндік іс-әрекет субъектісі ретіндегі жекелеген ерекшеліктерін анықтай отырып қамтамасыз етуді негіздейді. Мұндай оқыту жүйесі әрбір оқушыға өзінің қабілеттіліктеріне, бейімділіктеріне, қызығушылықтарына, құндылық бағдарлары мен субъективтік тәжірибесіне сүйене отырып таным барысында, оқу іс-әрекетінде, мінез-құлқында өзін толық жүзеге асыру мүмкіндігін береді.

Сонымен бірге зерттеу негізін И.С.Якиманскийдің тұжырымдаған тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы құрайды. Бұл зерттеу педагогика және психология тәжірибесінде әлі де болса көп мән берілмейтін, бірақ оқушы

өмірінде және оның қалыптасуында маңызды рөл ойнайтын «өмір сүру әрекетіндегі субъективтік тәжірибе» факторына ерекше зейін аударады.

Отбасында, білім беру жүйелерінде, әлеуметтік-мәдени ортада, табиғат пен қоғамды қабылдау үдерісінде меңгерген субъективтік тәжірибесі оның тұлға ретіндеөзін өзі байқатуға және өзін өзі жүзеге асыруға жағдай жасай отырып, оқу үдерісіне белсенді қатысу мүмкіндігін береді.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту барысында «Мен» ашылуы әлеуметтік, тұлғалық, эксклюзивтік деңгейде жүреді. Бұл дегеніміз адамдар қатынастары жүйесіндегі өз орнын анықтау, сәйкестендіру, өзін жеке меншік биографиясын құрушы ретінде сезіну деп тануға болады.

Өзін өзі дамытудың міндетті шарты ретінде Г.А.Цукерман өзбетіншелік, жауапкершілік, бастамашылдық сияқты тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруды атап көрсетті және олар бірқатар негізгі қажеттіліктердегі субъекттік нақтылықты ендіруге негіз болады деп санады. Мұндай қажеттіліктерге жататындар:

өзін өзі жүзеге асыру;

өзін өзі жандандыру;

өзін өзі бағалау;

өзін өзі байқалту;

өзін өзі жетілдіру;

өзін өзі бекіту;

өзін өзі құрметтеу [39].

Тұлғалық-бағдарлы дамыта оқыту өзегі - қайталанбас психологиялық қасиеттердің ғана емес, сонымен бірге субъекттік тәжірибенің тасымалдаушысы болып табылатын тұлға жекелігін (дербестігін) мойындау тезисі болып табылады.

Осыған байланысты әр оқушының жекелеген ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін зерделей отырып, бұл мүмкіндіктерді тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететіноқу іс-әрекеті құрылымын, жолдарын, құралдарын анықтау ерекше маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Жас және жекелеген ерекшеліктерін зерделеу негізінде жекелік пен тұлғалық-бағдарлы дамыта оқытуды жүзеге асыру шарттары анықталады.

Сонымен, тұлғалық-бағдарлы дамыта оқытудың анықтаушы позициясы субъекттік тәжірибеге сүйену, оны оқытушының оқу пәні арқылы ашуы болып табылады.

Тұлғалық-бағдарлы дамыта оқытудағы педагог пен оқушы қатынасы – ынтымақтастық, серіктестік қатынас болып табылады және бұл педагогтан оқытудағы позициясын, оның формалары мен құралдарын қайта карауды талап етеді.

Ерекше рөлді білімдер мен біліктер динамикасын ғана қадағалау емес, сонымен бірге тұлғалық және жалпы интеллектуалдық бағыттағы жүретін дамуын да бақылау мүмкіндігін беретін психологиялық қызмет көрсету алады.

Шетелдегі 60-70 жылдардағы зерттеулерде шарықтау шегіне жеткен мағыналы оқыту, мұғалім рөлі, оның оқушылармен өзара қатынасы жайлы

Роджерс идеялары оқытуды ізглендірудің негізіне салынған. Англия, АҚШ, кейіннен Германияда әртүрлі оқу орындарында жүргізілген тәжірибе көрсеткеніндей мұндай идеялар негізінде оқыту нәтижесі оқушылардың дамуы байқалатынын көрсеткен, яғни олардың өзін өзі бағалауы жақсарған, интеллект дәрежесі көтерілген, оқу үлгерімдері мен сабаққа қатысуы жақсарған. Әрине бұл тәжірибелер оларда көбінесе мектеп, колледждерде жүргізілген.

Ал қазіргі кезде қоғам мен мектепті демократияландыру және ізгілендіру үшін оқыту әлеуетін арттыратын Роджерстің ізгіліктік идеяларының маңызы өте зор.

Бізге педагогика, оның ішінде дидактикада психологиямен тығыз байланыс бар екендігі белгілі. Бұл байланыс зерттеу пәні (адам, бала) жалпылығымен ғана емес, зерттеу әдістері жалпылығымен ғана емес, адамдағы адамилық табиғатын көре және түсіне білуге қатысты теориялық позициялары жалпылығымен де анықталады. Түрлі психологиялық позициялар әртүрлі педагогикалық позицияларға алып келеді.

Әлемдік психологияда беделді және белгілі бір мөлшерде бір біріне қарама қарсы қойылған төрт басым бағыттар бар. Олар: психоанализ, бихевиоризм, ізгіліктік психология және когнитивтік психология. Әр бағыттың адам, оның дамуы, оның мінез-құлықтық себептері, сол сияқты оқыту және тәрбиелеу әдістері жайлы да өзіндік түсініктері бар. Мұны келесі кестеден көруге болады.

Кесте 1-Психологиялық бағыттар сипаты

| Бағыттары | Адамға қатысты көзқарас | Педагогикалық позиция |
|---|---|---|
| Психоанализ | Адамның белсенділігін екі инстинкт - өмір инстинкті және өлім инстинкті (агрессиялық және сексуалдылық) анықтайды. | Педагогика міндеті - өзінің қажеттіліктерін айналадағы адамдар үшін мүмкін болатын-дай тәсілмен қанағат-тандыруға үйрету |
| Бихевиоризм | Адамның мінез-құлқы оның салдарымен тығыз байланысты. Адам үшін қолайлы салдарлар ол мінез-құлықты бекітеді немесе керісінше, егер мінез-құлық жайсыз салдарлар тудыратын болса, онда адам ол мінез-құлықтан қашқақтайды. | Ойластырылған мадақ-тау мен жазалау жүйесі педагогқа баланың дұ-рыс, қажетті мінез-құлқын қалыптастыру мүмкіндігін береді. |
| Ізгіліктік психология | Адам шығармашылық пен дамуға қабілетті болып туылады. Табиғат берген барлық әлеуетті жүзеге асыру – адамның туа біткен қажеттілігі. | Педагог міндеті – оқушының өз әлеуетін толық жүзеге асыруына және қабілетіне қарай мақсатына қол |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоғам әсері бұл қажеттіліктің жүзеге асырылуына кедергі жасайды. | жеткізуіне қажетті жағдайлар жасау. |
| Когнитивтік психология | Адамның мінез-құлқы негізінен фактілер және құбылыстардың өзімен емес, оның осы фактілер мен құбылыстар жайлы ойларымен байланысты. | Педагог негізгі зейінді таным үдерісі мен бала санасы белсенділігіне аудару қажет. |

Тұлғалық-бағдарлық амал негізіне ізгіліктік психологиядағы адамға деген көзқарас пен педагогикалық позиция алынады және тұлғалық-бағдарлық амал жасау барысында басқа педагогикалық амалдар негізінде шешілмейтін оқыту міндеттерін шешу мүмкіндігі бар. Сондықтан қазіргі кезде тұлғалық-бағдарлық амал негізінде оқытуға деген қажеттілік жоғары. Бірақ әлі күнге дейін жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесіндегі тұлғалық-бағдарлы оқытуды жүзеге асыру мүмкіндіктеріне толық мән беріліп отырған жоқ.

Бұған себеп ретінде «тұлғалық-бағдарлылық» ұғымының әртүрлі мағынада қолданылуы, педагогтың бұл бағытта оқытуға қатысты арнайы дайындығы жеткіліксіздігі, мұғалім мен оқушы еңбегін бағалауда бұрынғы өлшемдердің қолданылуы, тұлғалық-бағдарлы оқытуға қатысты технологиялық дәйектемелердің болмауы, тұлғалық-бағдарлы оқытудың объективтік кемшіліктері т.с.с. жатады.

Ал біздің жүргізген зерттеулеріміз барысында тұлғалық-бағдарлы оқытуға қатысты технологиялар жасауға көбірек мән беру байқалса да, тұлғалық-бағдарлы оқытудағы оқушы іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты педагогикалық шарттарды анықтап, оларды жүзеге асыру технологиясына әлі жете мән берілген жоқ. Бұл зерттелмеген аспект деп қарастыруға болады.

Тұлғалық-бағдарлық ұғымы әртүрлі мағынада түсіндіріледі. Бұл тұлғалық-бағдарлық амал мәнін дұрыс ашып көрсетуге кедергі келтіретіні анық.

И. С. Якиманская «Тұлғалық - бағдарлы оқыту – бастысы бала тұлғасы, оның өзіндік болмысы, өзіндік құндылығы, сондықтан алдымен әрқайсысының субъекттік тәжірибесі ашылып, сонан соң білім беру мазмұнымен сәйкестендіріледі» дейді[40]. Сөйте тұра дәстүрлі педагогика мақсат ретінде тұлғаны дамытуды анықтайды, демек бұл жағынан тұлғалық-бағдарлы деп қарастырады.

Л.М.Фридман тұлғалық-бағдарлы оқыту мен тұлғалық-бағдарлы білім беруді ажырату керек деп есептейді. Тұлғалық бағдарлы оқыту оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үдерісі десек, тұлғалық-бағдарлық білім беру тұлғалық-бағдарлы оқытуды да, оқушы тұлғасын тәрбиелеудің бүкіл жүйесін де қамтиды дейді [41].

Тұлғалық-бағдарлық оқыту теориясы мен практикасы оқыту мен тәрбиелеуге қатысты әртүрлі көзқарастарды негіздейтін басқа да бағыттармен сәйкес деп те карауға болады. Мұндай бағыттар: ізгіліктік педагогика,

неопрагматизм, экзистенциализм, неопедоцентризм, еркін тәрбиелеу (АҚШ, Европадағы 70-жылдар), ынтымақтастық педагогикасы (80-жылдардағы кеңестік дәуір).

Тұлғалық-бағдарлылық тұлғаға кез келген әсер ету емес, ол іс жүзінде ізгіліктік психология идеяларын жүзеге асыру деп түсіну қажет.

Бүгінгі жоғарғы оқу орнындағы білім беру жүйесінде педагог ең алдымен, студенттің өмір сүру барысында белсенді, жауапкершілікті тұғырдан табылуын қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттерін дамытуға көмектесуі қажет. Тұлғалық-бағдарлы оқытудың басқа концепциялардан айырмашылығы оқушының субъективтілігін дамытып, бүгінгі күн талаптарына сай өзін-өзі дамыту механизмін қозғап жіберуге бағдарлануы болып табылады.

Бұл міндеттерді жүзеге асыруға байланысты кәсіби білім беру жүйесінде педагогикалық пәндерді зерделеуді ұйымдастырудың мүмкіндігі зор.

Болашақ мамандарды кәсіби дайындау ісінде педагогикалық білімдер беруге тиісті назар аударылып отыр, дегенмен де заманауи талаптар негізінде студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда бірқатар шешуді қажет ететін мәселелер бар. Олардың қатарына жататындар:

1.Студенттердің тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін өзін-өзі дамыту тетігін басқарудың әлі толық жүзеге асырылмауы.

2.Кәсіби дайындықтағы психологиялық-педагогикалық білімдердің олардың тұлғалық қызығушылықтары, қажеттіліктері, өзін байқату формалары қалыптасуына тікелей әсері ескерілмеуі.

3.Студенттердің тұлға ретіндегі субъективтілігі қалыптасуына жете көңіл бөлінбеуі.

Бұл мәселелерді дәстүрлі оқыту концепциялары мен оқыту әдістері негізінде жүзеге асыру мүмкін болмай қалып отыруы, студенттердің тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесіндегі оқу іс-әрекетін қойылып отырған жаңа талаптар негізінде ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтап, теориялық тұрғыдан негіздеуді қажет етеді.

Тұлғалық-бағдарлық амалдың негізін қалаушылардың бірі америка психологы, педагог Джордж Дьюи мұнан жүз жыл бұрын оқытуды оқушының жекелеген қызығушылықтары мен мақсаттарын ескере отырып, жүзеге асырылатын мақсатты іс-әрекет арқылы ұйымдастыру қажеттілігін ұсынған еді.

Қазіргі оқушы бейнесінің заманауи талаптарға сай болмауы келесі қажеттіліктерді туындатып отыр:

-өзгермелі қоғамға сәйкес тұлғаны әлеуметтендіру мен жекелендіруге қатысты тұлғалық қасиеттерін анықтап және дамыту:

-студенттерде әлеуметтік және рухани өмір құбылыстарын түсіндіру және бағалау қабілеттіліктерін дамыту және қалыптастыру;

-әртүрлі салаларға қатысты мәселелерді шеше білу қабілеттіліктерін қалыптастыру және дамыту.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту студенттерге өзінің қабілеттіліктері мен қажеттіліктері бойынша жекеменшіктік ерекшелігіне сәйкес қарқында оқу мүмкіндігін беріп, оларды танымдық даму деңгейіне бағдарлаумен қатар, оның

мүмкіндігінен жоғарырақ деңгейдегі талаптарды қояды. Әрбір студенттің өзінің жеке тәжірибесі жинақталуына және мәселелерді шешудің жолдарын өзбетінше іздеу біліктері қалыптасуына әсер етеді.

Тұлғалық-бағдарлы оқытуда студент білімдерді өзіне шын мәніндегі қажеттілік ретінде қабылдауын ұйымдастыру басты назар аударуды қажет етеді. Білімді өзінің қажеттілігіне айналдыру үшін:

1.Сабақта білім алушы үшін маңызды, өмірден алынған мәселені қою.

2.Қойылған мәселені шешуге қажетті ақпаратты іздеуді ұйымдастыру.

3.Мәселені шешу үшін белгілі бір білімдер мен біліктерді жоспарлау және қолдануды жүзеге асыру.

4.Шығармашылық, зерттеу және ізденіс іс-әрекеті нәтижесі ретіндегі - өнімді алу.

5.Жасалған жұмысты қорытындылау, өзінің алған нәтижелерін көрсету – тұсаукесер жасау.

Бұл міндеттерді орындау барысында алынатын нәтижелерді екі түрге бөлуге болады:

Сыртқы нәтиже – іс жүзінде көруге, саналы түсінуге, өмірде тәжірибеде қолдануға болатын нәтижелер. Бұларға жататындар: тұсаукесер, плакаттар, оқулық, жадынамалар және т.б. жасау болып табылады.

Ішкі нәтиже - өзіне білім, білік, құзырлылылықтар мен құндылықтарды біріктіретін іс-әрекет нәтижесі болып табылады.

Тұлғалық-бағдарлы білім беруде білімдерді тұлға қажеттілігіне айналдырудың бірден-бір құралы ретінде жобалау әдісін қолданудың маңызы ерекше екендігіне мән беріледі. Себебі, тұлғалық-бағдарлы амал негізінде жобалау әдісін қолдану студенттің пәндік-коммуникативтік құзырлылығы мен өмір сүру салаларын түрлендіру қабілеттілігін дамыту, оқу мотивацияларын және алынған білімдер сапасын арттыру жүзеге асырылады.

Қазірге кезде кәсіптік білім беруде тұлғалық-бағдарлы оқыту идеясын жүзеге асыруда көп көмегі бар әртүрлі жобалар бар. Бұлардың қатарына ойындық жоба, экскурсиялық жоба, ақпараттық жоба, конструктивтік жобаларды жатқызуға болады деп есептейміз.

Маңызды құрал ретінде жобалау әдісін қолдану дәстүрлі оқытудағы дәрістік-семинарлық жүйені тұлға дамуына бағыттау ісін дамытады. Бұл әдіс студенттің ізденістік-шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру мүмкіндігін беретін зерттеу әдісі деп тануға болады.

Қазіргі педагогикада тұлғалық-бағдарлы білім беру деп адамға өзінің өмір сүру іс-әрекетінің иесі болуына, онда белсенді, жауапкершілікті, «авторлық» позицияны ұстануға көмектесетін тұлғалық қасиеттерді дамытуды қамтамасыз ететін білім беруді айтады. Бұл жағынан тұлғалық-бағдарлы білім беруді дамытушы білім берудің бір түрі ретінде де қарастырады. В.В.Давыдов, В.В.Репкиннің тұжырымдаулары бойынша дамытушы деп нақты жас кезеңіндегі жетекші іс-әрекет негізінде сәйкес психикалық жаңа құбылыстардың пайда болуы мен дамуын анықтайтын білім беру деп есептейді. Тұлғалық-бағдарлы білім берудің дамыта білім берудің басқа тұжырымдарынан

айырмашылығы негізінен оқушы субъективтілігін дамытуға, жас кезеңіне сәйкес өзін өзі дамыту тетіктерін қосу мүмкіндігін беруге бағдарлануы болып табылады. Ал дамытушы білім берудің басқа тұжырымдарында интеллектуалдық дамытуды басты мақсат етіп қояды да, ал субъективтілікті жанама өнім ретінде және дамыта білім беруге қажетті жағдай ретінде қарастырады [42].

Педагогика ғылымы теориясы мен тәжірибесі дамуында тұлғалық-бағдарлы білім берудің оқушы субъективтілігі мен өзін-өзі дамытуы өлшемі бойынша тұлғалық-бағдарлы білім берудің үш позициясын анықтайды.

Мұның біріншісі, И.С.Якиманская позициясы оқушыны таным субъектісі ретінде қарастыра отырып, оқушының танымдық тәжірибесі, оның қабілеттіліктері мен қызығушылықтары негізінде өзін танымда, оқу іс-әрекетінде және оқу мінез-құлқында жүзеге асыру мүмкіндігін беретін оқытуды ұйымдастыру деп қарастырады.

Екіншісі, В.В.Сериков позициясында оқушыны өмір сүру іс-әрекеті субъектісі ретінде оның өмірлік тәжірибесін (тек таным тәжірибесі ғана емес) сонымен бірге қарым-қатынас, продуктивті іс-әрекет, шығармашылық және т.с.с. негізінде оның өзінің оқу іс-әрекетінде ғана емес, барлық өмірінің, оның ішінде бүгіні мен болашағының субъектісі болып қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастыру деп тұжырымдалады. Бұл үшін интеллектуалдық дамытудан басқа стратегиялық іс-әрекетке қабілеттіліктерін, креативтілігін, сынилығын, мәнділік шығармашылығын, қажеттіліктері мен мотивтері жүйесін, өзін өзі анықтауын, өзін өзі дамытуын, оң Мен-концепциясын дамыта отырып, тұлғалық өсуін қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастыру деп санауға болады.

Үшіншісі, Е.В.Бондаревская позициясы оқушы субъективтілігін дамытуды тек оқытуда ғана емес, біріншіден, тұлғалық-бағдарланған тұтас педагогикалық үдерісте, екіншіден, оның тек табиғи үйлесімділігі ғана емес, педагогикалық үдерістің мәдени үйлесімділігн қамтамасыз ету негізінде қарастырады. Демек, оқушы өмір сүру субъектісі ғана емес, мәдениет субъектісі – оны тасымалдаушы, сақтаушы, қолданушы, жасаушы деп те қарастыру қажеттілігін негіздейді.

Кәсіптік білім берудегі тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолданудың тиімді педагогикалық шарттарын анықтауда осы уақытқа дейін зерттеулер негізінде тұжырымдалған тұлғалық-бағдарлы оқытуды жүзеге асыру позицияларының толық сипаттамасымен танысу мәні зор. Бұл мақсатта кесте 2-де берілген мағлұматтар ерекше рөл атқара алады.

Бұл үш позицияны бірін бірі толықтырушы жүйелер ретінде қарастыруға болады, немесе бірінен кейін бірін толықтырып отыратын тұлғалық-бағдарлы білім берудің қалыптасуы кезеңдері деп те қарауға болады. Бұл позицияларды тұжырымдау ерекшеліктерін анықтай отырып, тұлғалық-бағдарлық білім беру жүйесін құрайтын ұғымдар, амалдар, құбылыстар мен тетіктер табиғатын негіздеуге болады.

Көріп отырғанымыздай, білімдік-тәрбиелік жүйе біртіндеп басты ерекшелігі ретінде сипаты тұлғаға бағдарлану болып табылатын жаңа сапалық

күйге өтіп келе жатыр. Тұлғаға бағдарлану мәнін ашу үшін дәстүрлі және тұлғалық-бағдарлы білім беру жүйелерін салыстыру қажет. Бұл салыстыруды В.В.Сериков жүргізген. Оның пайымдауынша «дәстүрлі білім беру» адамның функционалдық, пәндік-нәрселік білімділігін басты мақсат ете отырып, тұлғаны құрал ретінде, сырттан қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі қозғаушы күш ретінде оның мотивациялануы, құндылық бағдарлануы, мағына іздеуі тетіктеріне сүйенеді. Бұл тұлғалық тетіктердің, функциялардың дамуы қажетті мөлшерде, қажетті аспектіде, индивидті әлеуметтік бағдарлау үшін қажетті деңгейде жолай жүзеге асырылады деп есептейді.

Кесте 2 – Тұлғалық-бағдарлы оқыту позициялары сипаттамалары

| Позициялар | Оқушы субъективтілігі сипаты | Оқытуды ұйымдастыру негізі | Нәтиже |
|---|---|---|---|
| И.С.Якиманская позициясы | Оқушы – таным субъектісі | Оқушының таным тәжі-рибесі, қабілеттіліктері мен қызығушылықтары негізінде және оның өзін танымда, оқу іс-әреке-тінде көрсетуіне жағдай жасау | Интеллектуал-дық дамыту |
| В.В.Сериков позициясы | Оқушы – өмір сүру әрекеті субъектісі | Құраушылары танымнан басқа, қарым-қатынас, өнімді іс-әрекет, шығар-машылық тәжірибелері болып табылатын өмір-лік тәжірибесін ұйым-дастыру | Интеллектуал-дық дамыту және тұлғалық өсу |
| Е.В.Бондаревская позициясы | Оқушы мәдениет субъектісі | Тұтас педагогикалық үдерісті мәдени үйлесім-ділікті жүзеге асыру негізінде ұйымдастыру | Мәдениет тасымалдауш ысын, сақтау-шы, тұтыну-шы және жа-саушы тұл-ғаны дамыту |

Бұған керісінше «тұлғалық-бағдарлық білім беру» рефлексия, шығармашылық мән іздеу, таңдаушылық, жауапкершілік, автономдылық және т.б. сияқты адамның тұлғалық өмір сүруі тетіктерін білім берудің өзіндік міндетті мақсаты ретінде қарастырады да, оған қол жеткізуге мазмұндық, процессуалдық компоненттерді бағындыруды талап етеді. Бұл кезде пәндік

мазмұнды меңгеру тиімділігі артады, себебі бұл мазмұн енді сапалық жағынан жаңа тұлғалық мәнге ие болып, индивидтің тұлғалық тәжірибесі мазмұны және қалыптасу ортасы ретінде рөл ойнайды.

В.В.Сериков тұлғалық дамыту мазмұнын индивидтің өмір сүруі барысында тұлға орындайтын таңдаушылық, рефлексия, мән анықтаушылық, «Мен» бейнесін жасау, жауапкершілікті қабылдау, таңдап алған іс-әрекет сферасында шығармашылық өзін өзі жүзеге асыру функцияларының түпкі көзі ретінде субъект болмысының автономдылығы мен жекелігін қамтамасыз ету деп анықтайды. Осыған байланысты В.В.Сериков тұлғалық-бағдарлы білім берудің әдіснамалық мәнін анықтайтын негізгі қағидаларды тұжырымдады. Олар:

1.Әдіснамалық қамтамасыз ету функциясы білім беру мәселелерін педагогикалық танудың концептуалдық және эмпирикалық құралдарын тұлғалық-бағдарлы педагогикалық іс-әрекет негізіне сәйкестігін экспертиза жасап, білім беру моделінің қаншалықты тұлғалық бағдарлау өлшемдеріне сәйкестігін тексеріп отырумен анықталады.

2.Педагогикалық зерттеулердегі әдіснамалық алдын алу білім берудің жетекші құндылықтары, оның мақсаттары, өлшемдері, ұғымдық құрылымы жайлы мағлұматтардан құралатын педагогикалық ойлаудың жаңа аппараты негізін қалайды.

3.Әдіснамалық амал тұлға дамуын қамтамасыз ететін, негізінде локалды-функционалдық эксперимент емес, тұтас білім беру жобалары жүйесі жататын, өзінше «педагогикалық орта» болып табылатын жаңа зерттеу әдістерін негіздейді - деп тұжырымдайды.

«Тұлғаның мәні – сыртқы нормативтер мен меншікті өмірлік шығармашылықтың арасындағы обьективті өмір сүретін қарама-қайшылықтарды субъективті түрде бастан кешіру» деген тұжырымды тұлғалық-бағдарлы білім берудің әдіснамалық негізін құрайды деп тануға болады[43].

В.В.Сериковтің тұлғалық-бағдарлы білім беру концепциясының теориялық қызметі білім беру үдерісінің тұлғалық дамыту функциялары табиғатын ашып көрсету және жүзеге асыру жағдайларын анықтау болып табылады. Бұл концепцияның практикалық құндылығы білім беру практикасы үшін тұлға дамуында когнитивтік-бағдарлық тәжірибені қалыптастыруға алып келетін дәстүрлік оқытудың алтернативасын жасау деп түсінуге болады. Сонымен В.В.Сериков «тұлғалық-бағдарлы білім беру – берілген қасиеттері ғана бар тұлғаны қалыптастыру емес, тұлғалық қасиеттердің толық байқалуына, сәйкес білім беру үдерісіндегі тұлғалық функцияларды дамытуға жағдай жасау» - деп тұжырымдайды[43].

В.В.Сериков концепциясы бойынша оқушы өмір сүру субъектісі ретінде қарастырылады, осыған байланысты, оқытуды өмір сүру тәжірибесін таным, қарым-қатынас, өнімді іс-әрекет, шығармашылық тәжірибесімен тығыз байланысты құрылуы керек деп санайды. Демек, интеллектуалдық дамытумен бірге тұлғалық дамуы, стратегиялық іс-әрекетке қабілеттіліктері, өзін өзі анықтауға, өзін өзі дамытуға қабілеттіліктері дамуын қамтамасыз етуді қарастырады.

Ал Е.В.Бондаревская амалының ерекшелігі оқушы субъективтілігін тек оқытуда ғана емес, тұлғалық-бағдарлы тұтас педагогикалық үдерісте дамыту, тек табиғи үйлесімділік идеялары негізінде емес, педагогикалық үдерістің мәдени үйлесімділігі идеяларының жүзеге асырылуы, яғни оқушы тек таным субъектісі емес, өмір сүру субъектісі емес, мәдениет субъектісі ретінде дамытылуы қажет деп тұжырымдайды. Осыған сәйкес Е.В.Бондаревская анықтаған қағидалар төмендегіше беріледі:

1)білім беру адамның қалыптасуы, оның өзіндік мәнге, өз бейнесіне, қайталанбас дербестікке, руханилыққа, шығармашылық бастауға ие болуы;

2)балаға және оның білім беру үдерісіндегі позициясына тұлғалық-ізгіліктік амал жасау, яғни адамдағы адамилықты қолдау, дамыту, өзінің өзіндік тұлғалық бейнесі және басқа адамдармен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен диалогтық және қауіпсіз өзара әсерлесуі қалыптасуы үшін қажетті оның өзін өзі жүзеге асыру, өзін өзі тәрбиелеу, өзін өзі дамыту, бейімделу (адаптация ), өзін өзі реттеу, өзін өзі қорғау және басқа да тетіктерін қалыптастыру;

3)адамилану функцияларын анықтау (гуманитарлық, мәденижасампаздық, әлеуметтену);

4)адамның экзистенциалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және аксиологиялық, когнитивтік, іс-әрекеттік-шығармашылық және тұлғалық компоненттерін қамтитын мазмұнның болуы;

5)түсіндіруден түсінуге, монологтан диалогқа, әлеуметтік бақылаудан дамытуға, басқарудан өзін өзі басқаруға өтуді негіздейтін педагогикалық технологиялар[44].

Бұл қағидалар тұлғалық-бағдарлық білім берудің басты құралы болып табылатын тұлғалық-бағдарлы оқытуды жаңа заманауи талаптарға сай ұйымдастыру негіздерін анықтау мүмкіндігін береді. Бұл қағидалардың негіздік ерекшеліктерін анықтаумен қатар тұлғалық-бағдарлы білім берудің мәнін талдау оны жүзеге асыру барысында қол жеткізу шешілу қажеттілігі бар мәселелерді де айрықша бөліп көрсетуге жағдай жасайды.

Бұл бағытта В.В.Гузеев еңбегінде айтылған ой маңызы ерекше. Ол былай дейді: қазіргі қоғам үшін вариативтілік, полифункционалдылық, құндылық сәйкестік, мәдени ортадағы құндылықтар мен іс-әрекет тәсілдерін меңгеруге ерекше назар аудару басты бағыт болып табылатын сапасы жағынан жаңа сипаттамалармен ерекшеленетін білім беру жүйелері қажет. Өзектілігін жоймаған педагогикалық дәстүрлерге жаңа мағына беріп, кезінде қабылданбаған бар тәжірибені қайта ой елегінен өткізу қажеттілігі туындап отыр. Бүгінгі күні педагог оқыту емес, баланың қалай оқитынын түсіну және сезінуі қажет. Бұл тұлғалық-бағдарлы педагогиканың басты міндеті болып табылады дейді [45].

В.В.Краевский жаңа талаптарға сай білім беру мәселелерін талдай келе, «Тұлғалық-бағдарлы білім беру деген бұл:

Қатаң, оқушыларды өз дегеніне бағындыруға тырысатын және дайын білімдерді есте сақтауға бағдарланған өктемдік схемадан бас тарту;

Жан жақты дамытуға бағдарлану;

Педагогикалық қатынастар жүйесіндегі әр адамның шығармашылық энергиясын босатуға байланысты проблемалық оқыту» деп тұжырымдайды [46].

Педагогика ғылымы мен жаппай практикада білім беруді жүзеге асыруға қатысты түрлі оқыту жүйелері қарастырылады. Оларға: дәстүрлік, бағдарламаланған, проблемалық, дамытушы, проблемалық-дамытушы, контекстілік, проблемалық-модулдік, эвристикалық, дербестендірілген, тұлғалық-бағдарланған және т.с.с.

Г.И.Саранцев өз зертеулерінде «білім» категориясын түсінуге диалектикалық амал жасай отырып, тұлғалық-бағдарлы оқытуға қатысты келесі нәрселерді бөліп көрсетті:

Оқушыны тұлға деп тану;

Оның субъекттік тәжірибесіне сүйену;

шешуі тұлға дамуына алып келетін оқушының субъекттік тәжірибесі мен оқу материалы арасындағы қарама-қайшылықты анықтау қажеттілігі [47].

Сонымен қарастырылып отырған тақырыпта кәсіптік білім берудің тұлғалық-бағдарлы оқыту мүмкіндіктерін анықтадық. Бұл бағытта педагог ғалымдардың еңбектері негізінде кәсіптік білім беруде тұлғалық-бағдарлы білім берудің басты құралы ретінде тұлғалық-бағдарлы оқытуды жүзеге асыру арқылы студенттердің белсенділігін арттыруға болады деп есептейміз.

## 1.2 Тұлғалық бағдарлы оқытудағы студенттердің оқу-іс-әрекеті мәні мен құрылымы

Тұлғалық-бағдарлы оқытудағы басты мақсат студентті тұлға ретінде дамыту болатын болса, оның психологиялық механизмі осы үдерістегі жасалатын іс-әрекет болып табылады. Оқу іс-әрекеті бұл үдерістегі негізгі іс-әрекет болғандықтан оны ұйымдастыру ерекшеліктері зерттеуді қажет ететін мәселе. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру білім беру үдерісінде тұлғалық-бағдарланған амалды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды жасаудан басталады.

Студенттердің психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып-үйрену барысындағы оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда кездесетін бірқатар қарама-қайшылықтар бар. Кәсіби біілім беру жүйесіндегі болашақ білім беру жүйесі мамандарын дайындауда оқу-танымдық іс-әрекет сипаты бойынша оқу іс-әрекеті бола тұрса да, мәні бойынша болашақ тұлғалық-бағдарлы білім беруді жүзеге асыру қатысты кәсіби іс-әрекетке сәйкес болуы керек. Сол сияқты, екінші жағынан кредиттік жүйеде тұлғалық-бағдарлы оқыту мен тәрбиелеу әдістерін меңгеру қажеттілігімен байланысты да қарама-қайшылықтар да байқалуы мүмкін.

Кәсіптік білім беруде оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқытуды жүзеге асыру жағдайлары жиынтығы ретінде ұйымдастыруға болады деп санаймыз.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру – бірнеше кезеңдерден тұратын студенттердің іс-әрекетін басқару деп анықтауға болады. Бұл кезеңдер: бастапқы күйін және іс-әрекет мақсаттарын анықтау; іс-әрекетті жоспарлау мен болжамдау; іс-әрекет бағдарламасын тәжірибеде жүргізу; іс-әрекетті бақылау, талдау және түзету.

Оқу іс-әрекеті теориясын меңгеру студенттердің кәсіби біліктеріне жатады. Солай бола тұрсада білім беру жүйесінде қызмет барысында студенттер бұл білімдерді дұрыс қолдануда қиындықтарға кездесіп отырады. Мұның себебі бұл іс-әрекетті психологиялық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыруға қатысты өзінің меншікті тәжірибесінің болмауы да теріс әсер етеді.

Қазіргі кезеңде оқу іс-әрекеті психологиялық, педагогикалық пәндер бойынша алатын білім, білік, дағдылары менбілім беру жүйесінде басқа оқушыларды оқыту, тәрбиелеу кезінде кәсіби-практикалық міндеттерді орындау арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу мүмкіндігін беретін бастапқы ұғымдар болып табылады.

Нақ оқу іс-әрекеті кезінде теориялық білімдер тәжірибеде әсерлі болып, іс-әрекеттің өзі теориялық негізді бола алады. Демек, педагогикалық пәндерді оқып-үйрену барысында студенттердің іс-әрекеті тек психологиялық, педагогикалық білім, білік, дағдыларды меңгеруге ғана емес, оның білім беру жүйелерін дамыту тенденцияларына сай педагогикалық санасы қалыптасуына да бағытталуы қажеттілігі анықталады.

Білімдерді меңгеру қажеттілігі мотивтер негізінде жүзеге асырылады. Мотив – іс-әрекетке ұмтылдырушы күш, іс-әрекеттің не үшін жасалатынын көрсетеді. Оқу іс-әрекеті мотивтері динамикалы, тұлғаның әлеуметтік бағдарларына қарай өзгеріп отырады. Басында мотивтер оған қатысты сыртқы болып табылатын, іс-әрекеттің мазмұнымен байланыссыз факторлар әсерінен қалыптастырылады. Кезкелген іс-әрекеттің мотивтері көп жақты болып келеді. Ойлау көмегімен оқушы әртүрлі ұмтылуларды бағалай отырып, оны өзінде бар сенімдер, ұмтылулармен салыстырып, ол ұмтылударды эмоционалдық тұрғыдан бағалағаннан кейін мақсат қоя отырып, іс-әрекетке кіріседі. Оқу үдерісі мотив меңгерілетін нәрсенің ішкі мазмұнымен байланысты болып, оқу іс-әрекеті барысында оқушыларға қойылатын міндеттер тек түсінікті ғана емес, іштей қабылданып, ол үшін маңызды құндылыққа айналдыра отырып құрылуы қажет, яғни танымдық мотивациясы құрылуы қажет. Мұндай мотивацияны қалыптастыру оқыту мазмұнымен тәсілдеріне тығыз байланысты [48].

Оқу іс-әрекеті құрылымын былайша анықтауға болады:

1.Оқу есептері - оқушы нені меңгеруі қажет, соны көрсетеді;

2.Оқу әрекеттері – оқушы меңгеруі тиіс оқу материалын өзгерту, бұл оқып-үйренілетін нәрсе қасиетін анықтауы үшін оқушы жасайтын нәрсе;

3.Бақылау әрекеті – оқушы әрекетті дұрыс жасауына сілтемелер;

4.Бағалау әрекеті – оқушы нәтижеге қол жеткізгендігін немесе жеткізбегендігін анықтау.

Бастапқыда оқушы оқу міндеттерін және шешу әрекеттерін өз бетінше анықтай алмайды, оған мұғалім көмектесуі қажет. Бұл біліктер біртіндеп меңгеріле отырып, оқу іс-әрекеті қалыптастырылу үдерісі жүреді.

Оқу есептері нақты-практикалық есептерден айырмашылығы сол, оның мақсаты сол түрдегі барлық есептерді шешудің жалпы тәсілін оқушының меңгеруі басты мақсаты болып табылады, ал нақты-практикалық есептердің мақсаты нәтиже-жауап алу болып табылады.

Оқу есептері бірқатар оқу әрекеттері көмегімен шешіледі. Бұл әрекеттерге жататындар:

-қойылған оқу есебінен проблеманы анықтау;

-зерттелетін объектінің барлық жалпы қатынастарын анықтау мақсатында есеп шартын түрлендіру;

-бөліп алынған қатынасты пәндік, графикалық және әріптік формада моделдеу;

-жалпы қатынастар мен жалпы әрекеттер тәсілдерін нақтыландыру және жеке байқалулармен молықтыру;

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты жүргізілген талдаулар мен жеке жұмыс тәжірибесі кәсіби білім берудегі психологиялық, педагогикалық пәндерді оқып-үйренудің арнайы ерекшеліктерін анықтап, бұл пәндерді оқып-үйрену барысында студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда жетекшілікке алуға болатын негізгі қағидаларды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру ұстанымдарын тұжырымдауда психологиялық, педагогикалық білімдер мазмұнын меңгеруге ғана емес, оларды ары қарай кәсіби іс-әрекетте де тиімді қолданылуына да ерекше назар аударылуы қажет. Мұндай ұстанымдар ретінде бөліп көрсетуге болады:

1.Ізгілендіру ұстанымы

2.Педагогика мен әдістемелік курстар арасындағы өзара байланыстылық ұстанымы

3.Бинарлық ұстанымы

4.Оқу іс-әрекеті құрылымын түсіне меңгеруі ұстанымы

5.Пәнаралық байланыстар ұстанымы

6. Пәнішілік байланыс ұстанымы

7.Студенттердің ойлауы мен сөйлеу тілін қалыптастыру ұстанымы

8.Мұғалімді педагогикалық шеберлікке мақсатты түрде дайындау ұстанымы

Енді осы ұстанымдар мазмұнын қысқаша аша кетуге болады.

1.Ізгілендіру ұстанымы

Студенттердің оқу іс-әрекетін ізгілендіру олардың ойлау мәдениеті, сөйлеу тілі және қарым-қатынас мәдениетімен сипатталатын ізгілік мәдениетін қалыптастыру деп тануға болады.

Болашақ кәсіби білім беру жүйесі мамандарының іс-әрекеті тек педагогикалық білімдерге бағыттауды ғана қажет етпейді.

2.Өзара байланыстылық ұстанымы

Қарастырылатын пәндік құбылыстар мен нәрселер және қоршаған өмірде байқалатын құбылыстар арасындағы тығыз байланыстарды ескеру қажеттілігін анықтайды.

3.Бинарлық ұстанымы ерекшелігі педагогиканы оқыту үдерісі оқу іс-әрекетінің барлық компоненттерін оның ішінде: оқу міндеттерін қою, оны шешу, бақылау және өзіндік бақылау барлық білім алушыларда қалыптасуы қажет компоненттерді қамтуы деп саналады.

4.Студенттердің оқу іс-әрекеті құрылымын түсіне меңгеруі ұстанымы бинарлық ұстанымымен тығыз байланысты. Оның мәні оқыту үдерісі тек студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға ғана емес, оның әрбір компоненттерін де меңгеруге бағытталуы тиіс. Бұл ұстанымды жүзеге асыру студенттердің оқу әрекеттерін саналы меңгеруі, оқу міндеттерін өзбетінше тұжырымдауымен, рефлексия, яғни белгілі мен белгісізді, оқыған мен әлі оқылмағанды, қандайда бір білім, біліктердімеңгеру деңгейін бағалаумен, пікір алмасу, ұжымдық ізденіс, диалог, түрлі көзқарастарды талдауды ұйымдастыру қабілеттіліктерімен байланысты. Психологиялық, педагогикалық пәндерді оқып-үйрену барысында алған тәжірибесін кейін олар білім беру жүйесіндегі іс-әрекетінде жалғастыра алады.

6.Пәнішілік байланыс ұстанымы

Бұл ұстаным психологиялық, педагогикалық пәндерден оқып-үйренетін тақырыптары, ұғымдары және әрекеттер тәсілдері арасындағы өзара байланысты анықтаумен сипатталады. Бұл ұстанымды жүзеге асыру студенттердің ізденістік іс-әрекетін ұйымдастыру бағытында мәселе қою және оны шешуге бағытталған жағдайлар жасау мүмкіндігін беретін пәндердің құрылу логикасымен байланысты.

7.Студенттердің ойлауы мен сөйлеу тілін мақсатты дамыту ұстанымы.

Бұл ұстаным жоғарыда аталған барлық ұстанымдар құрамына кіре отырып, өзінде де студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың барлық ұстанымдарын жинақтайды.

Мысалы, ізгіліктендіру ұстанымымен байланысы негізгі педагогикалық ұғымдардың меңгерілуі олардың ойлау, сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға тікелей әсерімен анықталады. Бұл ұстанымның толық жүзеге асырылу шарты студенттердің логикалық сауаттылығын қалыптастырумен сипатталады.

Тұлғалық-бағдарлы оқытудағы студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың педагогикалық жағдайларын анықтауды жобалай отырып, біз нақты оқыту тәжірибесінде психологиялық, педагогикалық пәндерді оқып үйрену барысында тұлғаның жасампаздық қалыптасуының ішкі тетігін негіздейтін тұлғалық-бағдарлы білім беру идеяларын жүзеге асыруды технологиялық негізде ұйымдастыру маңызды мәселе деп танимыз.

Демек, тұлғалық-бағдарлы білім беруге көшудің қазіргі жағдайларында студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мәселесі жаңа сипатқа ие болады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістерге сәйкес көптеген негізгі ұғымдардың мәні мен мазмұнын теорияда да, тәжірибеде де қайта анықталуы қажеттілігі

туындап отыр. Оның ішінде, тұлғалық-бағдарлы білім берудің ізгіліктік идеяларына сай «оқу іс-әрекеті», «оқу іс-әрекетінің педагогикалық шарттары» ұғымдарының жаңаша түрленуіне байланысты оқу іс-әрекетін ұйымдастыру маңызын, құрылымын және мазмұнын қайта анықтап, толықтырулар енгізілуі қажет.

Осыған байланысты біздің зерттеуімізді әдіснамалық тұрғыдан келесі мазмұндағы жұмыстар жүргізумен сипаттадық. Ең алдымен, оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты осы уақытқа дейінгі ғалым педагог, психологтар еңбектерін талдау нәтижесінде алынған теориялық тұжырымдар негізінде кәсіптік білім беруде студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда тұлғалық бағдарлы оқыту технологиясын қолданудың педагогикалық шарттарын анықтау жоспарланды.

Оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде бүгінгі күн талаптарына сай ұйымдастыру жаңа парадигмаға көшу ерекшеліктерін анықтау бойынша жүргізілген зерттеулерге де сүйенуді методологиялық тұрғыдан жасалатын жұмыстардың бір парасы деп қарастыруға болады.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру қоғам мәдениетінің барлық белгілі тарихи типтеріне бағдарланады. Сондықтан студенттердің оқу іс-әрекетінің логикалық құрылымы мен оны ұйымдастыру үдерісін қарастыру білім беру парадигмалары ауысуын талдауды қажет етеді.

Студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда маңызды орын алатын білім берудің басты бағыты ретіндегі жаңа парадигмаға көшу болып табылады. Жаңа парадигма ерекшеліктерін анықтау үшін өткен, дәстүрлі парадигма мен қазіргі кездегі парадигма ерекшеліктерін салыстыра отырып анықтауға болады.

Сондықтан біз білім беруді дамыту тенденцияларын анықтауда елеулі үлес қосушы педагог ғалымдар А.М.Новиков, Д.А.Новиков зерттеулерінде білім беру парадигмалары ауысуына қатысты берілген салыстыруларға сүйенуді тиімді деп таптық[49]. (кесте 3)

Бұл кестедегі мағлұматтарды талдай отырып, салыстырулардан жоғары кәсіптік білім беруде студенттердің психологиялық, педагогикалық пәндерді оқып үйренуі барысындағы оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыруға қатысты келесі педагогикалық жағдайларды ерекше бөліп көрсетуге болады:

-тұлғаның өмірдегі және кәсіби іс-әрекеттегі өзін өзуі байқатуын қамтамасыз ету басты құндылық деп анықтау;

-оқу іс-әрекетінің басты мотиві ретінде студенттер үшін де педагогтер үшін де жайлы, нәтижелі қарым-қатынас құруды басты назарда ұстау;

-өмір сүру мен кәсіби іс-әрекетті адамзат мәдениеті негіздері мен құзіреттіліктерді меңгертуге бағыттауды басты мақсат деп тану;

-оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды студенттер мен педагогтардың өзара серіктестігі позициясы негізінде жүргізу;

Кесте 3- Білім беру парадигмалары сипаттамалары

| Парадигма компоненттері | Индустриалдық қоғам | Индустриалдықтан соңғы қоғам |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Құндылықтары | Қоғамдық өндіріс үшін оқу | Адамның өмірде, қызмет-те өзін толық байқатуы үшін оқу |
| Мотивтері | Оқу – оқушы міндеті ретінде<br><br>Педагог іс-әрекеті кәсіби міндетін атқаруы ретінде | Оқушылардың оқуға қызығушылығы болуы, нәтижеге қол жеткізуден қанағаттануы<br><br>Педагогтың оқушыларды дамытуға қызығушылығы, олармен қарым-қатынастан рахаттануы |
| Нормалары | Оқушылардың оқуы үшін жауапкершілікті педагог өз мойнына алады<br><br>Педагог беделі оқушылардан тәртіп пен төзімділікті талап ете отырып, белгілі қашықтықты ұстануымен байланысты | Оқушылар өз оқуы үшін жауапкершілікті өз мой-нына алады<br><br>Педагог беделі оның тұлғалық және кәсіби қасиеттерімен анықталады |
| Мақсаттары | Оқудың ғылыми білімдер алуына бағыттылығы<br><br>Жас кезінде бүкіл өміріне қажетті білімдерді алу | Оқудың адамзат мәдениеті негіздері мен құзырет-тіліктерін (оқу, әлеумет-тік, азаматтық, кәсіби және т.б.) меңгеруге бағыттылығы<br><br>өмір сүруі барысында оқу |
| Оқу үдерісі қатысушыларының позициялары | Педагог білімдерді береді<br><br>Педагог оқушылардан жоғары тұрады | Педагог өз бетінше оқуға жағдай жасайды<br><br>Педагог оқушылармен бірге, өзара серіктестік |
| Формалары мен әдістері | Иерархиялық және өктемдік әдістер<br><br>Оқу пәндерінің тұрақты құрылымы | Демократиялық және эгалитарлық(теңдік негізінде құрылған) әдістер<br><br>Оқу пәндерінің динамика-лық құрылымы |

| | | |
|---|---|---|
| | Оқу үдерісін тұрақты ұйымдастыру формалары<br><br>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін аудиториялық сабақтарға акцент қойылуы | Оқу үдерісін динамика-лық ұйымдастыру форма-лары<br>Оқушылардың өзіндік жұмыстарына акцент қойылуы |
| Құралдары | Оқытудың негізгі құралы рөлін оқулық атқарады | Оқулық түрлі ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер мен ЖАҚ-ы қорымен толықтырылуы |
| Бақылау және бағалау | Бақылау мен бағалау негізінен педагог тарапынан жүргізіледі | Оқушылардың өзін-өзі бақылауына және өзін-өзі бағалауына негізгі мән беріледі. |

-оқу іс-әрекетін динамикалық формалар арқылы студенттердің өзіндік жұмыстарына басымдық мән беру арқылы ұйымдастыру;

-оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың маңызды құралдарының бірі ретінде ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін толығымен қамтуды жүзеге асыру.

Біз өз зерттеуімізде оқу мен оқу іс-әрекетін синоним ретінде қарастырушылар позициясына қосыламыз. Бірақ біздің басты міндетіміз студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды тәжірибелік сипатты тұлғалық-бағдарлы оқыту үдерісін ұйымдастыру деп анықталады және бұл өз кезегінде студенттердің тұлғалық өсуі мен педагогтардың кәсіби-тұлғалық өсуін қамтамасыз ететін оқу іс-әрекетінің дидактикалық үдеріс деңгейінен тұлғалық-бағдарлы оқытудың технологиялық деңгейіне көшуді қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл міндетті жүзеге асыру келесі шарттардың орындалуын қажет етеді:

-психологиялық, педагогикалық пәндерді оқытуды тәжірибелік бағытты тұжырымдама негізіндегі жоғары оқу орнында оқытудың тұлғалық-бағдарлы үдерісі ретінде ұйымдастыру қажет;

-оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту үдерісінің қатысушылардың тұлғалық өсуін қамтамасыз ететін моделі негізінде жүргізу тиімділігін арттыру қажет;

-тұлғалық-бағдарлы оқыту үдерісін дидактикалық деңгейден технологиялық деңгейге өткізу қажет.

Біз тұжырымдалған педагогикалық шарттар негізінде С.Сейфулин атындағы агротехникалық университеттің компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетіндегі кәсіптік педагог бакалавры болатын студенттер арасында «Педагогика», «Педагогикалық менеджмент», «Кәсіптік дайындаудағы қазіргі заманғы оқыту технологиялары» пәндерінен сабақтар өткіздік. Сабақтарда анықталған педагогикалық шарттарға сәйкес студенттердің

оқу іс-әрекетін тәжірибелік сипатты тұлғалық-бағдарлы іс-әрекет ретінде ұйымдастыру, тұлғалық өсуін қамтамасыз ететін тапсырмалар қолдана отырып, технологиялық негізде оқыту сабақтарының нәтижесі бойынша студенттердің тұлғалық өсуіне қажетті бірқатар біліктердің дәстүрлік сабақтар нәтижесіне қарағанда анағұрлым жоғары екендігін тәжірибе жүзінде анықтадық. Біздің тұлғалық-бағдарлы оқыту идеяларына сай педагогикалық шарттардың орындалуын жүйелі орындап отыру тұлғалық өсуін негіздейтін студенттер біліктерінің қалыптасу деңгейі артуын байқалтты.

Сонымен, қорытындылай келе, кәсіптік білім беруде тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолданудың педагогикалық шарттарын дәстүрлі және заманауи білім беру парадигмалары бойынша білім беруді ұйымдастыру ерекшеліктерін салыстыру негізінде анықтап алуға болады. Және осы педагогиклық шарттарды қанағаттандыра отырып, кәсіптік білім беруді тұлғалық-бағдарлы оқыту идеялары негізінде технологияландыру мүмкіндіктері бар.

Заманауи индустриалдықтан соңғы қоғамдағы оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мәселесін қарастыруда заманауи педагогика мен педагогикалық психологияның негізгі кезеңдерін қарастыруды қажет етеді.

Бұл бағытта дәстүрлі оқыту, тәрбиелеу, дамыту категорияларын терминологиялық тұрғыдан қайта анықтау қажеттіліктері туындап отыр. Әдетте оқыту сабақ беру (педагог іс-әрекеті) және оқу (оқушылар, студенттер іс-әрекеті) деп екіге бөлінеді[50].

Оқу - жаңа тәжірибені - әдеттерді, біліктерді, дағдыларды, білімдерді меңгеру үдерісі деп қарастырылады[51].

Бұл ұғымдарға қатысты педагогика мен психологияда оларды ажырататын басқа да көзқарастар бар. Оқу жалпы ұғым ретінде жаңа тәжірибені жалпы меңгеру ретінде тек мақсатты оқу іс-әрекеті үдерісінде ғана емес, сонымен бірге басқа іс-әрекет түрлерінде де жолай жүзеге асырылады деп есептейді[52].

Мысалы еңбек үдерісі барысында да адам жаңа тәжірибені меңгереді деп түсінуге болады. Оқу іс-әрекетінің тарлау мағынадағы анықтамасын белгілі психологтар Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов және олардың ізбасарлары беріп отыр. Бұлар оқу іс-әрекетін мұғалім арнайы қойған оқу есептерін шешу барысында оқу әрекеттері мен өзін өзі дамытудың жалпыланған тәсілдерін меңгерумен байланысты іс-әрекет ретінде қарастырады [53].

Біз өз зерттеуімізде оқу мен оқу іс-әрекетін синоним ретінде қарастырушылар позициясына қосыламыз. Себебі тұлғалық-бағдарлы оқыту идеясы негізіндегі оқу іс-әрекетінде тек танымдық жағы ғана емес, білім алушы студенттердің тұлғалық дамуында қанағаттандыру мәселесі бірінші орында тұруды қажет етеді. Ал, бұл өз кезегінде оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын тиімді қолдану әдістемесіне көшуді қажет етеді.

### 1.3 Кәсіптік дайындаудағы студенттердің оқу-іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде ұйымдастыру ерекшеліктері

Соңғы кездері тұлғалық-бағдарлы амал педагогикалық іс-әрекеттегі ең заманауи әдіснамалық негіздердің қатарына жатады.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру мазмұны, оның құралдары және әдістері құрылымдарға жіктелуі оқушыға пәндік материалды, оның түрлері мен формаларын таңдап алуға мүмкіндік береді, осы мақсатта зерттеушілік ойлауын моделдейтін жекелеген оқыту бағдарламаларын дайындауға болады.

Тұлғалық деңгейде білім беру – бұл шындықты мағыналы түрде субъективті қабылдау мүмкіндігін береді. Сонымен бірге есте ұстайтын нәрсе - ешқандай да пәндік іс-әрекет қажетті мағынаның пайда болуына кепілдік бермейді. Тұлға барлық уақытта әрекет етуші, қатысушы, ал кейде білім берудегі кез келген үдерістің бастаушысыда бола алады.

Қазіргі кезде тұлғалық-бағдарлы оқыту мәселесінің өзектілігін байқауға болады. Тұлғалық-бағдарлы оқыту қазіргі уақыттағы педагогикалық практикада, әсіресе, жалпы білім беретін мектептер жүйесінде өте жиі қолданылады. Бірақ тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын жоғары мектептегі оқыту жүйелерінде қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан оларды дұрыс қолдану жолдарын зерттеудің өзектілігі де күн тәртібінде тұрған мәселе деп қарастыруға болады. Осыған байланысты аграрлық жоғары оқу орындарының болашақ білім беру салаларында қызмет ететін мамандарды дайындау практикасына да тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын ендіру қажеттілігі бар. Сонымен бірге, болашақ білім беру жүйесінің маманы ретінде әрбір студенттұлғалық бағдарлы оқыту жүйесінің қатысушысы ретінде тұлғалық бағдарлы дамыта оқытудың негіздерін меңгеруі қажет.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту кәсіби білім беру жүйесінде маңызды рөл ойнайды. Қазіргі білім беру адам тұлғасының дамуына, оның мүмкіндіктерін, талантын, өзіндік санасы мен өзін өзі дамытуы қалыптасуына бағытталған болуы керек. Тұлғалық-бағдарлы оқыту оқытудың ортасында білім алушының өзі - оның мотивтері, мақсаттары, оның қайталанбайтын психологиялық жан-дүниесі тұрады деп санайды, яғни білім алушыны тұлға ретінде қарастырады.

Білім алушыны тұлға ретінде дамыту (оны әлеуметтендіру) тек оған нормативтік іс-әрекеттерді меңгерту жолымен ғана емес, оның субъекттік тәжірибесін тұрақты түрде, байыту, түрлендіру арқылы да жүреді.

Оқу білім алушының танымды (меңгеруді) қамтамасыз ететін субъекттік іс-әрекеті үдеріс ретінде ұйымдастырылып, сәйкес оның табиғатын, психологиялық мазмұнын бейнелейтін терминдер негізінде бейнеленуі қажет.

Оқудың негізгі нәтижесі сәйкес білім және біліктерді меңгеру негізінде тек танымдық қабілеттіліктерді қалыптастыру болуы бүгінгі күн талабында бір жақтылықты байқатады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту - ең басты нәрсе ретінде білім алушының өзіндік ерекшелігін, оның өзіндік құндылығын, оқу үдерісінің субъективтілігін маңызжы орынға қоятын оқыту болып табылады.

Тұлғалық-бағдарлы оқытудың мақсаты – «білім алушының бойында өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, бейімдеу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі қорғау, өзін-

өзі тәрбиелеу және басқа да өзіндік ерекше тұлғалық бейненің қалыптасуы механизмдері негізін салу» болып табылады.

Тұлғалық-бағдарлы оқытудың, яғни білім берудің қызметтері:

-гуманитарлық, адамның өзіндік ерекшелігін, оның денелік және адамилық саулығын мойындау, өмірінің мәнін және ондағы белсенді позициясын, тұлғалық еркінділігін және меншікті әлеуетін мейлінше жүзеге асыру мүмкіндігін түсіну болып табылады. Бұл қызметті жүзеге асыру құралдары – түсіну, қатынас және ынтымақтастық;

-мәденижасампаздық (мәдениүйлесімділік) білім беру құралдары көмегімен мәдениетті сақтау, беру, жаңғырту және дамытуға бағытталады. Жүзеге асыру механизмдері –адам мен өз халқының рухани өзарабайланысын орнату ретінде мәдени идентификациялау, оның құндылықтарын өзінің қасиеттері ретінде қабылдау және өз өмірін оларды ескере отырып құру болып табылады;

-әлеуметтендіру индивидтің әлеуметтік тәжірибені меңгеруін және жаңғыртуын қамтамасыз етуді қарастырады. Жүзеге асыру механизмдері – рефлексия, жекелікті сақтау, кез келген іс-әрекеттегі тұлғалық позиция ретінде шығармашылықты және өзін-өзі анықтау құралдары болып табылады[44].

Тұлғалық-бағдарлы білім беруде келесі педагог позициялары қарастырылады:

-оптимистік амал – педагогтың білім алушы тұлғасын дамытудағы перспективаны көре білуге ұмтылуы және оны дамытуға мейлінше ынталандыру;

-білім алушыға өз еркімен, өз тілегі және таңдауымен оқуға қабілетті және өз меншікті белсенділігін байқата алатын тұлға ретінде қатынас жасау;

-тұлғалық мағынасы мен әрбір баланың оқудағы қызығушылықтарына «танымдық және әлеуметтік» сүйену,оларды меңгеру мен дамытуға әсер ету.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру мазмұны:

-білім алушыға меншікті тұлғасын құруға және өмірдегі өзінің меншікті тұлғалық позициясын анықтауға көмек көрсету;

-білім алушы үшін маңызды құндылықтарды таңдап алуға және оларды белгілі білімдер жүйесіретінде меңгеруге жағдай жасау;

-оларды қызықтыратын ғылыми және өмірлік проблемаларды анықтап, шешу жолдарын меңгеру;

-меншікті «Мен» рефлексивтік әлемін ашу және оны басқару.

Студенттерді кәсіптік дайындау барысында тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын жүзеге асыру алдымен, тұлғалық-бағдарлы амал ұғымы мәнін талдап алуды қажет етеді.

Тұлғалық-бағдарлы амал - өзара байланысты ұғымдар, идеялар және әрекеттер тәсілдері жүйесіне сүйене отырып, өзін тану, өзін құру және өзін жүзеге асыру үдерістерін қамтамасыз ететін және білім алушыны қолдау мүмкіндігін беретін, оның қайталанбас дербестігін дамытатын педагогикалық іс-әрекеттегі әдіснамалық бағдар болып табылады.

Тұлғалық-бағдарлы амал өзінің құрамында негізгі ұғымдар, ұстанымдар, әдістер мен тәсілдерді қамтитын үш құраушыдан тұрады.

1.Бірінші құраушы –педагогикалық әрекеттерді жүзеге асыруда ойлау іс-әрекетінің негізгі аспабы болып табылатын негізгі ұғымдардан тұрады. Тұлғалық бағдарлы амалдың негізгі ұғымдарына келесілер кіреді:

-жекелік (дербестік) – адамның немесе топтың қайталанбас ерекшелігі, олардағы басқа индивидтер мен адами қоғамдастықтардан ерекшелейтін бірліктердің, айрықша және жалпы белгілердің ерекше жиынтығы;

-тұлға - адамның әлеуметтік мәнін сипаттайтын және индивидтің қасиеттерінің тұрақты жиынтығы ретінде байқалатын,тұрақты өзгеріп тұратын жүйелі сапалары жиынтығынан тұрады;

-өзін өзектілендіретін тұлға - өзіндік қалыптасуға ұмтылуы саналы және белсенді, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін толық ашуға ұмтылатын адам;

-өзін байқату - индивидтің өзіне тән сапалары мен қабілеттіліктерін дамыту үдерісі мен нәтижесіжәне оны іс-әрекетте көрсетуі;

-субъект - қоршаған шындық дүниені тануды және оны, өзін түрлендіруде саналы және шығармашылық белсенділікті меңгерген индивид немесе топ;

-субъекттілік - іс-әрекетті таңдауда және жүзеге асыруда белсенділік пен еркіндікті меңгергенжеке және топтық субъект болуға қабілеттілігін бейнелейтін жеке адамның немесе топтың сапасы;

-Мен-концепция - өзінің іс-әрекетін, басқа адамдармен өзара әсерлесуін,өзіне және қоршаған ортаға қатынасын құру негізіне алынған адамның меңгерген және басынан өткен мағлұматтары жүйесі;

-таңдау -жеке адамның немесе топтың қандай да бір жиынтықтан өз белсенділігін байқату үшін алынған басым нұсқасы;

-педагогикалық қолдау - балаларға олардың денелік және психикалық денсаулығына, қарым-қатынасына, оқуда, өмірде және кәсіптік іс-әрекеттегі жекелеген проблемаларды шешуде педагогтардың превентивті және оперативті көмек көрсету іс-әрекеті[50].

2.Екінші құраушысы – балаларды оқыту және тәрбиелеу құрудың бастапқы жағдайлары мен негізгі ережелері,яғни ұстанымдар.

- Өзін өзектілендіру ұстанымы. Әр баланың бойында өзінің интеллектуалдық, коммуникативтік, көркем және денелік қабілеттіліктерін өзектілендіруге қажеттілік бар. Оларды өзінің табиғи және әлеуметтік түрде меңгерген мүмкіндіктерін байқалтуға ұмтылуын ояту және қолдау өте маңызды.

-Жекелік ұстанымы. Білім беру мекемесінің басты міндеті оқушылар мен педагогтардың тұлғалық жекелігін қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады.Балалар мен ересектердің жекелеген ерекшеліктерін ескеріп қана қоймай, оларды барынша ары қарай дамытуға жағдай жасау қажет.

-Субъектілік ұстанымы. Жекелік тек субъекттік сапалар мен өкілеттіліктерді нақты меңгерген, оларды өз іс-әрекеттерінде, қарым-қатынасында қолдана білетін адамға тән. Білім алушыға өз өмірлік іс-әрекетінің

объектісі болуға, оның субъекттік тәжірибесін байытуға әсер ету, көмек беру қажет.

Таңдау ұстанымы. Білім алушының оқыту және тәрбиелеу барысында тұрақты таңдау жасау жағдайында болуы педагогикалық жағынан тиімді және білімдік-тәрбиелік үдерісті ұйымдастыру мақсаттарын, мазмұнын, формаларын және тәсілдерін таңдауда субъекттік өкілеттіліктерді меңгеруі маңызды.

Шығармашылық және жетістік ұстанымы. Жекелеген және ұжымдық шығармашылық іс-әрекет оқушылардың жекелік ерекшеліктерін және оқу топтарына тән ерекшеліктерді анықтап және оны дамытуға мүмкіндік береді.

Қандай да бір іс-әрекетте жетістікке қол жеткізу білім алушы тұлғасының позитивті Мен-концепциясын қалыптастыруға әсер етеді.

Сенім көрсету мен қолдау ұстанымы. Бағыттылығы бойынша әлеуметтік орталықтандырылған идеология мен практикадан және өктемдік сипатты оқу-тәрбие үдерісінен бас тарту қажет. Оқушыға сену, оған сенім көрсету, оның өзін жетілдіруге және өзін көрсетуге ұмтылуларын қолдау шектен тыс талап қоюшылық пен тым көп бақылаудан бас тартуға алып келуі қажет.

3.Үшінші құраушысы - тұлғалық бағдарлы амал жасаудың технологиялық арсеналы, бірқатар талаптарды қанағаттандыратын әдістер мен тәсілдер болып табылады. Мұндай талаптарға жататындар:

-диалогтық неізде жүргізу;

-іс-әрекеттік-шығармашылық сипатты болуы;

-баланың жекелеген дамуын қолдауға бағыттылығы;

-оқушыларға қажетті кеңістікті, өзбетінше шешім қабылдауда, шығармашылықта, таңдауда еркіндік беру.

Көптеген педагогтар бұл арсеналға диалогты, ойындық және рефлексивтік әдістер мен тәсілдерді, сонымен бірге оқушының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіруінде педагогикалық қолдау жолдарын жатқызады.

Педагогикалық қолдау көрсету бір жағынан оқушының өзінің проблемаларына жауапкершілікті позициясында қалып, екінші жағынан-өз күші жетпеген жағдайда педагог қолдауын ала алатындай қатынасты қажет етеді.

Жоғарда атап өткеніміздей, тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізіне белгілі психолог және ізгіліктік бағыттағы педагог Карл Роджерстің «тұлғалық-бағдарлы» (peronality-centered education) ұғымы алынған. К.Роджерс психотерапия мен педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігіне қол жеткізу бірдей жағдайларда жүзеге асатындығын айқындады. Адамдардың өзара әрекеттесуіне байланысты,яғни бірі екіншісіне өзгеруіне, жетілуіне көмектесу жүретін іс-әрекет түрлерінде Роджерс бойынша эмпатия, яғни жаны ашушылық, басқа адамның әлемін түсінуге ұмтылу, жылы адами қатынас көрсету, адамды ешқандай шартсыз сол күйімен қабылдау қажет деп тұжырымдады. Ал педагогика қоғамдастықтарында тұлғалық-бағдарлылықты адамның таным мен пәндік іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі жекелеген ерекшеліктерін анықтай отырып, білім алушының дамуы мен өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін өзара әрекеттесу деп қарастырады. Осыған байланысты білім алушы тұлғасы бұл технологияда білім беру жүйесінің ортасына қойып, ыңғайлы,

қайшылықсыз және қауіпсіз даму жағдайларын қамтамасыз ете отырып, оның табиғи әлеуетін жүзеге асыруды басты мақсат деп санайды. Бұл технологияда оқушы тұлғасы субъект қана емес, басымдықты субъект болып табылады;ол білім беру жүйесінің қандай да бір мақсатқа қолжеткізуші құралы емес, оның мақсаты деп қарастырылады.

Ізгілікті-тұлғалық технологияларды қарастыра отырып, олардың мәжбүрлеуді естен шығарып, жан-жақты құрметтеу және балаға деген сүйіспеншілікті көрсету және оның шығармашылық күштеріне оптимистік түрде сенім білдіру идеяларын жүзеге асыруды қажет етеді.

Ынтымақтастық технологиясы педагог пен оқушының субъекттік қатынастарында демократияны, теңдікті, серіктестікті іске асыруға көмектеседі. Педагог пен тәрбиеленуші біріге отырып сабақ мақсаттарын, мазмұнын анықтайды,ынтымақтастық, біріккен шығармашылық күйінде бола отырыпбағалау беруді жүзеге асырады. Еркін тәрбиелеу технологиясы өзінің зейінін білім алушыға таңдау еркіндігі мен өзбетіншелігін жүзеге асыру мүмкіндігін береді. Таңдау жасай отырып оқушы субъект позициясын ішкі ұмтылудан нәтижеге қарай жүре отырып жүзеге асыруға көмектеседі, яғни бұл сыртқы әсерге байланыссыз болып табылады.

Сонымен, тұлғалық-бағдарлы технологиялар, антропоорталық-тандырылуымен, ізгіліктікпен, психотерапиялық бағыттылықпен сипатталады және білім алушыны іс-әрекет субъектісі ретінде жан-жақты, еркін және шығармашылықты дамытуды мақсат етеді.

Бұл технологияларды қолдану білім беру үдерісі ұйымдастырушыларынан келесі бірқатар жағдайлар жасауды талап етеді:

-зерттеушілік (ізденістік) ойлауды бейнелейтін жекелеген оқыту бағдарламасын анықтауды;

-диалог пен имитациялық-рольдік ойындар негізінде топтық сабақтарды ұйымдастыруды;

-оқу материалы білім алушылардың өздері орындайтын зерттеушілік жобалар әдісін жүзеге асыру үшін құрылады.

Сабақтарды тұлғалық-бағдарлы амал негізінде ұйымдастыру мақсатында келесі ерекшеліктерді ескеру қажет:

-барлық сабақ барысында бағалау және психологиялық күйлерді коррекциялау (эмоционалдық-қуаныш, ашулануы, көңілділік және т.б.;интеллектуалдық –күдіктену, жинақталу және т.б.);

-барлық сабақ бойында мотивті мақсатқа айналдыру тәсілін қолдана отырып, мотивациялаудың жоғары деңгейін қолдап отыру;

-берілген тақырып бойынша білім алушылардың субъектілік тәжірибесін анықтап отыру;жаңа материалды топтың психологиялық-педагогикалық сипаттамасын ескере отырып беру;

-жаңа материалды түсіндіруде түрлі сенсорлық каналдарды қолдану;

-әрбір білім алушының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу;

-сабақты жүргізудің негізгі формасы ретінде фронталдық формадан бас тарту,жекелеген, жұптық немесе топтық жұмыстарды қолдану;

-сабақтағы түрлі жұмыс формаларын ұйымдастыруда гендерлік аспектілерді ескере отыру;

-тақырыпты бекіту барысында білім алушыға түрлі сенсорлық каналдарын дамыту, тапсырмалар типін, түрін және формаларын,оны орындау сипатын таңдап алуға мүмкіндік беру;

-әрбір білім алушының оқу іс-әрекеті нәтижесін және барысын міндетті түрде бағалау; өзін-өзі бағалау мен өзара бағалауды кеңінен қолдану;

-әрбір білім алушының жоғары өзін-өзі бағалауын, өзіне сенімділігін қалыптастыруға жағдайлар жасау;

-білім алушылармен бірге сабақ рефлексиясын өткізіп отыру (не білдік, не ұнады, не өзгеруі қажет немесе нені қайталау қажет т.с.с)

Қазірге кезде психологиялық-педагогикалық пәндерді оқыту барысында қолдануға болатын тұлғалық-бағдарлы технологиялар:

Зерттеушілік (проблемалық-ізденістік)

Бұл технологияның басты сипаты педагогтың «жаңалық ашулар арқылы оқыту» моделін жүзеге асыру болып табылады.

Коммуникативтік (дискуссиялық)

Бұл технологияның ерекшелігі оқып үйренетін мәселе бойынша әртүрлі көзқарастың болуымен, оларды салыстырулармен, талқылау арқылы шындық көзқарасты анықтаумен сипатталады.

Имитациялық моделдеу (ойындық)

Бұл технологиянымбасты белгісі білімдік кеңістікте өмірлік маңызды қиындықтарды моделдеу және оларды шешу жолдарын іздеу деп тануға болады.

Психологиялық (өзін-өзі анықтаушылық)

Бұл технология қандайда бір білімдік іс-әрекетті орындау барысында білім алушының өзін-өзі анықтау басты сипаты болады.

Іс-әрекеттік

Бұл технология бойынша білім алушының жасалатын іс-әрекеттіжобалау қабілеттілігі, оның субъектісі болуымен анықталады.

Рефлексивтік

Бұл технологияда білім алушы іс-әрекетті саналы меңгеруі,яғни нәтиже қалай алынды, қандай қиындықтар кездеседі, оны қалай жеңуге болады және бұл кезде қалай сезінуі анықталып отырады.

Тұлғалық-бағдарлы технологиялар әрбір білім алушының жекелеген ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және тәрбиелеу әдістері мен құралдарын анықтайды, яғни психодиагностикалық әдістемелер көмегімен оқу іс-әрекетіне қатынастары мен ұйымдастыру іс-әрекетін өзгертеді, түрлі оқыту құралдарын қолдану арқылы білім беру мәнін өзгерте алады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары дәстүрлі оқытудағы тұлға ерекшелігін ескермей, өктемдік стилмен оқытудың орнына қамқорлық, құрметпен караушылық және ынтымақтастық негізінде тұлғаның

шығармашылық іс-әрекеті мен өзін өзі жандандыруына қажетті жағдайлар тудыра алады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдануда басты зейін өзінің мүмкіндіктерін (өзін-өзі жандандыруын) толық жүзеге асыруға ұмтылушы, жаңа тәжірибені қабылдауға ашық, әртүрлі өмірлік ситуацияларда саналы және жауапкершілікті таңдау жасауға қабілетті, дамушы адам тұлғасына бағытталады.

Білім берудегі тұлғалық-бағдарлы технологияларды сипаттайтын негізгі ұғымдар – дамыту, тұлға, жекелік, еркіндік, өзбетіншелік, шығармашылық ұғымдары.

Енді бұл ұғымдарға қысқаша сипаттама бере кетейік. Дамыту – бағытталған, заңдылықты түрде өзгерту; дамыту нәтижесінде жаңа сапалық қасиет пайда бола алады.

Тұлға адамның өмір сүру барысында қалыптастырылатын әлеуметтік сапалары мен қасиеттерінің жиынтығы, адамның қоғамдық мәні.

Жекелігі –адамның, немесе қандай да бір құбылыстардың қайталанбас ерекшелігі; жалпы мен тән ерекшеліктер бірлігі.

Шығармашылық – нәтижесінде жаңа өнім алынатын үдеріс. Шығармашылық адамның тікелей өзіне, ішкі жан-дүниесіне байланысты.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы мәнін педагогикалық технология ұғымы мәнінен шығаруға болады. Демек, алдымен педагогикалық технология ұғымына анықтама беріп алуға болады. Педагогикалық технология – құрамына кіретін әрекеттері белгілі бір ретпенберіле отырып, нақты нәтиже алуды негіздейтін оқытушының іс-әрекеті құрылымы.

Ал, тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары –білім беру үдерісін әрбір білім алушының жекелеген қабілеттіліктеріне, күрделілігі түрлі деңгейлердегі қарым-қатынас мазмұнына, білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне сай оқыту мүмкіндігін беретін оқыту іс-әрекетін жаңаша ұйымдастыру түрі деп тұжырымдауға болады.

Тұлғалық бағдарлы оқыту технологияларын анықтауда бізге белгілі бірқатар ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдар маңызды рөл атқарады. Айталық, И.С.Якиманская жеке тұлғаға бағдарланған оқытуға қатысты бірқатар негізгі ережелерді анықтайды. Олар:

-Басты мақсаты-оқушы тұлғасының жеке қабілеттері мен қасиеттерін дамыту;

-Білім беру жүйесі басынан-ақ оқушыдан бастап оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына, мазмұны мен технологияларына қарай бағыттала құрылуы тиіс;

-Оқушы дамуын диагностикалау мен ынталандыруды мұғалім олардың қызметін ұзақ уақыт бойына бақылау әдістері негізінде іске асыруы тиіс.

И.С.Якиманскаяның пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үдерісінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты - әрбір баланың мүмкіндіктерін танып, дамыту. «Жеке тұлғалық тәсіл жағдайында балалардың өзіндік жеке ерекшеліктерінің болуы қойылған

мақсатқа жетудің - яғни, қайталанбас жеке тұлға ретінде әрбір оқушының дамуын қамтамасыз етудің қажетті шарты» [40].

Е.В.Бондаревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонент міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен. Олар: аксеологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік және тұлғалық. Осы тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір баланы жекелеген дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылығына, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді деп есептеуге болады [44].

Г.К.Селевко мұндай технологияның ең негізгі құндылығы - оқушы жеке тұлғасы, ал негізгі мақсаты табиғи қабілеттеріне сәйкес тұлғаны дамыту және қалыптастыру деп атап көрсетеді[55].

Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту материалды шығармашылықпен меңгеру аясын кеңейтеді және жеке тұлғаға бағдарланған оқыту мұғалімнен төмендегідей іс-әрекетті талап етеді:

1)өз оқушыларының темпераменті, мінезі-құлқы, көзқарасы, талғамы мен әдеп-дағдыларының жеке ерекшеліктерін үнемі зерделеп, жақсы білуі;

2)жеке тұлғаның ойлау ерекшелігі, қызығушылығы, мүддесі, ұстанымы, бағытталуы, өмірге, еңбекке көзқарасы, құндылық бағыттары, өмірлік жоспары және т.б. сияқты аса маңызды тұлғалық қасиеттерінің нақты қалыптасу деңгейін қадағалап, білуі;

3) әрбір оқушыны өз шамасына сай және біртіндеп күрделене беретін әрі жеке тұлға дамуын қамтамасыз ететін тәрбиелік әрекетке үнемі тартып отыруы;

4) мақсатқа жетуге кедергі келтіретін себептерді уақытылы айқындап, жойып отыруы, ал егер мұны уақтылы істей алмаса, жаңа жағдайларға сай тәрбие тактикасын жедел түрде өзгертуі;

5) жеке тұлғаның өз белсенділігіне неғұрлым көбірек сүйенуі;

6) тәрбие ісін жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуімен ұштастырып, өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын, әдістерін, формаларын таңдауға көмек беруі;

7) оқушылардың дербес әрекетін, бастамашылдығын, әрекетшілдігін дамытып, басқаруы емес, табысқа жетелейтін қызметті ұйымдастырып, бағыттауы тиіс [55].

В.В.Сериков ұсынған жеке тұлғаға бағдарланған білім беру тұжырымдамасының мәні төмендегідей:

1. Жеке тұлға дегеніміз-адамның арнайы білім алу және даму аясын білдіретін педагогикалық категория.

2. Адам «жеке тұлға болу» тәжірибесін, яғни жеке тұлға қызметтерін атқара білу тәжірибесін меңгеруі тиіс.

В.В.Сериков жеке тұлғаға бағдарланған білім беруге тән заңдылықтарды атап көрсетеді:

1.Жобалау элементі – «тұлға өміріндегі оқиға», ол кейіннен біртұтас өмірлік нәтижеге айналады. Ал білім тек оның бір бөлігі ғана болып табылады.

2.Оқыту мұғалім мен оқушының бірлескен қызметі болады: мұнда сұхбаттасу білім беру субъектілерінің өмір сүру тәсілі ретінде танылады.

3. Үдеріс тұлғалық тәжірибенің бастауы болып шығады.

4. Оқыту адамның табиғи өмір сүру жағдайына жақын бола түседі.

5. Мұғалім мен оқушының өзара бірлескен әрекеті тұлға аралық, субьект аралық қарым-қатынас сипатын алады [43].

Ендеше, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту дегеніміз - тек оқушыларды бір-бірінен айрықшалайтын жеке ерекшеліктерін есепке алу ғана емес, бұл - ең алдымен, оқушыға жеке тұлға ретінде, бірлескен қызметтің саналы әрі жауапкершілікті субьектісі ретінде қарау деп тұжырым жасауға болады.

Г.К.Селевко бұл технологиялардың негізінде өзін-өзі өзектілендіруге ұмтылатын «толық қанды тұлға» болуы тиіс дегенді баса атап көрсетеді. Мұндай тұлға әртүрлі өмірлік жағдайларда жауапты әрі саналы шешім қабылдай алатын болады. Жеке тұлғаға бағытталған технологиялардың мақсаты, ғалымның пікірінше, жеке тұлғаның өзінің табиғи қабілеттеріне сай қалыптастырып, дамыту болып табылады.

Технолог ғалымдардың пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар әрбір баланың жеке ерекшеліктеріне сай оқыту және тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерін іздеуде. Мұндай технологиялар психодиагностика әдістерін пайдаланады, оқушылар қызметін ұйымдастыруға деген көзқарасты өзгертеді, оқудың түрлі құралдарын қолданады. Демек, жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар сүйіспеншілік, қамқорлық, ынтымақтастық ахуалын туғызып, жеке тұлғаның шығармашылық әрекеттеріне және өзін-өзі өзектілендіруіне барлық жағдайларды жасайды және жеке тұлғаға бағдарланған оқыту әрбір оқушының өзін танымдық және оқу қызметінде бейімділіктеріне, мүдделеріне, мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сай жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Сонымен, С.В.Кульневичтің атап көрсеткеніндей, білім беру үдерісін тұлғаға бағдарлау ізгіліктік педагогикалық мәдениет құндылықтарына ықпал етеді, бұл дегеніміз - білім алу емес, бала өміріндегі білімнің жеке тұлғалық мәні; жекелеген білік-дағдылар емес, жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері, өзіндік дербес оқу қызметі, өмірлік тәжірибесі; педагогикалық талаптар қою емес, педагогикалық қолдау мен қамқорлық көрсету және мұғалім мен оқушының сұхбаттасуы; білім көлемі емес, меңгерілген ақпарат мөлшері емес, оқушының жалпы жеке тұлғалық өсуі, дамуы және өзін-өзі дамытуы [52].

Жеке тұлғаға бағдарланған оқу үдерістері: дамыта оқыту; баланың жеке ерекшеліктерін қалыптастыруға педагогикалық қолдау көрсету; тәрбиені баланы рухани-адамгершілік дамыту құралы ретінде қарастырады. Жеке тұлғаға бағдарланған білім берудің мақсаты - адамды қолдау, дамыту, онда өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеудің тетіктерін қалыптастыру. Мұндай технологияларға ынтымақтастық, сұхбаттастық, әрекетшілдік-сипатшылық әрекеті, баланың жеке дамуын қолдауға бағытталуы, оған дербес шешімдер қабылдауға, шығармашылыққа, мұғаліммен өзара

шығармашылық ынтымақтастығына қажетті кеңістік пен еркіндік беру сипаты тән.

Бүгінгі таңда мынадай жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиялары бар:

- В.Ф.Шаталовтың тірек белгілер негізіндегі технологиясы;
- П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы;
- В.В.Фирсовтың саралай оқыту технологиясы;
- Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы
-Л.В.Занковтың, Д.Б.Эльконин-В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы;
- Ю.К.Бабанскийдің оқу процесін оптимизациялау технологиясы;
-М.Чошановтың, П.И.Третьяковтың, К.Я.Вазинаның, В.М.Монаховтың модульдік оқыту технологиялары;
- Г.К.Селевконың өзін-өзі дамыта оқыту технологиясы;
-Ж.А.Қараевтың, Т.Т.Ғалиевтің, Ә.Жүнісбектің, М.М.Жанпейісованың, Н.Н.Нұрахметов пен К.Әбдіғалиевтің оқыту технологиялары кеңінен танымал.

Демек, тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға толық мүмкіндік бар. Құзіреттілікті дамытудың бүгінгі күн тәртібіндегібасты мәселелердің қатарына жатады.

«Құзыреттілік» ұғымы еңбек әлемінде және өнеркәсіп мекемелеріндегі үдерістерде пайда болды. Негізі,«құзыреттілік» термині алғаш рет 1992 жылы Еуропа Кеңесінің «Еуропадағы орта білім» жобасында пайда болды. Бұл жобаның міндеті – Еуропа одағының құрамындағы елдерде білім берудің мақсаты мен мазмұнын, оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау механизмдерін талдау болды.

Құзыретті философиялық тұрғыдан түсіндіру адамның танымы мен практикасына байланысты жаңалықтар мен жаңа енгізулерге жол ашады, сонымен қатар білім берудің әрбір кезеңдеріндегі педагогикалық ситуацияға қойылатын білімділік талаптарын анықтауға мүмкіндік береді.

Құзырет (латын сөзі – сәйкесті қабілеті) –орындалатын жұмыстың мәнін, қойылған мақсатқа жетудің тәсілдері мен құралдарын терең және түп-түбіріне дейін білу, сонымен қатар сол жұмысқа сәйкес келетін іскерліктер мен дағдыларының болуы деп түсінуге болады.

«Құзырет»- өзінің бойындағы белгілі бір білімі мен дағдысы арқылы шешім қабылдауға қатысуға немесе өз бетімен мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін лауазым иесінің жеке мүмкіншіліктері, оның біліктілігі (білім мен тәжірибесі).

«Құзырет» ұғымының тұлғаның жетілуімен және оның еңбек міндеттерін орындауда өнімді әрекет жасауға және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін күйге жетуімен байланыстырады.

Осылайша «құзырет» - бұл оқу барысында жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет білімге де, дағдыға да жатпайды. Құзырет - бұл іс –әрекетті, іскерлікті тудыратын нәрсе. Құзырет саналы іс-әрекет барысында қалыптасады. Құзыретті

меңгеру оқушының белсенділігіне тәуелді. Жұмыс жасауды үйрену үшін қарым-қатынас жөніндегі ғылыми баяндамаларды тыңдаудың пайдасы жоқ. Ағылшын не орыс тілінде сөйлемейінше, оларды меңгеру мүмкін емес. Тек практика жүзінде ғана компьютерде жұмыс жасауды үйренуге болады.

Құзыреттің көрінуіне белгілі бір жағдайлардың әсері зор. Құзыретке ие болу дегеніміз сол ситуацияға өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу. Білімді адамдардың нақты ситуацияларда қажет болған жағдайда сол білімін қолдана алмайтындығын күнделікті өмірде кездестіруге болады. Осылайша, құзыретті дамыту және қалыптастыру үшін олар көрінетіндей нақты жағдайлар тудыру қажет.

Құзыреттіліктер - адамның белгілі бір салада беделге, танымға, тәжірибеге ие сұрақтар мен құбылыстар шеңбері. Әлеуметтік құзыреттілік –қоғамдағы өмір сүрудің нормалары мен ережелерін дұрыс орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар (міндеттер). Әлеуметтік педагогиканың термині. Коммуникативтік құзыреттілік төмендегідей компоненттерден тұрады:

-коммуникативтік тәртіп аймағындағы білімі (қажетті тілдерді білуі, педагогика және психология, конфликтология, логика, риторика, мәдениет және сөйлеу аймағындағы білімі).

-коммуникативтілік және ұйымдастырушылық қабілеті (іскерлік қатынастарды нақты және жедел орнату, белсенділік таныту, тұлғаны дұрыс қабылдау және түсіну негізінде психологиялық әсер ету, қоршаған ортамен және оқшауланған адамдармен біріккен іс-әрекет кезінде белсенді әрекет жасау);

-эмпатияға қабілетті болу (түсіне білу іскерлігі, өзгені сезіне білу, психотерапияны сөзбен орындай алу).

- өзіндік бақылауға қабілеттілігі (көршісінің және өзінің мінез-құлқын реттей алу іскерлігі, әңгімелесушіні модельдей алу, дау-жанжал ситуацияларында өнімді жауап беру тәсілдерін табу, жағымды психологиялық климатты тудыру, субъектаралық қарым-қатынасты болжай алу);

-вербальды және вербальды емес қарым-қатынас мәдениеті (сөйлеу техникасы, риторикалық амалдар, аргументация техникасын және шарттасуды жүргізу, кәсіби педагогикалық әдеп ережелерін сақтау, ұғымдық категориялық ақпаратты мақсатты түрде қолдану, сөйлеу мәдениетін меңгеру, вербальды емес құралдарды қолдану).

Қорыта келгенде, коммуникативтік құзыреттілік студенттерді бақылаудан өзіндік бақылауға, әлеуметтік дамытудан өзіндік дамуға, монологтан диалогқа, түсіндіруден түсінуге ауысудың негізін құрайын тұлғалық-бағдарлы педагогикалық технология шеңберінде білім беру парадигмасының өзгеруімен байланысты жүзеге асырылады.

Жалпы құзырет – өз бетімен білім алуға, оның барысында пайда болатын танымдық проблемаларды өз бетімен шешуге, өзінің позициясын белгілеуге жеткілікті білімділік деңгейі.

Сонымен, оқыту технологиясы сабақ беру әдістемесімен салыстырғанда, студенттердің өздерінің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері және мазмұнын

өндіруді көрсетеді. Олар диагностикалық білім маңыздылығын және оқыту үдерісі қасиеттерінің жалпы студенттердің тұлғасын дамытуға бағытталған объективті бақылауын қажет етеді. Сондықтан, әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен студенттердің психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қарауда мұғалім іс-әрекетінің маңызы зор.Қазіргі талапқа сай жаңа технологиялардың берілетін білім деңгейінің кеңейтілуін және студенттердің білім дәрежесін арттыруды талап ету қоғам қажеттілігі. Кәсіби білім беру саласында білікті маман, білгір кәсіптік педагогты дайындау қазіргі басты міндет және де бұл оқыту үдерісінде озық технологияны пайдалану шеберлігіне байланысты. «Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі», - деп көрсетеді С.В. Селевко. [58]

Д.В.Чернилевский бойынша, оқыту технологияларын таңдау үшін педагог ескеруге қажетті факторлар:

- біліктілік сипатына енген кәсіби біліктерді меңгертуге арналған оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру мүмкіндіктері;
-педагогикалық үдерістегі оқыту ақпараты функциясы (оқыту, диагностикалық бақылау);
- оқыту ақпаратының мақсаттылық белгісі (танымдық, әрекеттік типте);
- оқушылардың яки студенттердің мүмкіншілігі (әдістемелік біліктілік деңгейі, оқыту үдерісінің әдістемелік техникалық жабдықталуы) [59 ].

Педагогикалық технология М.В. Кларинннің анықтауында: «Педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық, дара, инструменталдық және әдіснамалық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесін білдіреді»[60]. Ғалым-академик В.М. Монахов оқыту технологияларының практикадағы қолданыс аясын тереңірек зерттей келіп, оны жаңаша қырынан танытады. Ғалымның пікірінше: «Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу үдерісін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі» [61]. Жоғарғы оқу орындарында қазіргі заманғы технологияны ұтымды пайдалану нәтижесінде студенттер психологиялық-педагогикалық пәндер мазмұнын ғылыми негізде анықтауды және олардың логикасына сай оқу материалы ретінде оқыту үдерісіне ендіру, алгоритмдік оқыту, бағдарламалап оқыту, зерттеп оқыту сиқты технологиялар түрлерін болашақ мамандығына сай білім беру үдерісінде қолдана білуге үйренеді. Сондай-ақ, қазіргі білім беру технологиялары бойынша студент өзінің жүйелі білім меңгеруіне деген мүмкіндіктерін ашады. Ал, педагог үшін оқу үдерісінде осы технологияларды ұтымды қолдану арқылы тәжірибе жинақтау және болашақ педагогтың кәсіби-тұлғалық қасиетін дамыту, мемлекетімізде жүргізіліп жатқан білім беру реформасының мақсаттары мен талаптарын жүзеге асырып, студенттерді, яғни болашақ мамандарды алдағы кәсіби-педагогикалық қызметке неғұрлым

жетілген деңгейде әзірлеуде уақыт рухына, қазіргі заман талабына сай жоғары сапалы білім беріп тәрбиелейтіні сөзсіз.

# 2ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

## 2.1Агротехникалық оқу орны студенттерінің психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып үйренуін ұйымдастырудың қазіргі жағдайы

Қазіргі еңбек нарығында жоғары білімді жас мамандардың бәсекеқабілеттілігі алған кәсіби білімдер көлемі және меңгерген біліктеріменғана емес, сонымен бірге креативтик ойлау, шешім қабылдаудағы ұтқырлық, өз іс-әрекетін жобалауға қабілеттілік, өзбетімен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайындығы сияқты тұлғалық сипаттамалармен де анықталады.

Демек, бұл міндеттерге байланысты кәсіби білім беру мақсаттарын қайта қарап, оқыту үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру қажеттілігі туындайды. Студенттердің сапалы кәсіби дайындығын, интеллектуалдық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оқыту үдерісін ұйымдастыру жоғары кәсіби білім беру мекемелерінің жауапкершілігінде болып табылады.

Жоғары мектептегі кәсіптік білім беру мақсаттарын жаңарту оқыту әдістемелерін жетілдіру мен оқыту үдерісін ұймдастыруды тек іргелі білімдер мен біліктерді қалыптастырып қана қоймай, тұлғаның дамуына оң әсер ете отырып, оның шығармашылық дербестігін де қалыптастыратын технологияларды қолдануды талап етеді. Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары аталған міндеттерді толық шешу мүмкіндігін беретін технология деп қарастыруға болады.

Қазіргі уақытта кәсіптік білім беру жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып үйренуді ұйымдастыруда тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын тиімді қолдануды қарастырудың қажеттілігі бар. Себебі, біріншіден бұл пәндер студенттердің тұлғалық дамуына тікелей үлес қоса алады, екіншіден, бұл пәндерді оқытуда кездесетін білім беру тиімділігінарттыруға кері әсер ететін жағдайлар кездесіп отырады. Айталық, психологиялық, педагогикалық пәндер өмір сүру тәжірибесімен байланыстырылмайды, кәсіби тәжірибемен ұштастырылмайды, сабақтар жүйесі студенттер белсенділігін арттыруға үлес қосатындай өткізілмейді, кейде дәрістер монологтық сипатты жүргізіледі, дайын білімдер берумен шектелу байқалады. Бұл кемшіліктердің барлығын да тұлғалық бағдарлы оқыту технолгияларын қолдану арқылы жою мүмкіндігі бар.

Демек, тұлғалық-бағдарлы кәсіптік оқыту ұстанымдарын анықтап алудың маңызы зор. 80-жылдар аяғында педагогика ғылымы мен педагогикалық психологияда тұлғалық-бағдарлы білім беру парадигмасы бекітілді. Ізгіліктік педагогикадағы тұлғалық бөліктік элементін Ш.А.Амонашвили ұсынды деп санауға болады. Оның педагогикалық жүйесінің мақсаттық құрылғысы- білім алушыға өзінің тұлғасын жасау жағдайларын ұйымдастыру деп тұжырымдалады[62].

Жалпы кәсіптік білім берудегі парадигмаларды когнитивтік, тұлғалық және функционалдық деп бөліп қарастыруға болады. Когнитивтік парадигмада білім беру таным аналогиясы, ал оның үдерісі мақсат қою, мазмұн іріктеу оқыту формалары, әдістері мен құралдарын таңдау іс-әрекеті деп саналады.Оқытудың тұлғалық аспектісі танымдық мотивацияны және танымдық қабілеттіліктерді қалыптастыруға, басқа адамдар мен өзінің мінез-құлқын мағыналық, құндылық, эмоционалдық бағалау тәжірибесін жинақтау болып табылды.Оқыту мақсаты білім,білік және дағдылар сапасын бейнелейді.

Когнитивтік парадигмада тұлғаны дамыту емес, оны ақпараттық қамтамасыз ету деп санап, оқу іс-әрекетін мақсаты белгілі бір білімдер мен іс-әрекет тәсілдерін меңгерту деп табылды.

Тұлғалық-бағдарлау парадигмасында келесі маңызды қағидаларға сүйену қажеттілігі бар. Мұндай қағидаларға жататындар:

-оқушыны ең басынан бастап таным субъектісі деп қарау, субъекттік тәжірибе иесі ретінде оның дербестігіне, өзбетіншелігіне, өзіндік құндылығына басым мән беру; білім алушы оқыту барысында ғана қалыптаспайды, ең басынан таным субъектісі болып танылады;

-білім беру өзара байланысты оқыту және оқу сияқты екі құраушының бірлігі;

-білім беруді жобалау оқуды әлеуметтік маңызды меңгеру үлгілерін тасымалдайтын дербес іс-әрекет ретінде жаңғырту мүмкіндігі деп қарастыруды қажет етуі тиіс;

-білім беру үдерісін құру және жүзеге асыруда білім алушының субъекттік тәжірибесін анықтау бойынша ерекше жұмыс жүргізу қажет; оқытушы мен оқушының ынтымақтастықты іс-әрекеті түрлі мазмұнды тәжірибе алмасуға бағытталуы тиіс;

-білім беру үдерісінде оқыту жағынан қоғамдық-тарихи тәжірибенің берілуі мен оқудағы оқушының субъекттік тәжірибесі ұштасуын ұйымдастыру;

-екі тәжірибенің өзара әсерлесуі дербес тәжірибені ығыстырып немесе толықтырушы ретінде емесоларды үздіксіз үйлестіру жолымен жүзеге асырылуы тиіс;

-оқудың негізгі нәтижесі сәйкес білімдер мен біліктерді меңгеру негізіндегі танымдық қабілеттіліктерді қалыптастыру болуы қажет.

Демек, бұл қағидалардан көретініміз, тұлғалық-бағдарлы педагогика білімалушы тәжірибесіне басымдық көзқарастан тұруы қажет.

Тұлғаның субъекттік тәжірибесі алдымен ашылып, оның білім беру мазмұнымен үйлестірілуі тұлғалық-бағдарлы оқытудың басты міндеттерінің бірі деп тұжырымдауға болады.

Бұл жерде тағы да оқыту мен оқу бірлігін жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Әдетте,оқыту мақсаты білім, білік, дағдыларды меңгерту, ал оқу мақсаты танымдық қабілеттіліктерді дамыту деп тұжырымдалды. Бірақ, қабілеттіліктер білім, білік, дағдыларсыз жүзеге асырыла алмайтындықтан, олардың қатынасы меңгеру ұғымы арқылы қарастыруды қажет етеді. Меңгерудің екі жағы бар: нәтижелік және іс-әрекеттік.

Нәтижелік жағы алынған білім, білік, дағдылар түрінде бекітіледі. Өнім ретінде оқыту барысында жоспарланып, ұсынылып және бақыланады.

Меңгерудің іс-әрекеттік жағы оқушының қоғамдық-тарихи тәжірибеге тұлғалық қатынасымен, оқу жұмысы жолдары болып табылатыніс-әрекет құралдарын игеру арқылы анықталады. Сонымен, «меңгеру» деп мазмұны мен формасы білімалушының сол тәжірибені өз меншікті іс-әрекетінде жаңғырту мүмкіндігіне сәйкес келетін, қоғамдық-тарихи тәжірибені белсенді игеру үдерісін анықтауға болады[63].

Кәсіптік білім берудегі тұлғалық-бағдарлы парадигма 90-жылдардан бастау алады. Тұлғалық-бағдарлы білім берудің жүйеқұраушы факторы - оқу субъектілерінің бұрынғы тәжірибелерін, тұлғалық ерекшеліктерін, нақты оқу ортасындағы оқу материалы ерекшеліктерін ескере отырып,өзара әсерлесуін ұйымдастыру үдерісінде білім алушыларды кәсіби дамыту болып табылады.

Тұлғалық-бағдарлы кәсіптік білім берудің басты бөлігі кәсіптік дамыту болып табылады. Кәсіптік дамыту деп кәсіптік оқыту үдерісінде, мамандықты меңгеруде және кәсіптік іс-әрекетті орындау үдерісінде тұлғаны дамытуды айтамыз.Кәсіптік білім берудің бастапқы кезеңінде кәсіби дамытудың көзі тұлғалық даму деңгейі болып табылады. Ал келесі кезеңдерінде тұлғалық пен кәсіби даму қатынасы динамикалық түрде тепе-тең емес тұтастыққа айналуы мүмкін. Кәсібилендіру кезеңінде кәсіби дамыту тұлғалық дамытуға қарағанда басымырақ мәнге ие бола бастайды.

Тұлғалық-бағдарлы кәсіптік білім беру келесі ұстанымдарға негізделеді:

-кәсіптік үдерістің басынан бастап алғанда субъектісі болып танылатын білім алушының дербестігі, өзіндік құндылығы басым құндылық болып танылады;

-кәсіптік білім берудің технологиясы оның барлық кезеңдерңнде тұлғаның кәсіптік қалыптасуы заңдылықтарымен анықталады;

-кәсіптік білім берудің мазмұны заманауи әлеуметтік, ақпараттық, өндірістік технологиялар деңгейімен жәнеболашақ кәсіптік іс-әрекетіне сәйкес анықталады;

-кәсіптік білім беру алдын ала даму сипатты, болашақ маманның тұлғалық қасиеттерін оқу-кәсіптік үдерістеәлеуметтік-кәсіби құзіреттілігі мен тұлғалық қасиеттерін дамытумен қамтамасыз етіледі;

-тұлғалық-бағдарлы кәсіби білім беру мейлінше білім алушының жеке тәжірибесіне, оның өзін ұйымдастыру, өзін анықтау және өзін дамыту қажеттіліктеріне тікелей бағдарланған.

Агротехникалық оқу орындарындағы білім беру мазмұны студенттердің субъектілік тәжірибесіне сай құрыла отырып, оның дамушы маман ретіндегі қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асыруды қажет етеді. Яғни оқу материалы мазмұны тұлғалық-бағдарлы болуы аса қажет жағдай ретінде қарастыруды талап етеді. Психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып үйренуді ұйымдастыруда оқу материалы құрылымына субъектілік тәжірибелерді ендіріп отыру қажеттілігі де туындайды.

Демек, психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда тұлғалық-бағдарлы кәсіптік білім беруді ұйымдастыру оқу іс-әрекеті сипатын қайта қарауды, оны тұлғалық бағытта толықтыруды қажет етеді. Оқыту теориясы мен практикасында оқу іс-әрекеті тұжырымдаулары әр кезең талаптарына сай қайта қарастырылып отырғаны белгілі. Дәстүрлі педагогикада, яғни когнитивтік парадигмаға сай оқу іс-әрекетін оқытушының нәтижесінде білімдер, біліктер және дағдыларды меңгеруге әсер етеін оқу тапсырмаларын шешуге бағытталған іс-әрекет ретінде анықтап отырды. Бірақ, заманауи талаптарға сай оқу іс-әрекеті мағынасы қайта толықтыра қарауды қажет етеді. Осыған байланысты біз оқу іс-әрекеті ұғымын келесі түрде анықтауға болады деп санаймыз. Біз оқу іс-әрекетін - нәтижесінде білім, білік, дағдыларды сапалы меңгере отырып, өзін өзі жетілдірудің, өзін өзі дамытудың белсенді субъектісіне айналуға қажетті тұлғалық қабілеттіліктерді қалыптастыру мен дамыту жүретін оқу тапсырмаларын оқытушы мен білім алушылардың ынтымақтастық іс-әрекет негізіндегі ұйымдастырылған жүйе деп тұжырым жасадық. Бұл анықтаманың ерекшеліктері:

-біріншіден, студенттердің біржақты іс-әрекетін жүзеге асыру емес, олардың оқытушылармен бірлесе отырып жасалатын өзара әсерлесуі деп қарастырылады;

-екіншіден,оқу тапсырмаларының орындалуы тек білім, білік, дағдыларға ғана емес, сонымен бірге тұлғаның өзін жетілдіруі қамтамасыз етілетін оқу тапсырмаларын орындауға бағытталуы болып табылады;

-үшіншіден білім, білік, дағдылар сапасын субъектілік іс-әрекеттік белсенділік негізінде арттыруға баса назар аударылуында деп түсінуге болады.

Біздің тұжырымдамамызда кәсіби дамытуды ерекше мәселе ретінде бөліп көрсетпейміз, себебі болашақ маманның кәсіби дамуы оның тұлғалық әлеуетін дамытумен, оны белсенді субъектілік іс-әрекетке тартуға тікелей байланыстылығын ескерумен анықталады. Яғни жоғары кәсіби білім беру барысында болашақ мамандарды кәсіби дайындау маңызды құраушылар ретінде тұлғалық даму мен тұлғалық сапаларды қамтиды.

Кәсіби білім беру барысындағы кәсіби дайындау тұлғалық дамытулардан және тұлғалық сапалардан тұрады. Тұлғалық дамыту бөліктері: денелік, психикалық, әлеуметтік және рухани;

Тұлғалық сапалар элементтері: кәсіби дайындық, мотивациялық дайындық, когнитивтік дайындық, амалдық-іс-әрекеттік дайындық.

Мамандарды дайындауда оны кәсіби дайындауды тұлғалық дамуына бағдарлай отырып жүргізутұлға дамуын жанжақты аспектілік негізде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Барлық аспектілер ішінде рухани дамыту тұлғалық дамытудың шыңы болып табылады. Ал рухани-құлықтылық дамыту әрбір маманның педагогикалық білімдерді меңгеруін (қарапайым деңгейде болса да) оның психологиялық-педагогикалық ойлауын қалыптастыруын талап етеді. Демек, қазіргі уақытта кәсіби дайындаудың психологиялық-педагогикалық бағыттылығын күшейту мақсаттары туындайды. Бұл өз кезегінде оқу іс-

әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтауды қажет етеді.

## 2.2 Психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде ұйымдастырудың педагогикалық шарттары

Кәсіптік білім беруді жүзеге асыратын агротехникалық университетінде кәсіптік педагог мамандарын дайындау жағдайларын зерттеу барысында тұлғалық-бағдарлы білім беру талаптарына сай оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтауды қарастырдық.

Жалпы, философия ғылымында «шарттар» немесе «жағдайлар» деп бөліп қарастырылып отырған объектінің пайда болуына, өмір сүруіне немесе өзгеруіне қажетті, сол объектінің өзімен өзара тығыз байланысты, онысыз өмір сүре алмайтын қоршаған орта құбылыстарына қатынасын көрсететін нәрселер, қатынастар, үдерістер жиынтығын айтады. Демек, шарттар дегеніміз алынған объект пайда болып, дамитын ортаны құрайды деп тұжырымдауға болады. Психологиялық-педагогикалық сөздікте оқу іс-әрекеті шарттары «ол жүзеге асырылатын және оның субъектілері өмір сүру іс-әрекетінің жағдайлары жиынтығы» деп анықталған [64].

Талдаулар барысында оқу іс-әрекетінің педагогикалық шарттары ұғымы тұлғалық-бағдарлау идеясына қатысты толықтыра анықталды. Толықтыра тұжырымдалған анықтама: оқу іс-әрекетінің педагогикалық шарттары – басты құндылық ретінде өзін дамыту мен әлемді дамыту танылатын,өз іс-әрекетіне рефлексивті қатынас жасай алатын, оқу іс-әрекеті мен оның субъектісінің өмір сүруі жүзеге асырылатын оқыту үдерісіндегі жағдайлар жиынтығы.

Толықтырыла тұжырымдалған анықтамадан байқайтынымыз әртүрлі пәндерді оқып үйренуді ұйымдастыру барысында студенттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесіне өткізу қажеттілігі бар. Бұл қажеттілікті қанағаттандыруда педагог ғалым Е.В.Бондаревскаяның тұжырымдаған қағидаларына сүйенуге болады. Бұл тұжырымдардың мәнін аша кетуге болады:

Біріншіден, тұлғалық бағытты білім беру – ең алдымен адамның өзін,өз бейнесін, қайталанбас дербестігін, руханилығын, жасампаздық бастауын қалыптастыруы.

Екіншіден, тұлғалық білім беру мақсаты - адамды дамыту, оның өзіндік тұлғалық бейнесінің қалыптасуына және адамдармен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен диалогтық және қауіпсіз өзара әсерлесуге қажеттіөзін жүзеге асыру, өзін дамыту, өзін қорғау механизмдері негізін салу.

Үшіншіден, тұлғалық-бағдарлы білім беру тұлғаға түсіну, өзара түсінісу, қарым-қатынас, ынтымақтастық механизмдерін меңгеруге жол ашуы қажет.

Төртіншіден, тұлғалық білім беру адамның экзистенталдық қажеттіліктерін, яғни тұрмыстық, өмір сүруге қажетті еркіндікөзін,өзінің көзқарасын, әрекеттерін, позицияларын, өзбетіншелігін және жеке жауапкершілігін, өзін дамыту менөзін жүзеге асыру, өзін анықтау және

жасампаздықта еркін таңдау қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы тиіс[44].

Бұл қағидалар негізінде Е.В.Бондаревская тұлғалы-бағдарлы білім берудің мазмұнының міндетті төрт элементтерін анықтайды:аксиологиялық, когнитивтік, іс-әрекеттік-шығармашылық және тұлғалық.

Ал біз ары қарай тұлғалық-бағдарлы оқыту барысында оқу іс-әрекетін осы әрекеттердің өзара байланысы негізінде ұйымдастыру қажеттілігін басты педагогикалық шарттардың бірі ретінде қабылдаймыз.

Тұлғалық-бағдарлы негізде психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытудың тағы бір маңызды педагогикалық шарты ретінде студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда оларды тұлғалық өзін өзгерту, өзін жетілдіруге,өзін субъекті ретінде дамытуға, құбылыстарды танып, оны түрлендіруге қажетті қабілеттіліктерді қалыптастыруға бағытталған оқу тапсырмаларын қолдану деп қарастырамыз.

Келесі маңызды педагогикалық шарттар қатарына біріккен оқу іс-әрекеті жағдайларын құруды жатқызуға болады. Себебі мұндай жағдайларды тудыру қарым-қатынасты, ынтымақтастықты, серіктестікті, студенттер мен педагогтың рефлексивтік позициясын тудыратын өзара әсерлесуді ұйымдастыруға көмектеседі.

Анықталған педагогикалық шарттар психологиялық-педагогикалық пәндерден дәрістік сабақтардағы оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы негізде ұйымдастыруды да талап етеді. Психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша сабақтарда кәсіптік оқыту бакалаврларын болашақ білім беру жүйелерінің мамандары ретінде педагогикалық қызметке құндылық қатынастары мен қабілеттіліктерін қалыптастырумен ғана шектелмей, инновациялылық іс-әрекетке, ұжымдық басқаруға және өзіндік дамытуға бағыттауды қамтамасыз ету маңызды. Бұл міндеттерді шешу студенттердің танымдық және шығармашылық қабілеттіліктерін дамытуды, оларды белсенді іс-әрекетке тартуды, педагогтар мен студенттер арасындағы біріккен оқу іс-әрекетін құруға қажетті өзара әсерлесу жағдайларын тудыруды қажет етеді.

Бірақ, дәстүрлі білім беру жүйесіндегі дәрістер өткізілуі аталған міндеттерді шешуге толық жауап бере алмайды. Дәстүрлі дәрістердің кемшілігіне білімдерді меңгерудің ақпараттық сипаттылығы, оқу материалын бүге-шігесіне шейін тұтас баяндап беруге тырысу, оны есте сақтатуға тырысу, түсінуіне зейін аударылмауы жатады. Мұндай дәрістерде берілген ақпаратты тез есте сақтап алуға жұмылдыру көп күш жұмсалады.

Дәстүрлі дәрістердің тағы бір кемшілігі монологтық сипатта болуы, студенттер мен педагог позициясының теңқұқылы болмауы деп көрсетуге болады. Студенттер көбінесе ақпаратты қабылдаушы позициясына қойылады. Мұндай сабақтарда студенттер өзін тыңдата білу, өзгелерді тыңдай білу, өзкөзқарастарын басқа көзқарастармен салыстыра білу, өзінің пікірін негіздеп, дәлелдеу сияқты біліктерді меңгере алмайды.

Қазіргі талаптарға сай дәрістерде студенттер белсенді дамытушы іс-әрекеттің субъектісі болуы қажет, олар ғылыми ақпараттар ағынында өз бетінше

бағдарлана білуі қажет, оқу материалын дайын күйінде қабылдауға емес, оны түрлі тұлғалық-бағдарлы іс-әрекеттер негізінде меңгеруді қамтамасыз етудібасты назарда ұстауды қажет етеді. Бұл мәселелерді шешу оқу іс-әрекетін кәсіби іс-әрекетпен өзара тығыз байланыста құруды талап етеді. Қазіргі күні ақпаратты жай ғана беруден теориялық, практикалық ойлау және психикалық қызметтер құрылымы тетіктерін ендіре отырып меңгертуге көшуді қажет етеді. Бұл өз кезегінде тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдана отырып, оқу іс-әрекеті, теориялық ойлау және рефлексиялау шеңберлерін біріктіру негізінде жүзеге асыруды қажет етеді. Көптеген зерттеулерде (В.В.Давыдов, В.И.Слободчикова, Г.А.Цукерман) рефлексияның өмір сүруінің үш сферасын қарастырады: іс-әрекет, ойлау; қарым-қатынас және бірігу; өзіндік сана. Олардың көрсеткеніндей алғашқы элементтерінде ойлау, әрекет ету, қарым-қатынас жасау сияқты қарапайым мағыналы ойлау іс-әрекеті үдерістері жатады, ал үшінші элемент санамен байланысты субъектілік өзіндікті арттырады және оқушыны іс-әрекеттің субъектісі ретінде дамытуға жағдайлар жасайды.

Рефлексия оқи білуде, түрлі көзқарастардың айырмашылығын анықтай білуде, өзін өзгертуге қызығушылық пайда болуында байқалады.

Психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда талқыланатын мәселелерге қатысты әртүрлі көзқарастарды дәстүрлі дәрістердегідей мұғалім мен студенттер арасында ғана емес, студенттердің өздері арасында тең позицияда талқылау мүмкіндігін береді.

Аграрлық оқу орындарында мамандарды дайындау барысында тұлғалық-бағдарлы педагогикалық мәдениетті мамандарды тәрбиелеу мәселесі тұр. Мұндай педагогикалық мәдениеттің компоненттеріне психологиялық-педагогикалық біліктілік және дамыған педагогикалық ойлау кіреді. Бұл өз кезегінде педагогикалық білім беруді ұйымдастыруды жетілдіру қажеттілігін тудырады. Педагогикалық білімдер мазмұнына кіретін факторлар: ғылымипедагогикалық білімдер, білім алу тарихы, этнопедагогикалық және инновациялық іс-әрекет жайлы білімдер. Бұл факторлар оқытудың маңызды екі бағыттағы қызметін анықтайды:

1)қоғамдық-тарихи тәжірибені беру;

2)маман тұлғасын қалыптастыру.

Өкінішке орай, қазіргі кезде педагогикалық пәндер бойынша дәрістерге студенттер тарапынан қызығушылық төменділігі байқалады, бұл тек қоғамдық-ғылыми тәжірибені ғана беруге тырысуға байланысты.

Сабақтарда іс-әрекеттің барлық түрлерін өзара ұштастыра ұйымдастыру арқылы инновациялық іс-әрекетке тарту, өзін дамыту бағытында жұмыстар жасату, түрлі оқу тапсырмаларын қолдана отырып, біріккен іс-әрекеттік негіздегі оқу іс-әрекетін жасатуды қажет етеді. Бұл студенттердің нақты тапсырмаларды орындау барысында түрлі көзқарастар жүйесін талдап, бағалап, өзінің жолдарын анықтау қабілеттілігін оятады және бұл оның тұлғалық дамуының негізі болып табылады.

Бүгінгі жоғарғы оқу орнындағы білім беру жүйесінде педагог ең алдымен, студенттің өмір сүру барысында белсенді, жауапкершілікті тұғырдан табылуын

қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттерін дамытуға көмектесуі қажет. Тұлғалық-бағдарлы оқытудың басқа концепциялардан айырмашылығы оқушының субъективтілігін дамытып, бүгінгі күн талаптарына сай өзін-өзі дамыту механизмін қозғап жіберуге бағдарлануы болып табылады.

Бұл міндеттерді жүзеге асыруға байланысты кәсіби білім беру жүйесінде психологиялық, педагогикалық пәндерді зерделеуді ұйымдастырудың мүмкіндігі зор.

Болашақ мамандарды кәсіби дайындау ісінде психологиялық, педагогикалық білімдер беруге тиісті назар аударылып отыр, дегенмен де заманауи талаптар негізінде студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда бірқатар шешуді қажет ететін мәселелер бар. Олардың қатарына жататындар:

1.Студенттердің тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін өзін-өзі дамыту тетігін басқарудың әлі толық жүзеге асырылмауы.

2.Кәсіби дайындықтағы психологиялық,педагогикалық білімдердің олардың тұлғалық қызығушылықтары, қажеттіліктері, өзін байқату формалары қалыптасуына тікелей әсері ескерілмеуі.

3.Студенттердің тұлға ретіндегі субъективтілігі қалыптасуына жете көңіл бөлінбеуі.

Бұл мәселелерді дәстүрлі оқыту концепциялары мен оқыту әдістері негізінде жүзеге асыру мүмкін болмай қалып отыруы, студенттердің тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесіндегі оқу іс-әрекетін қойылып отырған жаңа талаптар негізінде ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтап, теориялық тұрғыдан негіздеуді қажет етеді.

Тұлғалық-бағдарлы технология негізінде студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда келесі әрекеттердің жүзеге асырылуы маңызды:

-нақты нәтижеге қол жеткізетін мотивтерді қалыптастыру;

-проблемадағы қарама-қайшылықтарды талдау негізінде қарастырылатын құбылыстар мәнін ашып көрсетуде рефлексияны қалыптастыру;

-оқу іс-әрекетін тез және сапалы меңгеру мүмкіндігін беретін қабілеттіліктерді қалыптастыру.

Аталған әрекеттерді қалыптастыру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілуі қажет. Атап айтқанда:

1.Оқу материалымен жұмыс істеу барысында аксиологиялық, когнитивтік, іс-әрекеттік-шығармашылық және тұлғалық сипатты әрекеттер жасауға қажетті материалдарды қамтамасыз ету;

2.Құндылық-бағдарлық, коммуникативтік, танымдық және шығармашылық-танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға жағдайлар жасау;

3.Оқу іс-әрекеті тәсілдерін репродуктивті-орындаушылық деңгейден шығармашылық-ізденістік деңгейге дейін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу;

4. Оқу іс-әрекеті нәтижесі ретінде студенттердің субъектілік белсенділігін дамыту бойынша жұмыстар жасау.

Бүгінгі күні егеменді ел болып отырған қазақ халқы үшін өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесін ұлттық мұра негізінде жүргізу өзекті мәселелер қатарына жатады. Себебі, қазіргі кезде өкінішке орай, біздің қазіргі қоғамымызда жастар

тәрбиесінде көңіл аударуды ғана емес, тікелей шешуді қажет ететін бірқатар келеңсіз жағдайлар байқалатыны шындық.

Ал енді бүгінгі күннің талабына сай ұлттық мұраны тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолдану негізіне ала отырып, инновациялық оқыту идеясына сай меңгертудің тиімділігі ерекше. Демек, бүгінгі күнгі білім беру саласы қызметкерлері инновациялық оқыту ерекшеліктерін жақсы түсіне білуі қажет.

Сондықтан инновациялық оқыту ұғымы мәнін аша кетуге тоқтала кетеміз.

Инновациялық оқыту – білімдерді меңгертудің ерекше типі және ол нормативті, яғни дәстүрлі оқыту типіне қатысты алтернативті оқыту типі болып табылатындығы белгілі. Бұл екі оқыту типіндегі айырмашылық олардың болашаққа әртүрлі қатынасының байқалуы болып табылады. Нормативтік оқыту қайталанып отыратын жағдайлардағы іс-әрекет ережелерін меңгертуге бағытталады. Ал инновациялық оқыту жаңа, теңдесі жоқ жағдайлардағы біріккен әрекеттерге қабілеттіліктерін дамытуды басты мақсат етіп қояды. Бұл тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолданудың да басты шарттарының бірі болып табылады.

В.Я.Ляудис инновациялық оқыту типін оны басқару ғылыми және мәдени білімдерді қолдану негізінде жүзеге асырылатын, мақсатты түрде жобаланатын оқыту процесі және болашақтық мәселелерді шешуге қабілетті, сол болашақтың өзі және оған белсенді қатысу қоса жобаланатын мақсатты түрде ұйымдастырылған тұлғаны дамыту жағдайлары деп тұжырымдайды [65].

Ал ұлттық мұра - ғасырлар сараптауынан өтіп, бүгінгі күні өз мәнін жоймаған, болашақта да жойылмайтын мәнге ие ғылыми және мәдени мұра деп қарауға болатын жүйе. Демек бұл мұраның инновациялық оқыту типін жүзеге асыруда қолданылуы философиялық тұрғыдан дәлелді негіз болып табылады.

Қазіргі кезде инновациялық оқыту типінде қалыптастырылатын тұлғаға қажетті болашақтағы іс-әрекеттерге белсенді қатысу мүмкіндігін беретін бірқатар тұлғалық қасиеттер ғылыми түрде де және жаппай тәжірибеде де анықталып отыр. Мұндай тұлғалық қасиеттерге кіретіндер:

1.Бастамашылдық

Іс-әрекетте динамикалылық пен жасампаздық әрекеттер жасау мен ойлауда өзбетіншелік байқалта білумен анықталатын білік.

2.Ынтымақтастық

Басқалармен конструктивті және мақсатты түрдегі өзара әсерлесумен анықталады.

3.Ұжымда жұмыс істей білу

Жұмысшы топпен бірлесе отырып, жекешілдік пен бәсекелестіктң орнына бірлескен іс-әрекетке түсе білумен анықталады.

4.Өзара оқыта білу

Өз ортасында ресми және ресми емес түрде тәлімгерлік көрсете білу, кеңес бере білумен анықталады.

5.Бағалай білу

Қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарға, өзінің, басқалардың іс-әрекеттерін бағалау тәжірибесінің болуымен сипатталады.

6.Коммуникация, яғни қарым-қатынас жасай білу

Ауызша, жазбаша, компьютермен  ақпараттар ала білу және оларды тыңдай, оқи, түсіне, сол сияқты дұрыс қолдана білу арқылы сипатталады.

7.Логикалық түрде ойлай білу

Индуктивтік, дедуктивтік әдістер көмегімен логикалы түрде аргументтер келтіре және негіздей білу арқылы есте сақтау және механикалық түрде жаттап алу шеңберінен шыға білумен сипатталады.

8.Мәселенің шешімін таба білу

Мәселелер көтере біліп, мүмкін шешімдерді іздей жәнеоларды қолдану нәтижесін талдайбілумен анықталады.

9.Шешім қабылдай білу

Алтернативті таңдау жасау негізінде мәселелерді үздіксіз шешіп отыру практикасын меңгерумен анықталады.

10.Ақпараттар алу және қолдана білу

Қажетті ақпараттарды іріктеу, оның көздерін білу, шешім қабылдауда қолдана білумен сипатталады.

11.Жоспарлай білу

Мақсаттар қоя біліп, график түзе білу, орындалатын жұмыстардың басымырақ маңыздысын анықтай білумен анықталады.

12.Оқи білу

Жаңа білімдер меңгеруге оң әсер етуші когнитивтік және аффективтік дағдылармен байланысты.

13.Көпмәдениеттілік дағдылар

Әртүрлі көзқарастар, коммуникациялар типтері мен құндылықтары жүйесі бар әртүрлі мәдениет өкілдерімен жұмыс жасай білумен сипатталады.

Сонымен жоғарыда атап көрсетілген біліктер мен дағдыларды меңгерте отырып, инновациялық оқыту және оны тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолдану негізінде шешу қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда тұлғаның жоғары дәрежелі ұтқырлығы мен бейімделушіліктерін қамтамасыз ете алады. Сол сияқты инновациялық оқытуда тұлғаның өзін-өзі қалыптастыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі үйрету үдерістерін негіздей жүргізу мүмкіндіктерін беретін инновациялық оқыту әдістерін қолдану қажеттілігін зерттеуді ұсынады. Демек, инновациялық оқыту әдістерін тұлғалық бағдарлы оқыту технологиясында қолдануды ерекше бөліп көрсету қажеттілігі туындайды. Педагогика ғылымы мен практикасында инновациялық әдістер қатарына диалог және негізгі акцентті жекелеген мотивациядан қызығушылықтар деңгейіне аудару, полифония және өзінің қажеттіліктерімен қызығушылықтарын қоғамның құндылық-мәнділік критерийлеріне бағындыру, мәдени құндылықтарды жасауға қатысу қажеттілігін түсінуді қабылдау сияқты әдістер жатқызылады. Әрине бұл әдістер табиғаты әдеттегі қолданылып жүрген оқыту және тәрбиелеу әдістерінен мүлде өзгеше. Сондықтан бұларды заманауи оқыту үдерісінде қолдана білуге үйрену қажет. Оның ішінде күрделі де, қажетті

жүйе ұлттық мұраны оқып-үйренуде қолданудың ерекшеліктерін қарастыру біздің алдымызға қойған мақсаттардың бірі. Сондықтан біз «Педагогика» пәні сабақтарында инновациялық оқыту әдістерін ұлттық мұраны оқып-үйрену барысында қолдану негізінде болашақ маман ретінде студенттердің рухани-құлықтық жетілуін, инновациялылығын, психологиялық-педагогикалық дайындығын, болашақ қызметтік менталитетін қалыптастыруға қол жеткізуге болады. Тізбектеле көрсетіліп отырған ұғымдардың да қысқаша түсініктемесін бере кетуге болады.

Рухани-құлықтық жетілу адамзат мәдениеті тәжірибесі мен озық үлгілерін жалпы адами, ұлттық-этникалық, кәсіптік және тұлғалық-ізгілік жетістіктер деңгейінде меңгере отырып, құлықтық-құндылық қалыптасуын көздейді.

Инновациялылық соны ғылыми білімдерге, жемісті тәжірибеге және шығармашылық ізденіске негізделген жаңа модельдер, алгоритмдер мен еңбек технологияларын ендіру қажеттіліктері қалыптасуы деп түсінуге болады.

Психологиялық-педагогикалық дайындық еңбек пен күнделікті өмір міндеттерін шешуде психология, педагогика және басқа ғылымдар ұстанымдарына сүйене отырып шешуге, сонымен бірге тәрбие үдерісіне тікелей қатысу және өз еңбегінің барлық жақтарына педагогикалық бағыттылық бере білу қабілеттілігі мен дайындығы дәрежесімен сипатталады.

Қызметтік менталитеті өзбетінше өзін дамытуға, шығармашылық әлеуетін арттыруға, басқа еңбек субъектілерімен қарым-қатынаста өзін байқата отырып, статусына сәйкес, білікті маман ретінде өз кәсіптік стилін қалыптастыруға ұмтылуында байқалады.

Сонымен біз тақырыпқа сай инновациялық оқыту әдістерін ұлттық мұраны оқып-үйренуде тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде қолдану әдістемесін жасау қажеттігін көрсете кетіп отырмыз.

Педагогика ғылымы мен практикасында «тұлғалық-бағыттылық» ұғымын оқушылардың таным және пәндік іс-әрекет субъектісі ретінде жекелеген ерекшеліктерін анықтай отырып, оқушы тұлғасын дамыту және өзіндік дамытуды қамтамасыз ететін өзара әсерлесу деп тұжырымдайды.

Сондықтан тұлғалық бағытты оқыту технологиясын білім беру жүйесі негізіне оқушы тұлғасын, оның комфортты, шиеленіссіз және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ете отырып, табиғи әлеуетін толық жүзеге асыруды басты мақсат деп қарастыратын оқыту технологиясы деп тұжырымдауға болады.

Бұл технология бойынша оқушы тұлғасы жай ғана субъект емес, басымдық көрсете алатын субъект деп қарастырылып, білім беру жүйесінің қандайда бір мақсатқа қол жеткізу құралы емес, басты мақсаты деп танылуы қажет. Бұл технологияны кейде антропоцентрикалық деп те атайды.

Тұлғалық бағытты технология оқушыға басымдық көрсетіп, оны күштеудің орнына оған деген құрмет, оның шығармашылық қабілеттіліктеріне толық сенім көрсете отырып жүргізуді қалайды. Ынтымақтастық технологиясы негізінде демократизм, теңдік, серіктестік талаптарын педагог және оқушы қатынастарында жүзеге асырып отыруды қажет етеді. Педагог пен оқушы

бірлесе отырып, сабақ мақсатын, мазмұнын тұжырымдап, ынтымақтастық, бірлескен шығармашылық незінде бағалар беруді жүзеге асрады. Бұл технологияда еркін тәрбиелеу идеясы негізіндеоқушыларға таңдау жасау еркіндігі мен өзбетіншелікті дамытуға баса назар аударылады. Таңдау жасай отырып, оқушылар сыртқы әсерден емес, ішкі ұмтылу негізінде субъект позициясын жүзеге асыра алады.

Сонымен тұлғалық бағытты технология антропоцентрикалықпен, гумандылықпен, психотерапиялық бағытпен сипатталады және басты мақсаты оқушыны іс-әрекет субъектісі ретінде жан-жақты, еркін және шығармашылық негізде дамыту болып табылады.

Тұлғалық бағытты технологияны қолдану білім беру үдерісіне қатысушылардан бірқатар жағдайлар жасауды қажет етеді. Мұндай жағдайларға жататындар:

-зерттеу (ізденіс) ойлауын модельдейтін жекелеген оқыту бағдарламасын жасау;

-оқу материалын оқушылардың өзі орындайтын зерттеу жобасы әдістерін жүзеге асыру негізінде құрылады;

-диалог және имитациялық-рөлдік ойындар негізінде топтық сабақтар ұйымдастырылады;

Тұлғалық бағыттылықты сабақтарда жүзеге асыру үшін келесі ерекшеліктер ескерілуі қажет:

сабақ барысында оқушылардың психологиялық күйлерін бағалау және түзетіп отыру (эмоционалдық – қуаныш, реніш, көңілділік және т.б., интеллектуалдық – күдіктену, жинақтылық және т.б.);

сабақтың бүкіл бойында мотивтерді мақсатқа айналдырып отыру тәсілімен жоғары мотивациялау деңгейін қолдап отыру;

қарастырылып отырған тақырып бойынша оқушының субъекттік тәжірибесін анықтап, оқу материалын топтың психологиялық-педагогикалық сипаттамасын ескере отырып беруді ұйымдастыру;

жаңа материалды түсіндіруде түрлі сенсорлық каналдарды қолдану;

әр оқушының іс-әрекетін психологиялық-педагогикалық зерттеулер негізінде ұйымдастыру;

сабақ өткізудің негізгі формасы ретінде қолданылып жүрген фронтальдық жұмыстардан бас тартып, жекелеген, жұптық немесе топтық жұмыстардың түрлі нұсқаларын қолдану;

сабақтарда оқу жұмыстары формаларын ұ йымдастыруда, оқу-тәрбие үдерісі әдістері мен тәсілдерін таңдауда гендерлік аспектіге назар аударып отыру;

сабақтағы қарастырылатын тақырыпты бекіту жұмысын жүргізуде оқушының барлық сенсорлық каналдарын дамыту мүмкіндігін беретін түрлі дидактикалық материалдарды, типі,түрі,формасы, сипаты бойынша орындалатын тапсырмаларды таңдап алып отыру;

әрбір оқушының оқу-іс-әрекетін міндетті түрде бағалап, коррекциялап отыру және өзін-өзі бағалау,өзара бағалау жүйесін кеңінен қолдану;

әрбір оқушыда өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейін қалыптастыра отырып, өзіне деген сенімділіктерін арттыру;

әр сабақта оқушылар рефлексиясына мән беріп отыру (не білдіңдер, не өзгерткілерің келеді,немесе нені қайталаған дұрыс деп санайсыңдар т.с.с.)

Педагогикалық-психологиялық пәндер бойынша сабақтарда тұлғалық бағытты оқыту технологиясын қолдануға қатысты мүмкіндіктер бар:

1.Әрбір студенттің жекелеген психикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жекелеген дифференциалды жұмыс жүргізуге болады. Компьютерлік ақпараттық технологиялар негізінде күрделілігі әртүрлі деңгейдегітесттер, практикалық тапсырмалар арқылы дайындық деңгейлері әртүрлі студенттер үшін олардың жұмыс қарқынына сай мүмкіндік беруге болады.

2.Компьютерлік ақпараттық технологиялар арқылы берілетін білімдердің ғылыми мазмұнымен студенттің жеке тәжірибесі мазмұнын сәйкестендіріп отыруға жағдай жасайды. Компьютер студентке білімдерді жай беріп қана қоймай оны өз күштеріне сай, өз оқу іс-әрекеті негізінде қол жеткізуге көмектеседі.

3.Компьютермен жұмыс істеуде схема құру, кесте, алгоритмдер түзу, компьютерлік тәжірибелер, тұсаукесерлер жасай отырып жаңа оқу материалын бекіту жұмысын жүргізуге болады.

4.Компьютерлік технологиялар студенттердің өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі тануы, өзін-өзі жүзеге асыруы бағытында жұмыстар ұйымдастыруға жағдай жасайды. Бағдарламалық құралдардың әртүрлілігі студенттердің жаңа білімдерді, біліктерді, дағдыларды меңгеруіне, қиялын ұштап, тапқырлық, жасампаздық, шығармашылық қабілеттіліктерін көрсетуге де жағдай жасайды.

Бақылаудың ерекше түрі болып рефлексия (өзін-өзі бағалау) саналады. Студенттің сабаққа, пәнге деген қызығушылығы ол сабақтың табысты болуының 50%-н құрайды, сондықтан студенттердің сабаққа деген қызығушылығын айқындау мақсатындарефлексия қолданылады.

Рефлексияның 1-ші нұсқасы (жазбаша):

3 ұпай - мен түсіндім және маған өте қызықты болды

2 ұпай – мен сабақты түсіндім, бірақ кейбір тапсырмалар, жаттығулар қызықты емес

1 ұпай – мен сабақтағы кейбір материалдарды түсінген жоқпын, бірақ сабақ қызықты өтті

0 ұпай – мен ештене түсінген жоқпын және сабақ мен үшін қызықты болған жоқ

Рефлексияның 1І -ші нұсқасы (ауызша немесе жазбаша):

Әр студентке немесе топқа беруге болады.

Жаңа сабақтың мақсаты қандай болды?

Бұл тақырыпты өткенде қандай мәселені шештіңіз?

Қандай тұжырымдар жасадыңыз?

Қандай жұмыс түрлерін орындадыңыз?

Қай жұмыс түрлері сізге жаңа тақырыпты түсінуге көмектесті?

Жаңа тақырып қажет пе?

## 2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері

Студенттердің тұлға ретінде рухани-құлықтық жағынан дамытудың бірден бір тиімді факторы болашақ білім беру салалары мамандары болып табылатын кәсіптік оқыту бакалавры дәрежесін алатын студенттердің психологиялық-педагогикалық пәндерді тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдану негізінде оқып үйренуін ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, бұл пәндерден дәрістерде оқу материалының аксиологиялық, когнитивтік, іс-әрекеттік-шығармашылық және тұлғалық компоненттерін өзара байланысты қамти отырып, оқу тапсырмаларын орындату арқылы меңгерту мүмкіндігі бар. Мұндай оқу тапсырмаларын қолдану арқылы диалогтық негізде дәрістерді жүргізу студенттердің жаңа білімдерді меңгерудегі субъекттілік белсенділіктерін көтеруге жағдайлар жасауға болады.

Бұл жұмыстар студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда білімдерді тұлғалық-бағдарлы бағытта меңгеруін бүгінгі талаптарға сай жүргізуге тиісті жағдайлар жасауға көмектеседі.

Әдетте, педагогика ғылымы мен жаппай практикасында білімдерді келесі меңгеру деңгейлері бойынша анықтап отырады:

1-деңгей:Оқу тапсырмаларын қабылдай алмауы, түсінбеуі, қажетті қарапайым білімдердің болмауы;

2-деңгей:Қарапайым білімдер мен біліктерді еске түсіру арқылы немесе мағынасы бойынша қабылдау, тану, ажырату, қайта жаңғырту;

3-деңгей:Білімдерді өзгерген жағдайларда үлгі бойыншақолдана білу (көшірме білімдер);

4-деңгей:Жалпыланған білімдерді таныс емес жағдайларда тасымалдай қолдана білу («біліктік-білімдер»);

5-деңгей:Білімдерді әртүрлі жағдайларда қолдана білу, стандартты емес тапсырмаларды орындай білу («тасымал-білімдер»).

Осы сияқты педагогикалық практикада тағы бір меңгеру деңгейлері жіктелуі қолданылады. Ол жіктелу бойынша:

1-деңгей:қарастырылған құбылыстарды қабылдау, тану, айыра білу;

2-деңгей:білімдерді үлгі бойынша қолдана білу, білім және біліктерді жаңғырта білу;

3-деңгей:Түрлі жағдайларда білімдерді қолдана білу[66].

Екі жіктелу бойынша ортақ нәрсе:оқу материалын меңгеру білімдерді қабылдаудан қолдануға дейінгі деңгейлерді анықтайды да, қолдана білуге жеткізіп шектеледі.

Ал психологиялық-педагогикалық пәндерден сабақтарда тұлғалық бағдарлы оқыту технологиясы негізінде оқу материалын меңгеру қажетті білімдерді қолданумен ғана емес, оларды жекелеген құрамдық элементтерге талдай білу, ұқсастықтары мен ерекшеліктері бойынша жүйелей білу және зерттеліп отырған құбылыстарға қатысты өздерінің тарапынан бағалай білу деңгейіне дейін жеткізуге жағдай жасау мүмкіндігі бар. Демек, тәжірибе

жұмысы барысында білімдерді меңгеру деңгейін келесі схема бойынша анықтауға мән бердік:

Қабылдау→түсіну→қолдану→талдау→біріктіру→бағалау

Мұндай жүйемен оқу материалы меңгерілуін қамтамасыз ету студенттердің оқыту үдерісіндегі тұлғалық дамуын қамтамасыз ете алады.

Қазіргі талаптарға сәйкес тұлғалық даму төмендегідей көрсеткіштерді қанағаттандыруы қажет деп санаймыз:

1.Проблеманы көре білу;

2.Қарама-қайшылықтар мәнін анықтай білу;

3.Түрлі ситуацияларға қатысты нысандарды талдай білу: жетекші және көмекші нысандарды анықтай білу;

4.Басты белгілерді жіктей және анықтай білу;

5.Нақтыдан абстрактыға, фактілерден жалпылауға және керісінше өте білуі;

6.Қарастырылып отырған құбылыстарға баға бере білуі;

7.Теориялық мәнді қағидаларды нақты мәселелерді шешуде қолдана білуі.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдана отырып студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың моделін анықтауға болады. Бұл модель екі компоненттер тобынан тұруы мүмкін:функционалдық компоненттер және құрылымдық компоненттер.

Функционалдық компоненттер элементтері:

Мақсаттық;

Мазмұндық;

Процессуалдық;

Аналитикалық-нәтижелілік.

Құрылымдық компоненттерге кіретіндер:

Таным категориялары бойынша анықталған мақсаттар;

Оқу материалы компоненттері;

Оқу іс-әрекеті тәсілдері;

Оқу іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастыру деңгейлері;

Нәтиже:субъективтік белсенділік.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткеніндей, тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде психологиялық-педагогикалық пәндерден студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру барысында оқу материалын тұлғалық даму деңгейінде меңгеру бірқатар маңызды қабілеттіліктердің қалыптасуына алып келетіндігін байқадық. Бұл қабілеттіліктерге кіретіндер: танымдық қабілеттіліктер, шығармашылық қабілеттіліктер, кәсіби-педагогикалық қабілеттіліктер, коммуникативтік қабілеттіліктер.

Тұлғалық-бағдарлы технологиялық компоненттер негізінде студенттерде келесі танымдық қабілеттіліктер қалыптаса алады:

-меңгерілген білімдерді жаңа материалға қатысты тасымалдап қолдана білу;

-себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу;

-жасырын байланыстылықтарды көре білу;

-ақпаратты кіріктіре және біріктіре білу;

-ақпараттарды ұйымдастыра білу;

-ситуацияларды талдай білу;

-үдерісті де, оның нәтижесінде бағалай білу;

-салдарларды көре білу;

-негіздей және талқылай білу.

Оқу іс-әрекетін тұлғалық бағдарлы ұйымдастыруда қалыптасатын келесі құрамдық қабілеттіліктер – шығармашылық қабілеттіліктер:

-қарама-қайшылықтарды көре білу, оның негізінде мәселе қоя және тұжырымдай білу;

-идеялар мен байланыстарды топтастыра білу;

-альтернативтік жолдарды қолдана білу;

-дивергенттік ойлау біліктерін байқата білу:ұтқырлық, шапшаңдық, ерекшелік.

-кең ой-өрісін байқата білуі;

-үдеріс пен оның нәтижесінің әдемілігін сезіне білуі.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде қалыптасатын тағы бір маңыздысы кәсіптік-педагогикалық қабілеттіліктер:

-қарсы жақты түсіне білу;

-өз ойын басқаларға түсінікті жеткізе білу;

-әдептілікті сақтай білу;

-басқаларды өз ойына сендіре білу;

-педагогикалық ситуациялардан бағдар таба білуі;

-өз жұмысын талдап, қате-кемшіліктерін көре білу.

Сонымен бірге тұлғалық-бағдарлы оқыту сабақтарынан соң бірқатар коммуникативтік қабілеттіліктер қалыптасуы жүретіндігін байқауға болады. Мұндай қабілеттіліктер қатарына жататындар:

-басқа адамдармен контактыға түсе білу;

-ақпараттармен бірлесе жұмыс жасай білу;

-түрлі типті ақпараттар көздерінен алынған материалдарды біріктіре білу;

-алған психологиялық-педагогикалық білімдерін адамдармен қарым-қатынаста қолдана білу;

-басқа адамдарды қабылдай білу.

Агротехникалық университетте болашақ білім беру саласының мамандары ретінде кәсіптік оқыту бакалаврларына кәсіптік білім беру үдерісін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы негізінде ұйымдастыру барысында біз жоғарыда талданған қабілеттіліктерді дамыта отырып сабақ өткізудің студенттердің өмір сүруі, өндірістік өмірге кірісуіне, тұлғалық дамуына қажетті бірқатар жалпыланған оқу біліктерінің қалыптасуына оң әсер ететінін байқадық. Мұндай жалпыланған оқу біліктеріне жататындар: Интеллектуалдық біліктер, ұйымдастырушылық біліктер, коммуникативтік біліктер. Осы біліктердің қалыптасу деңгейі көп жағдайда студенттердің оқу сабақтарындағы іс-әрекеттерінің тиімділігін көрсете алады. Сондықтан біз кәсіптік білім беретін психологиялық-педагогикалықпәндер бойынша сабақтарды бүгінгі күнгі

талаптарға сай ұйымдастыра отырып, кәсіби біліктіліктерін арттыруға зор үлес қосатын білік, дағдыларды меңгеру деңгейін анықтау бағытында жұмыстар жасадық.

Тәжірибе барысында анықталатын интеллектуалдық біліктер мен дағдылар:

1.Қабылдау

1.1Ауызша нұсқауды қабылдай алады

1.2Жазбаша нұсқауды қабылдауы

2Ақпаратты интеллектуалдық өңдеу

2.1Ұсынылған ақпараттан ең негізгісін бөліп көрсете алуы

2.2Оқу материалында ең бастысын көрсете алуы

2.3Интеллектуалдық іс-әрекет қарқыны

3Интеллектуалдық іс-әрекет нәтижелілігі

3.1Нәтиже ала алады

3.2Нәтижені талдауға ұсына алады

4Жұмыс нәтижесін өзі бағалай алады

5Оқыту бағдарламасы талаптарына сәйкес орындай алады.

Кәсіптік білім беруде педагогикалық-психологиялық пәндерді оқытуды тұлғалық-бағдарлы технология негізінде келесі назар аударылатыны – студенттердің ұйымдастыру біліктері мен дағдылары қалыптасуы болып табылады. Ұйымдастыру біліктері мен дағдыларына кіретіндер:

1.Тапсырманы жоспарлай білуі

2.Сұрақтар қоя білуі

3.Жоспарға сай орындай білуі

4.Нәтижеге қол жеткізе білуі

5.Алынған нәтижені тексере білуі

6.Көмек қажет ете білуі.

Келесі басты назарда ұстайтын жалпыланған оқу біліктері - коммуникативтік біліктер.

Олар:

1.Өз ойларын тұжырымдау

2.Пікірталасқа қатыса білуі

3.Дұрыс сұрақ қоя білуі

4.Қарсылас жақтың пікіріне дұрыс ой қоса білуі

5.Өз позициясын ұстай білуі

6.Алынған нәтижеге байланысты позициясын өзгерте білуі

7.Топ шешіміне бағына білуі

Осы параметрлер негізінде біз психологиялық-педагогикалықпәндерді оқыту барысында тұлғалық оқыту технологиясын қолданудың тиімділігін анықтауға болады деп санаймыз.

Ізденіс жұмысы барысында жасалған әдістемелер негізінде бірнеше психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша сабақтарды оқытуды тұлғалық бағдарлы оқыту технологиясы бойынша жүргізу барысында оның тиімділігін

жоғарыда талданған қабілеттіліктерін қалыптастыру жұмыстарымен ұштастырдық.

Біздің жүргізген зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесі кәсіптік білім беру барысында психологиялық-педагогикалық пәндерді оқыту үдерісінде студенттердің оқу іс-әрекетінде қабілеттіліктерін қалыптастыруда бірқатар шешілмеген мәселелер бар екендігін көрсетті. Айталық, бұл қабілеттіліктерді қалыптастыруға тиісті көңіл бөлінбеуі олардың оқу пәндерін меңгере отырып, тұлғалық дамуына тікелей әсері бар субъективтілік белсенділігі дәрежесі төмендігін байқалтты. Сондықтан тәжірибелік зерттеулер жүргізу үшін келесі тұжырымды жасадық: психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын ұштастыра қолдана отырып студенттердің тұлғалық дамуын қамтамасыз етететін субъективтілік белсенділігін көтеруге болады.

Аграрлық оқу орнындағы кәсіптік педагогтарды дайындаудағы психологиялық-педагогикалық пәндерді оқыту барысында тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдану мүмкіндіктері анықталып, оларды тәжірибеде қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар дайындалды. Осы нұсқаулар бойынша жұмыс жүргізуде анықтаушы тәжірибе жүргізілді.

Тәжірибе алдында студенттердің субъекттілік белсенділіктерін жоғары, орта, төмен деп бөліп көрсету көрсеткіштерін негізге алдық.

Тәжірибе жүргізу үшін екі топты: КО-201 тобы бақылау және КО-202 тобын тәжірибе тобы ретінде белгілеп алдық. КО-201 тобында 25 студент, ал КО-202 тобында 27 студент оқиды.

Табиғи жағдайда тәжірибе жүргізуді жоспарлай отырып, топтардағы студенттердің субъекттілік белсенділігі деңгейін анықтап алу мақсатында тесттік жұмыстар жүргізілді. Тест бойынша нәтижелер төмендегі кестеде келтіріліп отыр.

Кесте 4 –Тәжірибеге дейінгі студенттердің субъекттілік белсенділігі байқалу деңгейлері

| Топтар | Субъекттілік деңгейлері | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жоғары | | орта | | төмен | |
| | саны | % | саны | % | саны | % |
| БТ | 2 | 7 | 5 | 21 | 18 | 69 |
| ТТ | 2 | 7 | 5 | 23 | 19 | 70 |

Тесттік жұмыстың нәтижесінде екі топтада студенттердің басым бөлігінің субъекттілік белсенділігі төмен деңгейде екендігін байқадық, айталық бақылау тобында бұл көрсеткіш 69%-ды, ал тәжірибелік топта 70%-ды көрсетіп отыр.

Зерттеулер көрсетіп отырғанындай студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда олардың субъектілік белсенділік деңгейлерін көтеру бағытында

жұмыстар жүргізуді тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолданудың өзіміз негіздеген бейне ерекшеліктеріне сай жүргізілуі дұрыс деп санадық.

Тәжірибе жұмысының келесі кезеңі тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын барлық құраушы элементтерін қамти отырып, жаңа заман талаптарына сай интерактивтік оқыту құралдарымен, электрондық оқыту құралдарымен ұштастыра отырып, жаңаша қолдануға қатысты дайындалған әдістемелік нұсқаулар негізінде жұмыстар жүргізумен жалғастырдық. Анықтап айтқанда, бақылау тобында дәстүрлі түрде оқыту жүргізілген болса, тәжірибелік топта өзіміздің тұжырымдаған анықтамамызға сай әдістеме бойынша студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырдық.

Қалыптастырушы тәжірибе кезеңінде дайындалған әдістемелік нұсқаулар негізінде тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдану арқылы студенттердің субъект ретіндегі белсенділік дәрежесін көтеруге әсер ететін




Субъектілік белсенділік деңгейлері

Сурет 1–Субъекттілік белсенділік деңгейлерінің тәжірибеге дейінгі қалыптасуының салыстырмалы нәтижелері

қабілеттіліктерді қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргіздік. Бұл олардың субъекттілік белсенділіктерін көтеруге оң әсер ететінін тағы да тесттік жұмыстар арқылы анықтадық. Бұл тесттік жұмыстардың нәтижесі келесі кестеде келтіріліп отыр.

Кесте 5– Тәжірибеден кейінгі студенттердің субъекттілік белсенділігі байқалу деңгейлері

| Топта | Субъекттілік деңгейлері |
|---|---|

| р | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жоғары | | орта | | төмен | |
| | сан ы | % | сан ы | % | сан ы | % |
| БТ | 3 | 12 | 7 | 28 | 15 | 60 |
| ТТ | 7 | 27 | 16 | 60 | 4 | 13 |

Бұл жерден көріп отырғанымыздай, студенттердің оқу іс-әрекетін біздің анықтаған тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары негізінде ұйымдастыру бейнесіне сәйкес жүргізу олардың субъекттілік белсенділіктерін айтарлықтай деңгейге көтеру мүмкіндігін бергендігін байқауға болады. Оны төменде келтірілген диаграммадан байқауға болады.




Сурет 2 –Субъекттілік белсенділік деңгейлерінің тәжірибеден кейінгі қалыптасуының салыстырмалы нәтижелері

Диаграммадан көріп отырғанымыздай, тәжірибелік топта субъектілік белсенділігі төмен студенттер пайызы бақылау тобына қарағанда 47% төмендесе, жоғары деңгейге жеткен студенттер пайызы 15 артты. Бұл біздің анықтаған тәжірибелік топтағы студенттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары негізінде ұйымдастыру бейнесінің тиімділігін көрсетеді.

Сонымен тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізу барысында психологиялық-педагогикалық пәндерді оқып үйренуде стіденттердің оқу іс-әрекетін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдану негізінде

ұйымдастыру олардың субъектілік белсенділігін арттырады, бұл өз кезегінде олардың тұлғалық дамуына алып келетін бірден бір жол болып табылады және соның нәтижесінде оқу материалын меңгеру сапасы артады.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі кезде тұлғалық-бағдарлы білім беруге көшу жағдайларында студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мәселесі жаңа сипатқа ие болатындығына байланысты білім беру жүйесінде жиі қолданылатын көптеген негізгі ұғымдардың мәні мен мазмұны теорияда да, тәжірибеде де қайта анықталуы қажеттілігі туындап отыр. Оның ішінде, тұлғалық-бағдарлы білім берудің ізгіліктік идеяларына сай «оқу іс-әрекеті», «оқу іс-әрекетінің педагогикалық шарттары» ұғымдарының жаңаша түрленуіне байланысты оқу іс-әрекетін ұйымдастыру маңызын, құрылымын және мазмұнын қайта анықтап, толықтырулар енгізілуі қажет.

